Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Жер ресурстарын басқару комитеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
2025 ЖЫЛҒЫ ЖЕР ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ

ЖИЫНТЫҚ ТАЛДАМАЛЫ ЕСЕБІ

Астана, 2025 жыл

Құрастырушылар:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Жер ресурстарын басқару комитетінен:
М.Б. Теміржанов, Каженов М.А., Д.Е. Бижанов, М.М. Мукашева ,
М.Д. Рамазанов, А.С. Смагулова, А.М. Байсеитов, М.С. Сарсенова,
Қ.М. Тонтаев, М.А. Мырзахметова, І.Ж. Амантай

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау
жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
(«ЖерЗЖМИ» РМК)-дан: Г.А. Бимендина, К.У. Райымбеков, Ж.К. Каржанова,
Д.Б. Иманкулов, Б.К. Кожанова, М.Б. Омаров, О. Қазбекұлы

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму
министрлігінің Геодезия және картография департаментінен
Қ.А. Бекмұқашев, Л.С. Сатыбалдина, Б.Ж. Сағындық, М.Е. Әбдіғали,
Ж.М. Кереева, А.И. Алдаш.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігінің «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік
корпорациясы» КЕАҚ-тан:
А.Ш. Кенжегалиев, Г.А. Каркинбаев, Е.Б. Сүлейменов, Б.Т. Жылкыбеков,
Г.С. Шаханова, С.К. Байжуманова, Ж.К. Игенбаев, А.А. Беймбетов,
А.Д. Крыкпаева, А.Б. Жупарбеков, М.Н. Стамбекова

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 5

1. Қазақстан Республикасының жер қоры 6

1.1. Әкімшілік-аумақтық құрылысы және жер қорын облыстар бойынша бөлу 6

1.2. Жер қорын жер санаттары бойынша бөлу 16

1.3. Жер қорының алқаптар бойынша құрамы 54

1.4. Суармалы жерлер және оларды пайдалану 73

1.5. Жер қорын табиғи аймақтар бойынша бөлу 84

2. Жердің сапалық жағдайы 87

2.1. Топырақ сипаттамасы 87

2.2. Шабындық мен жайылымның дақылдық-техникалық жағдайы 92

2.3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту 104

2.4. Жердің тозуы 110

2.4.1 Эрозиялық процестер 110

2.4.2. Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы жерлерінің деградациясының құрылымы мен түрлері 111

2.4.3. Жер тозудың алдын алу шаралары 113

2.4.4. Қазақстан Республикасындағы бұзылған және бүлінген жерлерді анықтау және қалпына келтіру жөніндегі негізгі жобалар 113

2.4.5. Бұзылған жерлер 114

3. Жер қатынастары 116

3.1. Жерді меншік нысандары бойынша бөлу 116

3.2. Шаруашылық жүргізу нысандары бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді бөлу 125

3.3. Жер нарығын дамыту және жер үшін төлемдер 132

4. Жер ресурстарын басқаруды қамтамасыз ету 139

4.1. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу 139

4.2. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі 141

4.3. Жерге орналастыру 148

4.4 Топырақ зерттеулері 153
4.5. Геоботаникалық зерттеулер 156
4.6. Топырақты бонитеттеу 159
4.7. Жер мониторингін жүргізу 160
4.8. Тозудың электрондық карталарын жасау (тұздылықты қоса алғанда) 164
4.9. Агрохимиялық зерттеу 165

5. Геодезия және картография 167
5.1. Геодезиялық және картографиялық жұмыстар 167
5.2. Ауыл шаруашылық картографиялау 169
5.3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялау, демаркациялау және редемаркациялау 175

6. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау 177
7. Жергілікті атқарушы органдардың қабылданған шешімдерін бақылау 178
8. Халықаралық ынтымақтастық 180
9. Жер қатынастарын реттеу және жер ресурстарын бақылауды құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру 183
10. Жер ресурстарын басқаруды жетілдірудің проблемалары мен негізгі бағыттары 289

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жыл сайынғы жиынтық талдамалы есепті (бұдан әрі - Есеп) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Қазақстан Республикасының жер кодексіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №160 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу қағидаларына, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті әзірлеген жер балансы бойынша ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 10 наурыздағы № 25 бұйрығына сәйкес дайындады.

Есепке қажетті бастапқы ақпарат ретінде, жерді мемлекеттік есепке алу мәліметтері, Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдар ұсынған облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жер баланстары, жер кадастры мен жер мониторингінің деректері, жерді пайдалану мен қорғауды, жер заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау нәтижелері, жерді пайдалануға байланысты әр түрлі министрліктер мен ведомстволардың ақпараты алынды.

Есепте елдің жер қоры, жер санаттары, онын алқаптар мен меншік нысандары бойынша бөлінуі, жер алқаптарының сандық және сапалық жай-күйінің өзгеруі туралы негізгі мәліметтер қамтылған.

Жер ресурстарын басқаруды қамтамасыз ету, мемлекеттік жер кадастрын және оның автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізу, жер мониторингі және жерге орналастыру, зерттеу, геодезиялық және картографиялық, жер-бағалау және басқа да жұмыстарды орындау бойынша жүргізілген іс-шаралар баяндалған.

Геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласының жұмысы және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялау, демаркациялау және редемаркациялау бойынша жүргізіліп отырған іс-шаралар туралы мәліметтер келтіріледі.

Жер ресурстарын басқаруды құқықтық қамтамасыз ету және жер қатынастарын реттеу, жерге орналастыру, жер кадастры, геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері

қаралды.

Республиканың жер қорын пайдалану мен қорғаудың тиімділігін арттыру, жер ресурстарын басқаруды жетілдіру жөніндегі негізгі бағыттар белгіленді.

Осы есептің материалдары мен мәліметтерін мемлекеттік жер саясаты мәселелерін шешу кезінде мемлекеттік органдар, республикалық және өңірлік ведомстволар, жерді пайдалану және қорғау ұйымдары пайдалана алады. Есеп Жергілікті атқарушы органдарға, мүдделі заңды және жеке тұлғаларға жерді жақсарту, топырақ құнарлылығын арттыру, ландшафттардың тұрақтылығын сақтау бойынша шаралар кешенін әзірлеу кезінде ақпараттық көмек көрсете алады.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ҚОРЫ

1.1. Әкімшілік-аумақтық құрылыс және жер қорын облыстар бойынша бөлу

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығының орталығындағы екі құрлықтың түйіскен жерінде орналасқан, оның алаңы 272,5 млн га. республика аумағының бір бөлігі Еуропада, негізгі бөлігі Азияда орналасқан. Жер алаңы бойынша Қазақстан әлемдегі ең ірі мемлекеттердің ондығына кіреді, ал жан басына шаққандағы жермен қамтамасыз ету деңгейі бойынша әлемде Австралия мен Канададан кейін үшінші орында тұр.

Қазақстан Республикасы шекаралас мемлекеттермен құрлықтағы мемлекеттік шекарасының ұзындығы 13 383 км, оның ішінде Ресей Федерациясымен – 7 548 км, Өзбекстан Республикасымен – 2 351 км, Қытай Халық Республикасымен – 1 783 км, Қырғыз Республикасымен – 1 242 км, Түрікменстан Республикасымен – 459 км құрайды.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының жүйесіне әкімшілік-аумақтық бірліктер: ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс кіреді.

Республикалық және жергілікті мүдделерді оңтайлы ұштастыру негізінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағы екі негізгі санатқа – өңірлерге және елді мекендерге бөлінеді.

Өңір – республиканың мүддесі үшін құрылған және басқарылатын бірнеше елді мекендерді қамтитын республика аумағының бөлігі.

Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ өңірлер болып табылады.

Облыс облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардан тұрады.

Аудан халқының жалпы саны 300 мың адамнан аспайтын аудандық маңызы бар қалалардан, ауылдардан, кенттерден, ауылдық округтерден тұрады.

Ауылдық округ жалпы халқының саны кемінде 500 адамды құрайтын екі немесе одан да көп ауылдық елді мекеннен тұрады.

Елді мекен – Қазақстан Республикасы аумағының халық жинақы орналасқан, халық саны кемінде 50 адам болатын, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен есепке алынған және тіркелген әрі жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі.

Халқының саны 50 адамнан аз шаруа қоныстары мен өзге де қоныстар ең жақын маңдағы елді мекеннің құрамына енгізіледі.

Қазақстан Республикасы аумағындағы елді мекендер қалалық және ауылдық елді мекендерге бөлінеді.

Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығындағы кенттер қалалық елді мекендерге жатады; өздерінің әкімшілік бағыныстылығына қарамастан, барлық басқа елді мекендер ауылдық елді мекендерге жатады.

Елді мекендердің құрамдас бөліктері болады.

Шағын аудандар, қаладағы аудандар, алаңдар, даңғылдар, бульварлар, көшелер, тұйық көшелер, саябақтар, скверлер, көпірлер және басқа да бөліктер елді мекендердің құрамдас бөліктері болып табылады.

Халқының саны 400 мың адамнан асатын облыстық маңызы бар қаладағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан қаладағы аудан болып табылады. Қала ішіндегі аудан халқының саны кемінде 200 000 адам болуы тиіс.

Қалалар мен басқа елді мекендер бөлінеді:

1) республикалық маңызы бар қалалар, оларға ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе халқының саны бір миллион адамнан асатын елді мекендер жатады;

2) облыстық маңызы бар қалалар, оларға ірі экономикалық және мәдени

орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер жатады;

3) аудандық маңызы бар қалалар, оларға аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер жатады;

4) кенттер, оларға халқының саны кемінде 3 мың адам болатын елді мекендер жатады.

Халық саны кемінде 2 мың болатын, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де кенттерге теңестіріледі. Оларға азаматтардың жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттері де жатады;

5) ауылдар – халқының саны кемінде 50 адам болатын елді мекендер.

Жер қорының облыстар бойынша жер алаңы, әкімшілік аудандар мен елді мекендердің саны 1-кестеде көрсетілген.

Бекітілген жер алаңы бойынша Ақтөбе (30,1 млн га), Қарағанды (23,9 млн га) және Қызылорда (22,6 млн га) облыстары республиканың ең ірі өңірлер болып табылады. Республика бойынша ең аз алаңы бар өңірлер Шығыс Қазақстан (9,8 млн га), Солтүстік Қазақстан (9,8 млн га), Алматы (10,5 млн га), Түркістан (11,6 млн га), Жетісу (11,9 млн га) және Атырау (11,9 млн га) облыстары.

2025 жылғы 1 қарашадағы Жер балансының деректері бойынша Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесіне 17 облыс және республикалық маңызы бар 3 қала, 170 әкімшілік аудан және 42 облыстық маңызы бар қала, 48 аудандық маңызы бар қала, 90 кент, 6 103 ауыл, 2 278 ауылдық және кенттік округтер кіреді.

Қазіргі уақытта Абай облысына 10 әкімшілік аудан және 2 облыстық маңызы бар қала (Семей қ., Курчатов қ.), 134 ауылдық және 2 кенттік округтар кіреді. Облыста 326 елді мекен бар: Семей және Курчатов қалалары, 2 аудандық маңызы бар қала (Аягөз, Шар), 2 кент (Шүлбі, Шаған) және 320 ауыл.

1-кесте

2025 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша жер алаңы, әкімшілік аудандар мен елді мекендердің саны

Облыстардың атауы	Жер алаңы, мың га	Әкімшілік-аумақтық бірліктер саны					
		аудандар (қалалардағы аудандарсыз)	республикалық және облыстық маңызы бар қалалар	аудандық маңызы бар қалалар	кенттер	ауылдар	селолық және кенттік округтер
Абай	18 547,7	10	2	2	2	320	136
Ақмола	14 613,2	17	3	8	10	584	228
Ақтөбе	30 062,9	12	1	7	2	313	135
Алматы	10 508,9	9	2	3	1	365	131
Атырау	11 863,1	7	1	1	4	149	67
Шығыс Қазақстан	9 785,9	11	2	4	4	341	105
Жамбыл	14 427,5	10	1	3	2	364	153
Жетісу	11 846,0	8	2	4	-	350	112
Батыс Қазақстан	15 133,9	12	1	1	3	404	150
Қарағанды	23 904,6	7	6	2	26	318	163
Қостанай	19 600,1	16	4	2	7	488	195
Қызылорда	22 601,9	7	2	2	11	225	144
Маңғыстау	16 564,2	5	2	1	-	59	34
Павлодар	12 464,5	10	3	-	4	351	126
Солтүстік Қазақстан	9 799,3	13	1	4	-	589	186
Түркістан	11 609,4	14	3	4	8	812	178
Ұлытау	18 893,6	2	3	-	6	71	35
Алматы қ.	68,3	-	1	-	-	-	-
Астана қ.	79,7	-	1	-	-	-	-
Шымкент қ.	116,3	-	1	-	-	-	-
Барлығы (аумақ)	**272 491,0**	**170**	**42**	**48**	**90**	**6 103**	**2 278**

Ескертпе: облыстар бойынша ауылдық (селолық) округтердің саны Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2025 жылғы 1 қазанға келтірілген.

Есепті кезеңде облыста Ақсуат ауданындағы 2 ауыл – Екпін ауылдық округінің Көкжал және Қызбай ауылдары жабылды (Абай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 31 қазандағы №214 бірлескен қаулысы және Абай облыстық мәслихатының 2024 жылғы 4 қарашадағы №20/139-VIII шешімі) және Аягөз ауданындағы 3 ауылы - Тарбағатай ауылдық округінің Ортаарал мен Ақшоқы ауылдары - және Нарын ауылдық округінің Ай ауылы жабылды (бірлескен Абай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 ақпандағы №43 қаулысы және Абай облыстық

мәслихатының 2024 жылғы 20 ақпандағы №13/93-VIII шешімі).

Ақмола облысына 17 әкімшілік аудан және 3 облыстық маңызы бар қала (Көкшетау, Степногорск, Қосшы), 187 ауылдық округ, 34 ауылдық әкімшілік, 7 кенттік округ кіреді. Облыста 605 елді мекен бар: Көкшетау, Степногорск және Қосшы қалалары, 8 аудандық маңызы бар қала (Аққөл, Атбасар, Макинск, Степняк, Есіл, Державинск, Щучинск, Ерейментау), 10 кент (Станционный, Шантөбе, Заводской, Ақсу, Бестөбе, Аршалы, Красногорский, Шортанды, Научный, Бурабай) және 584 ауыл.

Ақтөбе облысына 12 әкімшілік аудан және 1 облыстық маңызы бар қала (Ақтөбе), 132 ауылдық округ, 2 ауылдық әкімшілік және 1 кенттік округ кіреді. Облыста 323 елді мекен бар: Ақтөбе қаласы, 7 аудандық маңызы бар қала (Алға, Қандыағаш, Ембі, Жем, Темір, Хромтау, Шалқар), 2 кент (Шұбарқұдық, Шұбаршы) және 313 ауыл.

Алматы облысына 9 әкімшілік аудан және 2 облыстық маңызы бар қала (Қонаев, Алатау), 130 ауылдық және 1 кенттік округ кіреді. Облыста 371 елді мекен бар: Қонаев және Алатау қалалары, 3 аудандық маңызы бар қала (Талғар, Қаскелең, Есік), 1 кент (Боралдай) және 365 ауыл.

«Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 411 бірлескен қаулысы және Алматы облыстық мәслихатының 2023 жылғы 24 қарашадағы № 9- 54 шешіміне сәйкес Іле ауданының Жетіген ауылдық округінің құрамына (Жетіген, Құйған, Жаңаарна, Еңбек ауылдарынан тұрды) Талғар ауданының Дәулет және Қайрат ауылдары, Қонаев қаласының Заречный ауылдық округінің Арна мен Заречный ауылдары, Іле ауданының Байсеркі ауылдық округінің Қоянқұс, Ынтымақ, Жаңадәуір, Жаңаталап ауылдары қосылды. Осыдан кейін Іле ауданының Жетіген ауылдық округі Жетіген ауылы болып қайта құрылды, ол облыстық маңызы бар қалалар санатына жатқызылып, атауы Алатау қаласы болып өзгертілді.

Атырау облысына 7 әкімшілік аудан және 1 облыстық маңызы бар қала (Атырау), 63 ауылдық және 4 кенттік округ кіреді. Облыста 155 елді мекен бар: Атырау қаласы, 1 аудандық маңызы бар қала (Күлсары), 4 кент (Жаңа Қаратон, Индербор, Мақат, Доссор) және 149 ауыл.

Шығыс Қазақстан облысына 11 әкімшілік аудан және 2 облыстық маңызы бар қала (Өскемен, Риддер), 102 ауылдық округ, 2 ауылдық әкімшілік және 1 кенттік

округ кіреді. Облыста 351 елді мекен бар: Өскемен және Риддер қалалары, 4 аудандық маңызы бар қала (Алтай, Серебрянск, Зайсан, Шемонаиха), 4 кент (Жаңа Бұқтырма, Огневка, Ульба, Ульбастрой) және 341 ауыл.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 424 Жарлығымен Қатонқарағай ауданының әкімшілік орталығы Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Үлкен Нарын ауылынан Қатонқарағай ауылына көшірілді. Шығыс Қазақстан облысының құрамында жаңа аудандар құрылды: Қатонқарағай ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Үлкен Нарын ауылында орналасатын Үлкен Нарын ауданы және Күршім ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Марқакөл ауылында орналасатын Марқакөл ауданы.

Есепті кезеңде облыста Алтай ауданындағы 3 ауыл – Соловьевский ауылдық округінің Ленин ауылы, Малеевский ауылдық округінің Ландман ауылы, Парыгинский ауылдық округінің Кутиха ауылдары және Шемонаиха ауданындағы 2 елді мекен – Усть-Талов ауылдық округінің Заречное ауылы, Каменевский ауылдық округінің Рулиха станциясы жабылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 13 қазандағы № 257 бірлескен қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 15 қазандағы № 24/197- VIII шешімі).

Жамбыл облысына 10 әкімшілік аудан және 1 облыстық маңызы бар қала (Тараз), 150 ауылдық округ және 3 ауылдық әкімшілік кіреді. Облыста 370 елді мекен бар: Тараз қаласы, 3 аудандық маңызы бар қала (Жаңатас, Қаратау, Шу), 2 кент (Гвардейск, Гранитогорск) және 364 ауыл.

Жетісу облысына 8 әкімшілік аудан және 2 облыстық маңызы бар қала (Талдықорған, Текелі), 112 ауылдық округ кіреді. Облыста 356 елді мекен бар: Талдықорған және Текелі қалалары, 4 аудандық маңызы бар қала (Жаркент, Сарқан, Үшарал, Үштөбе) және 350 ауыл.

Есепті кезеңде Панфилов ауданында Жаскен ауылдық округі таратылды және 2 ауыл – Жаскен ауылдық округінің Н. Головацкий ауылы және Талды ауылдық округінің Жерұйық ауылы жабылды – олар Жаркент қаласының құрамына кірді (Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 наурыздағы № 14 бірлескен қаулысы және Жетісу облыстық мәслихатының 2025 жылғы 28 наурыздағы № 26-160

шешімі).

Батыс Қазақстан облысына 12 әкімшілік аудан және 1 облыстық маңызы бар қала (Орал), 147 ауылдық және 3 кенттік округ кіреді. Облыста 409 елді мекен бар: Орал қаласы, 1 аудандық маңызы бар қала (Ақсай), 3 кент (Зачаганск, Деркул, Круглозерное) және 404 ауыл.

Есепті кезеңде облыста Сырым ауданында 8 ауыл жабылды – Шолақанты ауылдық округінің Сегізүй ауылы, Жосалы ауылдық округінің Кенашы және Былқылдақ ауылдары, Бүлдірті ауылдық округінің Жарқамыс ауылы, Сарыой ауылдық округінің Қызылтаң және Жаңақоныс ауылдары, Жетікүл ауылдық округінің Агоба және Қарақұдық ауылдары (БҚО әкімдігінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 351 бірлескен қаулысы және облыстық мәслихатының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 16-4 шешімі).

Қарағанды облысына 7 әкімшілік аудан және 6 облыстық маңызы бар қала (Қарағанда, Балқаш, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск), 132 ауылдық округ, 5 ауылдық әкімшілік, 26 кенттік округ кіреді. Облыста 352 елді мекен бар: 6 облыстық маңызы бар қалалары, 2 аудандық маңызы бар қала (Абай, Қарқаралы), 26 кент (Топар, Қарабас, Южный, Гүлшат, Сарышаған, Шашубай, Ботақара, Қушоқы, Г. Мустафин, Шахан, Долинка, Новодолинка, Ақтас, Саяқ, Ақтау, Қарағайлы, Шұбаркөл, Нұра, Осакаровка, Молодежный, Ағадыр, Ақжал, Ақшатау, Мойынты, С. Сейфуллин, Дарьинский) және 318 ауыл.

Есепті кезеңде облыста Шет ауданы Қәрім Мыңбаев ауылдық округінің Жамбыл кенті жабылды («Қарағанды облысы Шет ауданы Жамбыл кентінің таратылуы туралы» Қарағанды облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 91/02 бірлескен қаулысы және Қарағанды облысы мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 123 шешімі).

Қостанай облысына 16 әкімшілік аудан және 4 облыстық маңызы бар қала (Қостанай, Рудный, Лисаковск, Арқалық), 152 ауылдық округ, 36 ауылдық әкімшілік, 7 кенттік округ кіреді. Облыста 501 елді мекен бар: 4 облыстық маңызы бар қалалары, 2 аудандық маңызы бар қала (Жітіқара, Тобыл), 7 кент (Қашар, Горняцкий, Октябрьский, Құсмұрын, Қарабалық, Сарыкөл, Тобыл) және 488 ауыл.

Қызылорда облысына 7 әкімшілік аудан және 2 облыстық маңызы бар қала (Қызылорда, Байқоңыр), 134 ауылдық және 10 кенттік округ кіреді. Облыста 240 елді мекен бар: Қызылорда және Байқоңыр қалалары, 2 аудандық маңызы бар

қала (Арал, Қазалы), 11 кент (Сексеуіл, Жақсықылыш, Әйтеке-би, Жосалы, Жалағаш, Тереңөзек, Шиелі, Шалқия, Жаңақорған, Белкөл, Тасбөгет) және 225 ауыл.

Маңғыстау облысына 5 әкімшілік аудан және 2 облыстық маңызы бар қала (Ақтау, Жаңаөзен), 34 ауылдық округ кіреді. Облыста 62 елді мекен бар: Ақтау және Жаңаөзен қалалары, 1 аудандық маңызы бар қала (Форт Шевченко) және 59 ауыл.

Есепті кезеңде облыста Жаңаөзен қаласы Рахат ауылының оңтүстік-шығысында жаңа Кендірлі ауылы құрылды («Кендірлі ауылын құру туралы» Маңғыстау облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 39/463 шешімі және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 246 бірлескен қаулысы).

Павлодар облысына 10 әкімшілік аудан және 3 облыстық маңызы бар қала (Павлодар, Ақсу, Екібастұз), 118 ауылдық округ, 4 ауылдық әкімшілік, 4 кенттік округ кіреді. Облыста 358 елді мекен бар: Павлодар, Ақсу және Екібастұз қалалары, 4 кент (Атамекен, Шідерті, Солнечный, Майқайың) және 351 ауыл.

Солтүстік Қазақстан облысына 13 әкімшілік аудан және 1 облыстық маңызы бар қала (Петропавл), 186 ауылдық округ кіреді. Облыста 594 елді мекен бар: Петропавл қаласы, 4 аудандық маңызы бар қала (Булаев, Мамлютка, Тайынша, Сергеевка) және 589 ауыл.

Есепті кезеңде облыста «Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 20/3 және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 415 бірлескен шешімі мен қаулысы негізінде 45 ауыл жабылды: Аққайың ауданы - Полтава ауылдық округінің Лесные Поляны ауылы, Власов ауылдық округінің Сенное ауылы, Иванов ауылдық округінің Үлгі ауылы; Есіл ауданы - Амангелді ауылдық округінің Калиновка ауылы, Заградовка ауылдық округінің Славянка ауылы, Заречный ауылдық округінің Алқа және Гурьяновка ауылы, Петров ауылдық округінің Жекекөл және Оседлое ауылы, Бесқұдық ауылдық округінің Тамамбай ауылы, Корнеевка ауылдық округінің Новоузенка ауылы; Жамбыл ауданы - Жамбыл ауылдық округінің Суаткөл және Амангелді ауылы, Мирный ауылдық округінің Рождественка ауылы, Благовещенка ауылдық округінің Богдановка ауылы, Троицк ауылдық округінің Орталық ауылы, Преснoредут ауылдық округінің Ястребинка ауылы; Мағжан

Жұмабаев ауданы - Конюхов ауылдық округінің Камышлов ауылы, Возвышен ауылдық округінің Изобильное және Алуа ауылы, Бастомар ауылдық округінің Екатериновка ауылы, Таман ауылдық округінің Сейфолла ауылы, Аққайың ауылдық округінің Мичурин ауылы; Қызылжар ауданы - Виноградов ауылдық округінің Исаковка ауылы, Бугров ауылдық округінің Краснопуровка ауылы; Мамлют ауданы - Белов ауылдық округінің Сливное ауылы, Новомихайлов ауылдық округінің Катанай ауылы, Пригородный ауылдық округінің Красный Октябрь ауылы және 2 591 км аялдама пункті, Станов ауылдық округінің Новоукраинка ауылы; Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы - Возвышен ауылдық округінің Құйған ауылы, Червонный ауылдық округінің Ұзынкөл ауылы; Тайынша ауданы - Киров ауылдық округінің Восточное, Мирное және Трудовое ауылы, Красная Поляна ауылдық округінің Глубокое ауылы, Рощинское ауылдық округінің Комсомольское ауылы, Чермошнян ауылдық округінің Теңіз ауылы; Тимирязев ауданы - Ақжан ауылдық округінің Приозерное ауылы Докучаевка ауылдық округінің Северное ауылы; Уәлиханов ауданы - Бидайық ауылдық округінің Жұмысшы ауылы, Көктерек ауылдық округінің Қарамырза ауылы, Қаратерек ауылдық округінің Малқара ауылы; Шал ақын ауданы - Юбилейный ауылдық округінің Құртай ауылы, Юбилейный ауылдық округінің Тельманово ауылы.

Түркістан облысына 14 әкімшілік аудан және 3 облыстық маңызы бар қала (Түркістан, Кентау, Арыс), 170 ауылдық округ, 3 ауылдық әкімшілік, 5 кенттік округ кіреді. Облыста 827 елді мекен бар: Түркістан, Кентау және Арыс қалалары, 4 аудандық маңызы бар қала (Сарыағаш, Жетісай, Ленгер, Шардара), 8 кент (Асықата, Мырзакент, Атакент, Састөбе, Көктерек, Таукент, Қыземшек, Түлкібас) және 812 ауыл.

Есепті кезеңде облыста 6 ауыл жабылды – Мақтаарал ауданы Жаңажол ауылдық округінің Найман Бұқарбай ауылы, Шардара ауданы Жаушықұм ауылдық округінің Бағыскөл ауылы (Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 204 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы мәслихатының 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 12/163-VIII шешімі), Созақ ауданы Құмкент ауылдық округінің Қызылқанат ауылы, Созақ ауылдық округінің Шақырық ауылы, Шолаққорған ауылдық округінің Теріскей және Жеткіншек ауылдары (Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 269 бірлескен қаулысы және Түркістан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 14/190-VIII

шешімі).

Ұлытау облысына 2 әкімшілік аудан (Жаңаарқа, Ұлытау) және 3 облыстық маңызы бар қала (Жезқазған, Қаражал, Сатпаев), 28 ауылдық және 7 кенттік округ кіреді. Облыста 80 елді мекен бар: Жезқазған, Қаражал және Сатпаев қалалары, 6 кент (Жезды, Қарсақпай, Ақтас, Қызылжар, Жаңаарқа, Жайрем) және 71 ауыл.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы 1-суретте көрсетілген.

1-сүрет

Қазақстан Республикасының
әкімшілік-аумақтық құрылымы

1. Астана қ.
2. Алматы қ.
3. Ақмола
4. Ақтөбе
5. Алматы
6. Атырау
7. Батыс Қазақстан
8. Жамбыл
9. Қарағанды
10. Қостанай
11. Қызылорда
12. Маңғыстау
13. Түркістан
14. Павлодар
15. Солтүстік Қазақстан
16. Шығыс Қазақстан
17. Шымкент қ.
18. Абай
19. Жетісу
20. Ұлытау

1.2. Жер қорын жер санаттары бойынша бөлу

2025 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жер балансының деректері бойынша Қазақстан Республикасының жалпы аумағы 272,5 млн га құрайды, оның ішінде Ресей Федерациясы Байқоңыр ғарыш айлағы мен әскери полигондар астында 9 561,1 мың га пайдаланады.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Өзбекстан Республикасының аумағындағы «Шымған» шипажайына 0,9 мың га пайдаланады. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы пайдаланатын жер қоры 262 930,8 мың га құрайды.

Есепті жылы жерді шектен тыс пайдалану алаңы өзгерген жоқ.

Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес 7 санатқа бөлінеді:

1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер;

2) елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) жерлері;

3) өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер;

5) орман қорының жерлері;

6) су қорының жерлері;

7) босалқы жерлер.

Жыл сайын жер құқықтық қатынастарының нәтижесінде республикада жер қорының құрамы үнемі қайта бөлінеді. Есепті жылы жер санаттарын жер, Орман және су заңнамаларына сәйкес келтіру жұмыстары жалғастырылды.

Жер есебінің деректерін талдау жер санаттары бойынша алаңдарды бөлуде жыл сайын әртүрлі өзгерістер орын алатынын көрсетеді, бұл туралы 2025 және 2024 жылғы алдыңғы жылдардағы жер қорының құрылымы туралы 2-кестеде және 2-суретте келтірілген ақпарат куәландырады.

Облыстар бөлінісінде жер қорын жер санаттары бойынша бөлу 3-кестеде келтірілген.

Республиканың тарихи қалыптасқан әкімшілік-аумақтық құрылымы және

біртекті емес табиғи-климаттық жағдайлар ел өңірлеріндегі жер санаттары бойынша жер қорының құрылымы мен құрылымын әр түрлі дәрежеде айқындайды.

Жер санаттарының алаңдарында болған өзгерістер әртүрлі мақсаттар үшін жер учаскелерін беруге және жүргізілген түгендеу және жерді нақтылау нәтижесінде олардың алаңдарын нақтылауға байланысты жерді бір санаттан екінші санатқа ауыстырумен түсіндіріледі, бұл туралы жердің жекелеген санаттарын сипаттау кезінде баяндалады.

2-кесте

1991-2025 жылдардағы жер қорының жер санаттары бойынша динамикасы

мың га

Жер санаттарының атауы	1991 ж.	2024 ж.	2025 ж.	Өзгерістер (+, -)	
				2025 ж. 1991 жылға қарағанда	2025 ж. 2024 жылға қарағанда
1.Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	218 375,8	117 124,1	117 650,5	-100 725,3	+ 526,4
2.Елді мекендердің жерлері оның ішінде:	3 747,2	25 325,6	25 369,4	+ 21 622,2	+ 43,8
қалалар мен кенттер	2 053,5	3 483,6	3471,4	+ 1 417,9	-12,2
ауылдық елді мекендердің	1 693,7	21 842,0	21 898,0	+ 20 204,3	+ 56,0
3.Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметінің, қорғаныстың, ұлттық қауіпсіздік. мұқтаждары үшін, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	18 796,8	2 480,9	2 604,4	-16 192,4	+ 123,5
4.Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	775,1	8 151,4	8 154,0	+ 7 378,9	+ 2,6
5.Орман қорының жерлері	10 179,2	23 025,2	23 410,1	+ 13 230,9	+ 384,9
6.Су қорының жерлері	819,9	3 908,8	3 910,3	+ 3 090,4	+ 1,5
7.Босалқы жерлер	18 952,3	82 914,8	81 832,1	+ 62879,8	-1082,7
Барлық жерлер	**271 646,3**	**262 930,8**	**262 930,8**	-8 715,5	-
оның ішінде басқа мемлекеттердің аумағында пайдаланылатын жерлер	149,8	0,9	0,9	-148,9	-
Басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер	993,7	9 561,1	9 561,1	+ 8 567,4	-
Республиканың аумағы	**272 490,2**	**272 491,0**	**272 491,0**	+ 0,8	-

2-сурет

Жер қоры құрылымының жер санаттары бойынша динамикасы, %

Жер санаттары	Жарықтан-дыру
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	44,5
Елді мекендердің жерлері	9,6
Өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	0,9
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	3,1
Орман қорының жерлері	8,8
Су қорының жерлері	1,5
Босалқы жерлер	31,5

2024 жылғы 1 қараша бойынша



Жер санаттары	Жарықтан-дыру
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	44,7
Елді мекендердің жерлері	9,6
Өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	1,0
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	3,1
Орман қорының жерлері	8,9
Су қорының жерлері	1,5
Босалқы жерлер	31,1

2025 жылғы 1 қараша бойынша



3-кесте
тыс. га

2025 жылғы 1 қарашадағы жерлерді облыстар бөлігінде жер санаттары бойынша бөлу

Облыстардың атауы	Жер санаттары							Барлық жер
	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	елді мекендер жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруаш. арналмаған өзге де жер	ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	орман қорының жері	су қорының жері	босалқы жер	
Абай	9 294,4	2 435,1	121,4	851,4	-	82,1	5 787,5	18 571,9
Ақмола	10 570,0	1 458,3	109,9	519,2	514,1	200,8	1 239,7	14 612,0
Ақтөбе	13 541,3	4 347,7	331,5	1 177,4	261,9	13,1	9 912,2	29 585,1
Алматы	4 555,9	377,8	162,8	962,3	2 257,9	184,9	2 007,3	10 508,9
Атырау	3 080,9	649,4	244,5	156,5	56,0	20,5	7 530,3	11 738,1
Шығыс-Қазақстан	3 542,9	660,6	41,1	833,7	2 155,8	488,5	2 063,3	9 785,9
Жамбыл	4 609,2	845,0	183,2	11,6	4 420,7	356,3	1 512,2	11 938,2
Жетісу	4 965,7	470,9	124,1	681,6	1 517,3	6,4	4 082,3	11 848,3
Батыс-Қазақстан	7 958,2	2 421,8	49,9	355,5	224,7	81,5	2 578,6	13 670,2
Қарағанды	12 109,0	3 262,4	153,3	402,9	113,2	40,3	5 932,0	22 013,1
Қостанай	11 101,9	1 642,1	106,5	742,5	463,3	67,9	5 475,9	19 600,1
Қызылорда	2 907,3	843,5	271,6	163,6	7 389,0	1 987,7	10 548,1	24 110,8
Маңғыстау	3 002,4	1 085,5	329,2	224,2	254,2	11,8	11 656,9	16 564,2
Павлодар	7 685,8	1 869,9	123,3	357,9	126,0	79,1	2 217,5	12 459,5
Солтүстік Қазақстан	7 147,7	1 065,0	67,7	134,9	545,1	142,4	701,5	9 804,3
Түркістан	4 527,3	807,8	140,4	431,4	3 029,8	134,6	2 539,0	11 610,3
Ұлытау	7 049,8	862,3	44,0	147,4	80,7	12,4	6 047,8	14 244,4
Алматы қ.	-	68,3	-	-	-	-	-	68,3
Астана қ.	0,8	79,7	-	-	0,4	-	-	80,9
Шымкент қ.	-	116,3	-	-	-	-	-	116,3
Жерлердің барлығы	**117 650,5**	**25 369,4**	**2 604,4**	**8 154,0**	**23 410,1**	**3 910,3**	**81 832,1**	**262 930,8**

Ескерту: «Жерлердің барлығы» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланылатын жерлер есепке алынбаған.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ерекше құқықтық режимге ие және осы жерлерді алып қоюды шектеуге, олардың құнарлылығын сақтауға және арттыруға бағытталған қорғалуға жатады. Жер қорының құрылымындағы осы санаттағы жер алаңы 117,7 млн га немесе пайдаланылатын жердің 44,7% -. құрайды.

Облыстар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алаңының серпіні 4 – кестеде, ал тұтастай республика бойынша-3-суретте келтірілген.

4-кесте

1991-2025 жылдардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемінің облыстар бойынша динамикасы

млн га

Облыстардың атауы	1991 ж.	2005ж.	2024 ж.	2025 ж.	Өзгерістер (+ , -)	
					2025 жыл 1991 жылға қарағанда	2025 жыл 2024 жылға қарағанда
Абай	-	-	9,2	9,3	-	+0,1
Ақмола	13,6	9,1	10,8	10,6	-3,0	-0,2
Ақтөбе	23,0	7,1	13,3	13,5	-9,5	+0,2
Алматы	15,9	6,8	4,5	4,6	-11,3	+0,1
Атырау	8,9	2,4	3,0	3,1	-5,8	+0,1
Шығыс Қазақстан	22,2	6,0	3,6	3,5	-18,7	-0,1
Жамбыл	11,5	4,6	4,6	4,6	-6,9	-
Жетісу	-	-	4,7	5,0	-	+0,3
Батыс Қазақстан	12,9	3,6	7,9	8,0	-4,9	+0,1
Қарағанды	28,4	9,5	11,9	12,1	-16,3	+0,2
Қостанай	18,1	8,2	11,2	11,1	-7,0	-0,1
Қызылорда	18,9	3,1	2,9	2,9	-16,0	-
Маңғыстау	13,9	8,4	3,0	3,0	-10,9	-
Павлодар	10,6	3,2	7,7	7,7	-2,9	-
Солтүстік Қазақстан	9,0	5,8	7,2	7,1	-1,9	-0,1
Түркістан	11,5	4,4	4,5	4,5	-7,0	-
Ұлытау	-	-	7,0	7,1	-	+0,1
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-
Астана қ.	-	-	-	-	-	-
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-
Барлығы	**218,4**	**82,2**	**117,1**	**117,7**	**-100,7**	**+0,6**

Олардың облыстардың жер қорындағы үлес салмағы 73%-дан (Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары) 12-26% - ға дейін (Қызылорда, Атырау облыстары). Бұл негізінен табиғи-климаттық жағдайлардың айырмашылығына және шөлді және жартылай шөлді жайылымдық жерлердің кең аумақтарының болуына байланысты.

3-сурет

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер алаңының динамикасы



1991-2005 жылдары ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалау кезеңінде республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің алаңы 136,2 млн гектарға қысқарды, бірақ кейіннен осы санаттағы жерлердің алаңы жыл сайын ұлғайды және оның жалпы ұлғаюы 2005 жылдан 2025 жылға дейін 35,5 млн гектарды құрады.

Жалпы, соңғы жылдары барлық облыстар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер босалқы жерлерді игеру есебінен ұлғаюда, ағымдағы жылы олардың республика бойынша алаңы жалпы қорытындысы бойынша 0,6 млн гектарға ұлғайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатында республиканың ауыл шаруашылығы жағынан аса құнды жерлері: егістіктің 97,8%-ы, оның ішінде егістіктің 91,0%-ы суармалы, көпжылдық екпелердің 40,7%-ы, тыңайған жерлердің 53,4 %-ы, шабындықтардың 49,0%-ы, оның ішінде жақсартылған жерлердің 37,4%- ы және жайылма суарудың 45,9%-ы, жайылымдардың 47,2%-ы, оның ішінде 69,4% - жақсартылған, 46,9% - суланған (5-кесте).

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алқаптарының құрылымында ауыл шаруашылығы алқаптары 97,6% құрайды, оның ішінде: егістік – 22,5 %, көпжылдық екпелер – 0,05 %, тыңайған жерлер – 1,7%, шабындықтар – 2,0 %, жайылымдар – 71,3 %.

5-кесте

2025 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің республика ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымындағы үлес салмағы

мың га

Алқаптар атауы	Алаңы, барлығы*	Соның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерде	%
Ауыл шаруашылығы алқаптары	**213 663,2**	**114 842,8**	**53,7**
оның ішінде:			
Егістік, барлығы	27 057,0	26 452,8	97,8
соның ішінде: суармалы	1 849,7	1 682,8	91,0
Көп жылдық екпелер	148,7	60,5	40,7
Тыңайған жер	3 782,8	2 019,9	53,4
Шабындық, барлығы	4 889,0	2 395,7	49,0
соның ішінде:			
жақсартылғаны	40,9	15,3	37,4
жайылма суарылатыны	705,7	323,8	45,9
Жайылым, барлығы	177 785,7	83 913,9	47,2
соның ішінде:			
жақсартылғаны	5 617,7	3 896,7	69,4
суландырылған жайылым	103 609,5	49 087,4	46,9
Ауыл шаруашылығы емес алқаптар	49 267,6	2 807,7	5,7
Жерлердің барлығы	**262 930,8**	**117 650,5**	**44,7**

Ескерту: «Жерлердің барлығы» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланылатын жерлер есепке алынбаған.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді облыстар бөлінісінде алқаптар түрлері бойынша бөлу 6-кестеде келтірілген.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер құрамындағы егістіктің негізгі алаңдары астық өңірлерінде есептеледі: Қостанай (6,4 млн га), Ақмола (6,1 млн га), Солтүстік Қазақстан (5,0 млн га) және Павлодар (2,0 млн га) облыстарында.

Шөлді және шөлейт аймақтарда орналасқан өңірлерде жайылымдық жерлердің ең ірі массивтері шоғырланған, атап айтқанда Ақтөбе (12,3 млн га), Қарағанды (10,0 млн га), Абай (8,0 млн га), Ұлытау (6,8 млн га), Батыс Қазақстан (6,3 млн га), Павлодар (5,1), Қостанай (4,4) және Ақмола (4,0) облыстарында.

Есептік деректер бойынша тыңайған жерлердің ең үлкен алаңдары Батыс Қазақстан (515,6 мың га), Павлодар (272,7 мың га), Қарағанды (272,3 мың га), Ақтөбе (213,5 мың га) және Ақмола (209,3 мың га) облыстарында тіркелген.

6-кесте

2025 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің облыстар бөлісінде алқаптар түрлері бойынша құрамы

мың га

Облыстардың атауы	Жалпы алаңы	А/ш алқаптары, барлығы	Егістік	Көп жылдық екпелер	Тыңай-ған жер	Шабын-дық	Жайылым
Абай	9 294,4	9158,0	824,7	0,3	112,2	245,9	7974,9
Ақмола	10 570,0	10544,4	6 132,8	1,0	209,3	159,7	4 041,6
Ақтөбе	13 541,3	13375,0	735,6	-	213,5	129,0	12 296,9
Алматы	4 555,9	4502,2	448,0	17,5	36,7	60,5	3 939,5
Атырау	3 080,9	3023,3	7,0	0,2	7,0	44,3	2 964,8
Шығыс Қазақстан	3 542,9	3420,9	631,2	0,6	53,1	279,5	2 456,5
Жамбыл	4 609,2	4475,5	776,4	3,8	-	127,1	3 568,2
Жетісу	4 965,7	4878,6	536,7	3,3	59,9	128,1	4 150,6
Батыс Қазақстан	7 958,2	7901,5	623,7	1,9	515,6	508,1	6 252,2
Қарағанды	12 109,0	11740,0	1 257,1	0,3	272,3	187,6	10 022,7
Қостанай	11 101,90	10 951,70	6 398,3	1,0	39,7	144,6	4 368,1
Қызылорда	2 907,3	2382,9	158,7	0,8	69,1	32,8	2 121,5
Маңғыстау	3 002,4	2606,5	0,6	-	0,1	-	2 605,8
Павлодар	7 685,8	7587,3	1 993,7	0,9	272,7	203,0	5 117,0
Солтүстік Казақстан	7 147,7	6924,1	4 982,4	0,8	0,3	17,6	1 923,0
Түркістан	4 527,3	4410,3	908,6	27,9	89,2	66,4	3 318,2
Ұлытау	7 049,8	6959,8	37,1	-	69,2	61,5	6 792,0
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-
Астана қ.	0,8	0,8	0,2	0,2	-	-	0,4
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	**117 650,5**	**114 842,8**	**26 452,8**	**60,5**	**2019,9**	**2395,7**	**83 913,9**

Шабындықтардың 50%-дан астамы республиканың төрт облысында тіркелген: Батыс Қазақстан (508,1 мың га), Шығыс Қазақстан (279,5 мың га), Абай (245,9 мың га), Павлодар (203,0 мың га) облыстарында.

Республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлес салмағы 44,7% құрайды, облыстар бойынша Солтүстік Қазақстан 72,9%, Ақмола 72,3%, Павлодар облыстарында 61,7 %-дан бастап, Қызылорда 12,1 %, Маңғыстау 18,1%, Атырау облыстарында 26,2 % дейін аралығында өзгереді.

Облыстардың жер қорларындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлес салмағы 4-суретте көрсетілген.

4-сурет

Ауыл шаруашылығы жерлерінің үлес салмағы облыстардың жер қорларындағы мақсаттар, %



Елді мекендер жері

2025 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикадағы жер елді мекендерінің алаңы 25,4 млн га құрады, оның ішінде қалалар мен кенттер – 3,5 млн га және ауылдық елді мекендер – 21,9 млн га.

Елді мекендердің түрлері бойынша жер алаңдарының мөлшері және олардың есепті жылдағы өзгерістері облыстар бөлінісінде 7 кестеде келтірілген.

Өңірлік деңгейде елді мекендер жерлерінің болуын талдау олардың ең үлкен алаңдары Ақтөбе (4 347,7 мың га), Қарағанды (3 262,4 мың га), Абай (2 435,1 мың га) және Батыс Қазақстан (2 421,8 мың га) облыстарында бар екенін көрсетеді.

Жалпы республика бойынша ағымдағы жылы 2024 жылмен салыстырғанда елді мекендердің жер көлемі жалпы қорытындымен 43,8 мың гектарға ұлғайды. Бұл ретте қалалар мен кенттердің жер алаңы 10,4 мың гектарға азайды, ал ауылдық елді мекендердің жер алаңы 33,4 мың гектарға ұлғайды.

7-кесте

2024 және 2025 жылдардағы облыстар бойынша елді мекендердің жер алаңы

мың га

Облыстардың атауы	Елді мекендер, барлығы			Қалалар мен елді мекендер			Ауылдық елді мекендер		
	2024 ж.	2025 ж.	өзгеріс-тер, (+ , -)	2024ж.	2025ж.	өзгер істер (+,-)	2024ж.	2025ж.	өзгеріс тер (+, -)
Абай	2 436,9	2 435,1	- 1,8	803,6	803,6	-	1633,3	1631,5	- 1,8
Ақмола	1 458,3	1 458,3	-	149,1	149,1	-	1309,2	1309,2	-
Ақтөбе	4 316,4	4 347,7	+31,3	243,5	243,5	-	4072,9	4104,2	+ 31,3
Алматы	373,7	377,8	+ 4,1	102,5	105,0	+ 2,5	271,2	272,8	+ 1,6
Атырау	649,4	649,4	-	60,0	60,0	-	589,4	589,4	-
Ш-Қазақстан	651,1	660,6	+ 9,5	114,8	114,8	-	536,3	545,8	+ 9,5
Жамбыл	842,2	845,0	+ 2,8	21,1	29,0	+7,9	821,1	816,0	- 5,1
Жетісу	470,9	470,9	-	24,6	24,6	-	446,3	446,3	-
Б-Қазақстан	2 422,7	2 421,8	- 0,9	19,8	19,8	-	2402,9	2402,0	- 0,9
Қарағанды	3 262,3	3 262,4	+ 0,1	972,8	972,8	-	2289,5	2289,6	+ 0,1
Қостанай	1 642,1	1 642,1	-	104,0	104,0	-	1538,1	1538,1	-
Қызылорда	843,5	843,5	-	40,6	40,6	-	802,9	802,9	-
Маңғыстау	1 085,5	1 085,5	-	76,8	76,8	-	1008,7	1008,7	-
Павлодар	1 869,9	1 869,9	-	125,6	125,6	-	1744,3	1744,3	-
С-Қазақстан	1 066,3	1 065,0	- 1,3	36,7	37,1	-	1029,6	1028,3	- 1,3
Түркістан	807,8	807,8	-	57,8	57,8	-	750,0	750,0	-
Ұлытау	862,3	862,3	-	266,0	266,0	-	596,3	596,3	-
Алматы қ.	68,3	68,3	-	68,3	68,3	-	-	-	-
Астана қ.	79,7	79,7	-	79,7	79,7	-	-	-	-
Шымкент қ.	116,3	116,3	-	116,3	116,3	-	-	-	-
Барлығы	**25 325,6**	**25 369,4**	**+ 43,8**	**3483,6**	**3 494,0**	**+10,4**	**21842,0**	**21875,4**	**+ 33,4**

Есепті жылы санатта орын алды:

Абай ауданында елді мекендердің жер алаңы 2024 жылмен салыстырғанда 1,8 мың гектарға азайып, Абай облысы Бесқарағай ауданындағы елді мекендердің шекарасын белгілеу есебінен 2 435,1 мың гектарды құрады.

Бірлескен Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 95 қаулысымен және Абай облысы Бесқарағай ауданы мәслихатының 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 27/12-VIII «Бесқарағай ауданының жекелеген елді мекендерінің шекарасын (сызығын) белгілеу туралы» шешіміне сәйкес Долонь ауылдық округінде Бөдене ауылының алаңы 1 649,5 га ұлғайып 16 490,0 га құрады, ал Долонь ауылының алаңы 781,1 га азайып 7 427,0 га құрады.

Бірлескен Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 94 қаулысымен және Бесқарағай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 27/13-VIII шешіміне сәйкес Беген ауылдық округінің Беген орманшар ауылының алаңы 1992,6 га азайып 2708,4 га құрады.

Бірлескен Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 25 маусымдағы № 161 қаулысы және Бесқарағай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 25 маусымдағы № 28/6-VIII «Абай облысы Бесқарағай ауданының Малая Владимировка ауылының шекарасын (сызығын) белгілеу туралы» шешіміне сәйкес Малая Владимировка ауылының алаңы 693,5 га азайып 8375,5 га құрады.

Ақтөбе облысында елді мекендердің жер алаңы халықтың жайылымдық жерлерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін елді мекендерді кеңейту есебінен Мұғалжар және Әйтеке би алаңдарында 31,3 мың гектарға ұлғайып, Хромтау ауданында босалқы жерлерге қайтару есебінен 0,7 мың гектарға азайды.

Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 8 қаулысымен Сұлукөл және Құмкұдық ауылдық округтерінің шекаралары өзгертілді. Сұлукөл ауылдық округінің аумағына 2 490 га қосылды, нәтижесінде округтің аумағы 17933 га құрады. Құмкұдық ауылдық округінің аумағына 3 189 га қосылды, нәтижесінде округтің аумағы 27 845 га құрады.

Мұғалжар аудандық әкімдіктің бірлескен қаулысымен және мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 447/335 шешімімен босалқы жерлерден Қайыңды ауылдық округіне қосымша 21 253 га және Ащысай ауылдық округіне 5 055 га жер берілді.

Хромтау ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 345 және № 346 қаулыларымен Көктау ауылдық округі елді мекендерінің жер алаңы босалқы жерлеріне беру есебінен 685 гектарға азайды.

Шығыс Қазақстан облысында Ұлан ауданындағы елді мекендердің шекараларын белгілеу есебінен елді мекендердің алаңы 9,5 мың гектарға ұлғайды. Ұлан ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 448 бірлескен қаулысына және Ұлан аудандық мәслихатының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 260 шешіміне сәйкес ауданның мынадай ауылдарының шекаралары ұлғайтылды – Азов ауылдық округінің Ново-Азовое ауылы 877,26 гектарға, Айыртау ауылдық округінің Ново-Канайка ауылы 2424,71 гектарға, Тоқтаров ауылдық округінің Украинка ауылы 434,4 гектарға, Огневка кент округінің Огневка кенті 394,4 гектарға, Тарғын

ауылдық округінің Верхние Тайнты ауылы 3 619,6 гектарға, Таврия ауылдық округінің Гагарині ауылы 1 278,39 гектарға.

Алматы облысында елді мекендердің жер көлемдері Бәйтерек ауылының елді мекен шекарасы 1,7 мың гектарға кеңейту есебінен және Есік қаласының (Еңбекшіқазақ ауданы) 2,4 мың гектарға кеңейту есебінен 4,1 мың га ұлғайды.

Есік қаласының аумағы оның шегіне Бөлек және Рахат ауылдық округтерінің ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлерінің бір бөлігін қосу арқылы 2 529,6 га ұлғайтылды (Алматы облысы мәслихатының 2025 жылғы 25 ақпандағы № 33-177 бірлескен шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 ақпандағы № 50 «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы» қаулысы»).

Еңбекшіқазақ ауданы Бәйтерек ауылдық округінің Бәйтерек ауылының аумағы босалқы жерлерді қосу арқылы 1 736,5962 га ұлғайтылды (Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2025 жылғы 13 ақпандағы № VIII-37-170 бірлескен шешімі және Еңбекшіқазақ аудандық әкімдігінің 2025 жылғы 13 ақпандағы № 71 «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Бәйтерек ауылдың шекарасын (шегін) өзгерту туралы» қаулысы).

Жамбыл облысында Шу ауданының елді мекендерінің жерлері елді мекеннің шекараларының (шегінің) өзгеруіне байланысты орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Қоскұдық мекемесінің жер учаскелерін ауыстыру есебінен 2 800 гектарға ұлғайды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 11 шілдедегі № 529 қаулысы).

Батыс Қазақстан облысында елді мекендердің жер алаңы өткен жылмен салыстырғанда 0,9 мың гектарға азайып, 2 421,8 мың гектарды құрады.

Тасқала ауданында Орал ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне елді мекен жерлерінен 587,931 гектар жер орман екпелерін отырғызу үшін берілді (Тасқала ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 желтоқсандағы № 290 қаулысымен – 40,9481 гектар Шежін ауылдық округінде және 8,8722 гектар Қосшы ауылдық округінде, Амангелді ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 3 желтоқсандағы №28 шешімімен – 151,5999 гектар, Шежін ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 29 шешімімен – 48,1807 гектар, Мерей ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 45 шешімімен – 338,3301 гектар).

Шыңғырлау ауданы бойынша елді мекендердің жерлерінен Шыңғырлау ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне орман шаруашылығын жүргізу үшін 14,3 га берілді (Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 12 қыркүйектегі № 96 шешімі - 9,0 гектар, Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 11 қыркүйектегі № 11 шешімі – 5,3 га).

Ақжайық ауданы бойынша Чапаев ауылдық округінің елді мекендердің жерлерінен Чапаев ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне орман жерлерін қайта жаңғырту үшін 300 га берілді (Ақжайық ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 2 қазандағы № 193 қаулысы, 2024 жылғы 26 наурыздағы № 108 қаулысы өзгерістермен).

Сырым ауданында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қарашадағы № 963 қаулысы негізінде Ақжайық ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерінен 30,7 гектар ормансыз жер елді мекендердің жерлеріне ауыстырылды.

Қарағанды облысында елді мекендердің жер алаңы Абай ауданы Мичурин ауылдық округінің Агроқалашық ауылының шекарасына (шегіне) 115,4836 га босалқы жер қосу есебінен 0,1 мың га ұлғайды (Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 45/01 бірлескен қаулысы және Абай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 38/354 шешімі).

Солтүстік Қазақстан облысында елді мекендердің жер алаңы жалпы алғанда 1,3 мың гектарға азайды. Азаю Аққайың ауданында Лесное Поляны, Сенное және Ульги таратылған ауылдарының 2 272 гектар, Есіл ауданында Калиновка және Славянка ауылдарының 1 477 гектар, Қызылжар ауданында Красноперовка аулының 761 гектар, Шал ақын ауданында Тельманово ауылының 525 гектар аумағын босалқы жерге ауыстыру есебінен болды (Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 20/3 бірлескен шешімі және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 415 қаулысы).

Мамлют ауданында жер-шаруашылық құрылысы кезінде Беловка ауылының аумағы – 646 га, Новомихайловка ауылының аумағы – 182 га, Леденево ауылының аумағы – 742 га ұлғайды, Новоандревка ауылының аумағы 454 га азайды (Мамлют аудандық мәслихатының 2025 жылғы 10 шілдедегі № 44/3, № 44/4, № 44/5 және № 44/6 шешімдері).

Жер-шаруашылық құрылысы жобасына сәйкес Ақжар ауданы Талшық ауылдық округінің Қазан ауылының аумағына 2 986 га қосылды (Ақжар ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 18 ақпандағы № 20 қаулысы).

Ақмола, Атырау, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан, Жетісу және Ұлытау облыстарында есепті кезеңде елді мекендердің жер алаңы өзгеріссіз қалды.

Биылғы жылы Алматы, Астана және Шымкент республикалық маңызы бар қалалардың жер алаңдары өзгеріссіз қалды.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 107-бабының 3-тармағына сәйкес елді мекендердің жерлері мынадай функционалдық аймақтарға бөлінеді:

1) тұрғын үй;

2) әлеуметтік;

3) коммерциялық;

4) басқаша.

Тұрғын үй аймағына құрылыстар алып жатқан әрі көп пәтерлі және көп қабатты тұрғын үйлер, үй маңындағы жер телімдері бар жеке тұрғын үйлер салуға арналған тұрғын үй құрылысы жерлері кіреді.

Әлеуметтік аймаққа мемлекеттік және коммерциялық емес объектілер алып жатқан және оларды орналастыруға арналған қоғамдық іскерлік құрылыс салынатын жерлер кіреді.

Коммерциялық аймаққа арнайы экономикалық аймақтардың, өндірістік объектілердің, сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету объектілерінің, инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің, сондай-ақ осы объектілердің және кәсіпкерлік қызметпен байланысты өзге де объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеуге арналған жерлер кіреді.

Өзге аймақтарға:

1) теміржол, автомобиль, өзен, теңіз, әуе және құбыр көлігі, инженерлік инфрақұрылым және байланыс магистральдары орналасқан және соларды салуға арналған көлік, байланыс, инженерлік коммуникациялар жері ;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;

3) орман қорының жері;

4) өзендер, табиғи және жасанды су айдындары мен акваториялар, су қорғау

Сметалар мен жұмыс жоспарларына сәйкес 259 мемлекеттік бағдарламасы бойынша барлық жұмыстар нақты және ақшалай түрде мерзімінде орындалды, 2025 жылы жекелеген жұмыс түрлері бойынша мемлекеттік тапсырысты Толығырақ орындау осы есептің «Жер ресурстарын басқаруды қамтамасыз ету» 4- тарауының тиісті бөлімдерінде баяндалды.

73-кесте

2025 жылғы мемлекеттік тапсырыс жұмыстарының түрлері мен көлемі

Р/с №	Жұмыстардың атаулары	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштер	
			көлемі	құны, мың теңге
1	Топырақ зерттеу	мың. га	6 650,0	3 569 587,00
2	Геоботаникалық зерттеу	мың. га	7 500,0	1 111 275,00
3	Жерді мемлекеттік есепке алу	мың. га	272 491,0	30 929,00
4	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы топырақ бонитетін анықтау	мың. га	5 094,0588	3 183 328,33
5	Шаруа қожалықтарының жер телімдерін паспорттау	саны	-	-
6	Жерді паспорттау үшін топырақ материалдарын жаңарту	мың. га	-	-
7	Паспорттау мақсатында топырақ бонитетін анықтау	мың. га	-	-
8	Жер мониторингін жүргізу	мың. га	10 000,0	148 500,00
9	Топырақ карталарын электронды түрде жасау	мың. га	6 650,0	283 556,00
10	Геоботаникалық карталарды электронды түрде жасау	мың. га	7 500,0	152 100,00
11	Есептік кварталдардың электронды жер-кадастрлық карталарын жасау	есептік квартал	110,0	649 274,20
12	МЖК АЖ дерекқорын актуализациялау	бөлігі	-	-
13	Мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін беру	саны	-	-
14	Жер-кадастрлық істерді сканерлеу	іс	95 000,0	94 814,72
15	Тозудың электрондық карталарын жасау (тұздылықты қоса алғанда)	мың. га	53 537,73	446 504,67
	Барлығы:			**9 669 868,92**

Жұмыстың келесі түрлері орындалды:

- Қарағанды, Павлодар, Астана қаласы және «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ-тың Жерді мемлекеттік есепке алу және жер-кадастрлық жұмыстарды жөніндегі филиалынан (бұдан әрі – ЖерМЕА филиалы) (Алматы қ.) басқа барлық облыстарда жаңа жер пайдалануды қалыптастыру және қолданыстағы жер пайдалануды ретке келтіру бойынша шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау.

- Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында және Шымкент қаласында жер учаскелеріне сәйкестендіру құжаттарын дайындау;

- Ақтөбе, Маңғыстау, Ақмола, Қостанай, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарындағы елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекара сызбаларын жасау;

- жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау: Астана қаласы және ЖерМЕА (Алматы қ.) филиалынан басқа барлық облыстарда;

- Маңғыстау, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарында жердің жай-күйі мен пайдаланылуының кадастрлық карталары мен атластарын жасау;

- мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін ұсыну: Ақтөбе облысы, Астана қ. және ЖерМЕА (Алматы қ.) филиалынан басқасының бәрі;

Қостанай, Қызылорда, Алматы және Павлодар облыстарында жер учаскелері иелерінің жер санын есепке алу;

- Маңғыстау, Жамбыл облыстарында және Шымкент қаласында елді мекендердің шекараларын (шегін) белгілеу.

Тапсырыс берушілердің қаражаты республикада жерге орналастыруды жүргізудің негізгі көзі болып табылады, есепті жылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бөлімшелері орындаған көлемде олар жер-кадастрлық жұмыстардың жалпы көлемінің жартысынан азын (98,0 %) немесе 494,1 млрд теңгені құрады.

Тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен келесі жұмыс түрлері орындалды:

- Алматы, Маңғыстау облыстары мен Астана, Шымкент қалаларынан басқа барлық облыстарда жаңа жер пайдалануды қалыптастыру және қолданыстағы жер пайдалануды ретке келтіру бойынша шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау;

- Астана қ. және ЖерМЕА (Алматы қ.) филиалынан басқа барлық облыстарында жер учаскелеріне сәйкестендіру құжаттарын дайындау, жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау, мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін ұсыну;

- Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан басқа барлық филиалдарында елді мекендердің шекараларын (шегін) белгілеу.

- Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Павлодар облыстарында жердің жай-күйі мен пайдаланылуының кадастрлық карталары мен атластарын жасау;

- Жамбыл, Ақмола облыстары, Астана қ., Алматы қ. және ЖерМЕА (Алматы қ.) филиалынан басқа барлық облыстарда жер учаскелерге жер-кадастрлық жоспарларды жасау;

- ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін: Түркістан, Қызылорда облыстарынан басқа барлық облыстарда, Астана қаласында, Шымкент қаласында, ЖерМЕА (Алматы қ.) филиалынан ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезінде ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын айқындау;

-жерге орналастыру жобаларын, сондай-ақ қорғау жерлерін пайдалануға және пайдалануға байланысты басқа да жобаларды әзірлеу (СҚА, жерді рекультивациялау және т. б.): Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында және ЖерМЕА (Алматы қ.) филиалы;

- Павлодар, Түркістан облыстарында және ЖерМЕА (Алматы қ.) филиалында шаруашылықішілік жерге орналастыру жобаларын әзірлеу;

- жер учаскесінің орналасқан жерінің барлық облыстардағы ЖМБМК АЖ деректеріне сәйкестігі бөлігінде жерге орналастыру жобасын келісу.

Республикада есепті жылы орындалған жер-кадастрлық және жобалау-іздестіру жұмыстарының барлық кешені жер заңнамасын сақтауға, жерді ұтымды пайдалануды ұйымдастыруға және қорғауға бағытталған. Жерге орналастыру барлық санаттағы жерлерде оларға тиесілі және басқару нысандарына қарамастан жүргізілді.

Жерге орналастыру жұмыстарын одан әрі дамыту бір жағынан жер кадастрын жүргізу мақсаттары үшін жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың есебін жетілдірумен, ал екінші жағынан - жерді тиімді пайдалану және қорғау тетігін құрумен, жоғары тиімді, экологиялық бағдарланған бейімделген жер пайдалануды қалыптастырумен байланысты.

Болжамдар мен бағдарламаларды, Жер ресурстарын пайдалану және қорғау жөніндегі республикалық және өңірлік схемаларды, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын кооперациялауды, шаруашылық аумағын ұйымдастыру жобаларын, жерді мелиорациялау мен рекультивациялауды, шаруашылықішілік жерге орналастыру жобаларын әзірлеу жөніндегі проблемалық міндеттер айқындала түсуде.

4.4. Топырақ зерттеу

Топырақ зерттеу – топырақ жамылғысының құрамын, қасиеттерін, жағдайын және кеңістікте таралуын зерттеуге бағытталған ғылыми-өндірістік жұмыстар кешені. Оның мақсаты – топырақты бағалау, жіктеу және картографиялау.

Топырақ зерттеу топырақ карталары мен картограммаларды жасау мақсатында жүргізіледі, олар келесі жұмыстардың негізі болып табылады:

1) жердің саны мен сапасын мемлекеттік есепке алу, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, аумақтың сапалық бағалауы;

2) шаруашылық ішіндегі жерге орналастыру жобаларын әзірлеу;

3) жер ресурстарын ұтымды пайдалану және жерді қорғау шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеу, соның ішінде мұнай-газ құбырларын салу, кен орындарын игеру кезінде жерлерді қалпына келтіру жобаларын жасау;

4) егіншілік мәдениетін көтеруге бағытталған агротехникалық шаралардың дифференциалды жүйесін әзірлеу; топырақ құнарлылығын ескере отырып, ауыл шаруашылығын мамандандыру мен орналастырудың оңтайлы жағдайларын анықтау; топырақ құнарлылығы мен ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру (топырақ-климаттық жағдайларды ескере отырып), жерді мелиорациялау шараларын жүргізу.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мен ауыл шаруашылығы қоры жерлерінің топырақ зерттеулерінің өзекті деректері 73,55 млн гектарды құрайды.

Топырақтық зерттеу жұмыстарының негізгі көлемі 2000 жылға дейінгі кезеңде орындалған – 100,95 млн га немесе зерттелген аумақтың 54,5%-ы, оның ішінде: 2001–2010 жылдары – 10,7 млн га (5,8%), 2011–2016 жылдары – 14,9 млн га (8,1%), 2017–2021 жылдары – 34,6 млн га (18,7%), 2022 жылы – 5,6 млн га (3,0%), 2023 жылы – 5,8 млн га (3,1%), 2024 жылы – 6,0 млн га (3,2%), 2025 жылы – 6,65 млн га (3,6%). Топырақтық зерттеу көлемінің орындалу динамикасы 74- кестеде келтірілген.

Қазіргі уақытта республикада 185,2 млн га ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңында әртүрлі зерттеу кезеңдеріндегі топырақ іздестіру материалдары бар (басқа мемлекеттер пайдаланатын жерсіз). Негізінен қорғаныс қажеттіліктері үшін пайдаланылатын аумақтар, басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер және босалқы жерлердің құмды массивтері зерттелмеген күйінде қалып отыр.

Есепті жылы 259 «Жер ресурстары туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасының 100 «Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін қалыптастыру» бюджеттік кіші бағдарламасына сәйкес 6 650,0 мың га алқаптағы ауыл шаруашылығы алқаптарына топырақ зерттеу жүргізілді.

74-кесте

Топырақ зерттеу көлемдерін орындау динамикасы

Зерттеу кезеңдері	Алаңы, млн га	Үлес салмағы, %
2000 ж. дейін	100,95	54,5
2001-2010 жж.	10,7	5,8
2011-2016 жж.	14,9	8,1
2017-2021 жж.	34,6	18,7
2022 ж.	5,6	3,0
2023 ж.	5,8	3,1
2024 ж.	6,0	3,2
2025 ж.	6,65	3,6
Барлығы	**185,2**	**100,0**

2025 жылы облыстар бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша топырақ іздестірулерінің алаңы 75-кестеде келтірілген.

Есепті жылы ауыл шаруашылығы алқаптарын жаңа топырақ зерттеу алаңдары Павлодар (707,0 мың га), Жетісу (535,0 мың га), Батыс Қазақстан (535,0 мың га) облыстарында орындалды.

75-кесте

2025 жылы облыстар бойынша топырақ іздестіру көлемін орындау

мың га

Облыстардың атауы	Көлемі, барлығы	Үлес салмағы, %
Абай	480,0	7,2
Ақмола	525,0	7,9
Ақтөбе	475,0	7,1
Алматы облысы	420,0	6,3
Атырау	-	-
Шығыс Қазақстан	505,0	7,6
Жамбыл	480,0	7,2
Жетісу	535,0	8,1
Батыс Қазақстан	535,0	8,1
Қарағанды	370,0	5,5
Қостанай	375,0	5,6
Қызылорда	448,0	6,8
Маңғыстау	-	-
Павлодар	707,0	10,6
Солтүстік Қазақстан	315,0	4,8
Түркістан	480,0	7,2
Ұлытау	-	-
Алматы қ.	-	-
Астана қ.	-	-
Шымкент қ.	-	-
Барлығы	**6 650,0**	**100,0**

Топырақты зерттеу материалдарының бар болуының картограммасы 27- суретте көрсетілген.

27-сурет

2025 жылғы 6 650 мың гектар аумақта жерлерге топырақ зерттеулер жүргізу



4.5. Геоботаникалық зерттеулер

Геоботаникалық зерттеу – өсімдік жамылғысын, оның түрлік құрамын, құрылымын, өнімділігін және табиғи жағдайларға байланысты кеңістікте таралуын зерттеуге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарының кешені.

Геоботаникалық зерттеудің мақсаты – табиғи өсімдік жамылғысының (ең алдымен жайылымдар мен шабындықтардың) жағдайы мен өнімділігі туралы сенімді ақпарат алу. Бұл оларды ұтымды пайдалану, сақтау және қалпына келтіру, сондай-ақ өсімдік жамылғысының деградация үдерістерінің алдын алу үшін қажет.

Геоботаникалық зерттеулердің өзекті деректері (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мен ауыл шаруашылығы қоры жерлері) 70,5 млн гектарды құрайды.

Республикада әртүрлі жылдары жүргізілген геоботаникалық зерттеулердің қор материалдары түгендеу нәтижелерін ескере отырып, 165,0 млн гектар мал азықтық алқаптарды қамтиды (басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлерді қоспағанда). Зерттелмеген жерлер ретінде негізінен қорғаныс қажеттіліктеріне берілген жерлер мен қор жерлеріндегі өнімділігі төмен шалғай жайылым учаскелері қалып отыр.

Геоботаникалық іздестірулер көлемінің орындалу динамикасы 76-кестеде келтірілген.

76-кесте

Геоботаникалық зерттеулер көлемін орындау динамикасы

Зерттеу кезеңдері	Алаңы, млн га	Үлес салмағы,%
2000 ж. дейін	88,0	53,3
2001 – 2010 жж.	6,5	3,9
2011 – 2016 жж.	9,4	5,7
2017 - 2021 жж.	33,0	20,0
2022ж.	6,0	3,7
2023ж.	7,6	4,6
2024ж.	7,0	4,3
2025ж.	7,5	4,5
Барлығы	**165,0**	**100,0**

Геоботаникалық зерттеулердің негізгі бөлігі (48,5%) 2000 жылға дейінгі кезеңде жүргізілген. Геоботаникалық зерттеу материалдарының болуын көрсететін картограмма 28-суретте келтірілген.

Есепті жылы геоботаникалық зерттеулер бірқатар облыстарда 259 «Жер ресурстары туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасының 100 «Мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін қалыптастыру» бюджеттік кіші бағдарламасына сәйкес 7500,0 мың гектар аумақта жүргізілді.

2025 жылы облыстар бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша геоботаникалық ізденістердің көлемі 77-кестеде келтірілген.

77-кесте

2025 жылы облыстар бойынша
геоботаникалық зерттеулер көлемін орындау

Облыстардың атауы	Алаңы, мың га	Жалпы көлемге қатысты үлес салмағы, %
Абай	695,0	9,3
Ақтөбе	700,0	9,3
Жетісу	700,0	9,3
Қарағанды	950,0	12,7
Қостанай	930,0	12,4
Қызылорда	70,0	0,9
Павлодар	807,9	10,8
Ұлытау	2647,1	35,3
Барлығы	**7 500,0**	**100,0**

2025 жылы геоботаникалық зерттеулер республиканың сегіз облысында жүргізілді, олардың негізгі алаңдары Ұлытау (35,3 %), Қарағанды (12,7 %), Қостанай (12,4 %), Павлодар (10,8%), Ақтөбе (9,3 %), Абай (9,3 %), Жетісу (9,3 %) және Қызылорда (0,9 %) облыстарына тиесілі.

Зерттеу 1:50 000 масштабта жүргізілді.

28-сурет

2025 жылы 7 500 мың гектар аумақта геоботаника зерттеулер жүргізу



4.6. Топырақты бонитеттеу

Топырақты бонитеттеу – топырақ сапасы мен ауыл шаруашылығы алқаптарының табиғи өндірістік қабілетін салыстырмалы бағалау.

Топырақты бонитеттеудің мақсаты – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің сапалық сипаттамасын анықтау, оларды экономикалық бағалау және кадастрлық құнын белгілеу.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің қабылдануымен және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік енгізілуімен ауыл шаруашылығы алқаптарының сапасын бағалаудың шынайылығының маңызы артты. Осыған байланысты 2003 жылдан бастап топырақты бонитеттеу ескі облыстық бонитеттік шкалалар негізінде емес, алаңдық негізде жүргізіле бастады, бұл топырақ бонитетін дәлірек анықтауға мүмкіндік берді.

2008 жылдан 2025 жылға дейін топырақты бонитеттеу 57,0 млн гектар аумақта жүргізілді, оның ішінде соңғы 10 жылда – 45,1 млн гектар. Топырақты бонитеттеу көлемдерінің орындалу динамикасы 78-кестеде келтірілген.

78-кесте

Топырақты бонитеттеу көлемдерінің орындалу динамикасы

мың га

Зерттеу кезеңдері	Зерттеу кезеңіндегі жер алаңы	Жыл сайынғы зерттеу көлемі
2003-2005 ж.ж.	5 127,9	1 709,3
2006-2010 ж.ж.	11 423,0	2 284,6
2011 ж.	2 504,1	2 504,1
2012 ж.	2 340,3	2 340,3
2013 ж.	2 187,5	2 187,5
2014 ж.	2 600,0	2 600,0
2015 ж.	2 530,0	2 530,0
2016 ж.	1 480,0	1 480,0
2017 ж.	3 580,0	3 580,0
2018 ж.	4 331,2	4 331,2
2019 ж.	5 700,0	5 700,0
2020 ж.	7 700,0	7 700,0
2021 ж.	7 527,5	7 527,5
2022 ж.	4 506,1	4 506,1
2023 ж.	3 000,6484	3 000,6484
2024 ж.	4 024,1863	4 024,1863
2025 ж.	5 094,0588	5 094,0588

Есепті жылы мемлекеттік тапсырысқа сәйкес 5 094,0588 мың га алаңда ауыл шаруашылығы алқаптарының топырақтарына бағалау жүргізілді.

Есепті жылы облыстар бойынша топырақты бонитеттеу бойынша жұмыстарды орындау 79-кестеде келтірілген.

79-кесте

2025 жылы облыстар бойынша топырақты бонитеттеу жұмыстарының орындалуы

мың га

Облыстардың атауы	Алаңы, барлығы	Үлес салмағы, %
Абай	385,0	7,6
Ақмола	273,8	5,4
Ақтөбе	705,0588	13,9
Алматы облысы	-	-
Атырау	-	-
Шығыс Қазақстан	375,0	7,3
Жамбыл	410,3	8,1
Жетісу	334,0	6,5
Батыс Қазақстан	312,0	6,1
Қарағанды	237,8	4,7
Қостанай	242,8	4,8
Қызылорда	420,0	8,2
Маңғыстау	-	-
Павлодар	642,0	12,6
Солтүстік Қазақстан	365,9	7,1
Түркістан	390,4	7,7
Ұлытау	-	-
Астана қ.	-	-
Алматы қ.	-	-
Шымкент қ.	-	-
Барлығы	**5 094,0588**	**100,0**

Есепті жылы ауыл шаруашылығы алқаптарының топырақ бонитетін айқындаудың ең үлкен алаңдары Ақтөбе (705,0588 мың га) және Павлодар (642,0 мың га) облыстарында орындалды.

4.7. Жер мониторингін жүргізу

Жер мониторингін жүргізу – жер қорының сапалық және сандық жай-күйін үздіксіз бақылау жүйесі. Ол өзгерістерді анықтауға, бағалауға, болжауға және жерді ұтымды пайдалану мен қорғау шараларын әзірлеуге бағытталған.

Жер мониторингін жүргізудің мақсаты – жердің жай-күйі туралы сенімді ақпаратты уақтылы алу негізінде жер ресурстарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету, теріс үдерістердің алдын алу және оларды жою, сондай-ақ мемлекеттік жер кадастры мен жерге орналастыруды ақпараттық қамтамасыз ету.

Мониторинг объектісі – меншік нысаны мен нысаналы мақсатына қарамастан, елдің бүкіл жер қоры. Оның құрылымы аумақтық қамтылуына және жер санаттарына байланысты анықталады. Негізгі мазмұнына жүйелі бақылаулар, топырақтық және геоботаникалық деректерді талдау, өзгерістерді анықтау және олардың даму болжамы кіреді.

Мониторингтің негізгі міндеттеріне жер жағдайындағы өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау және болжау, сондай-ақ теріс үдерістердің алдын алу бойынша ұсынымдар әзірлеу жатады. Сонымен қатар ол жер кадастрына, жерге орналастыруға және мемлекеттік бақылауға ақпараттық қолдау көрсетеді.

Мониторинг республикалық, өңірлік және жергілікті деңгейлерге бөлінеді және жердің нысаналы мақсатын ескере отырып жүргізіледі. 2025 жылы жұмыстар ауыл шаруашылығы жерлерін қамтыды.

Бақылау жүргізу үшін табиғи аймақтар мен топырақ жағдайларын ескере отырып орналастырылған стационарлық (СБП) және жартылай стационарлық байқау (ЖСБП) пункттерден тұратын мемлекеттік аумақтық-аймақтық желі құрылған. Алаңдар әкімшілік аумақтардың типтік топырақтарында орналастырылады.

СБП топырақ қасиеттері мен үдерістерінің (эрозия, тұздану, ластану, гумус пен қоректік элементтер мөлшерінің өзгеруі) ұзақ мерзімді өзгерістерін зерттеу үшін пайдаланылады. ЖСБП мерзімді бақылаулар жүргізу үшін қолданылады.

Бақылау жүргізу мерзімділігі СБП үшін 1–3 жылды, ал ЖСБП үшін 5 жылға дейінгі кезеңді құрайды. Әрбір пункт бойынша паспорт, өзгерістер кестелері және жерді пайдалану жөніндегі ұсынымдар жасалады.

2025 жылы мониторинг шамамен 10 млн гектар ауыл шаруашылығы жерлерін қамтыды. Ел бойынша барлығы 1185 бақылау пункті жұмыс істейді, оның ішінде 639 СБП және 546 ЖСБП бар, олар Қазақстанның барлық дерлік өңірлерінде орналасқан (80-кесте).

Мониторинг жүйесі топырақ жағдайын бағалауға, теріс үдерістерді анықтауға және жерді қорғау мен ұтымды пайдалану шараларын негіздеуге мүмкіндік береді.

80-кесте

Облыстар бойынша жер мониторингі пункттерінің аумақтық-аймақтық желісі

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың атаулары	01.01.2025 ж. қолданыстағы		Есепті жылы жаңалары қаланды		2025 жыл соңында		2025 жылы қайталама бақылаулар жүргізілді.	
	СБП	ЖСБП	СБП	ЖСБП	СБП	ЖСБП	СБП	ЖСБП
Абай	6	28	-	-	6	28	2	6
Ақмола	39	122	-	-	39	122	2	13
Ақтөбе	40	23	-	-	40	23	8	-
Алматы	-	22	-	-	-	22	-	4
Атырау	1	22	-	-	1	22	-	-
Шығыс Қазақстан	3	18	-	-	3	18	2	1
Жетісу	-	49	-	-	-	49	-	-
Жамбыл	14	23	-	-	14	23	2	2
Батыс Қазақстан	4	19	-	-	4	19	2	6
Қарағанды	6	51	-	-	6	51	-	8
Қостанай	60	73	-	-	60	73	2	6
Қызылорда	38	-	-	-	38	-	5	-
Маңғыстау	-	-	-	-	-	-	-	-
Павлодар	7	37	-	-	7	37	-	8
Солтүстік Қазақстан	14	55	-	-	14	55	6	7
Түркістан	86	-	-	-	86	-	-	8
Ұлытау	1	4			1	4	-	-
Алматы қ.	200	-	-	-	200	-	-	-
Астана қ.	120	-	-	-	120	-	-	-
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	**639**	**546**	**-**	**-**	**639**	**546**	**31**	**69**

Аумақтық-аймақтық мониторинг желісінің деректері бойынша 2025 жылы Қазақстан Республикасының бірқатар облыстарында стационарлық (СБП) және жартылай стационарлық (ЖСБП) пункттерде қайталама бақылаулар жүргізілді. Нәтижелер топырақтағы гумус мөлшерінің кеңістіктік және уақыттық өзгергіштігін көрсетті, бұл табиғи-климаттық жағдайларға, жер пайдалану ерекшеліктеріне және қолданылатын агротехнологияларға байланысты.

Ақмола облысында жерді ұзақ уақыт ауыл шаруашылығында пайдаланумен, сондай-ақ оларды пайдалану режимдерінің өзгеруімен байланысты қарашірік көрсеткіштерінің айырмашылықтары тіркелді.

Ақтөбе облысында қарашіріктің құрамы көрсеткіштердің салыстырмалы тұрақтылығының жекелеген учаскелері бар, әсіресе егістік алқаптарда өзгергіштікпен сипатталады.

Алматы облысында суармалы жерлерде гумус мөлшерінің біркелкі еместігі байқалады, бұл суармалы егіншіліктің ерекшеліктері мен агротехникалық жүктеме деңгейіне байланысты.

Батыс Қазақстан облысында топырақ жамылғысының жағдайы жайылым және егістік жерлердің бір бөлігінде гумус көрсеткіштерінің салыстырмалы тұрақтылығымен сипатталады, алайда жекелеген учаскелерде өзгеше мәндер байқалады.

Жамбыл облысында гумус мөлшерінің шамалы өзгергіштігі суармалы егіншілік жағдайларымен байланысты.

Қарағанды облысында көптеген пункттерде гумус көрсеткіштері салыстырмалы тұрақтылықпен ерекшеленеді, кейбір жерлерде жергілікті ауытқулар байқалады.

Қостанай облысында гумус мөлшері біркелкі емес сипатқа ие, мұнда тұрақты мәндері бар учаскелермен қатар көрсеткіштердің әртүрлі динамикасы байқалады.

Қызылорда және Түркістан облыстарында гумус мөлшерінің ерекшеліктері суармалы егіншілік жағдайларымен, топырақ түрлерімен және олардың ауыл шаруашылығында игерілу деңгейімен анықталады.

Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында гумус мөлшерінің өзгергіштігі байқалады, кейбір учаскелерде көрсеткіштердің салыстырмалы тұрақтылығы сақталған.

Солтүстік Қазақстан облысында көпжылдық бақылаулар деректері бойынша гумус мөлшерінің өзгергіштігі тіркелген, сонымен қатар кейбір учаскелерде тұрақты сипаттамалар сақталған.

Абай облысында гумус мөлшері бақылау пункттері арасындағы айырмашылықтармен сипатталады, бұл жер пайдалану ерекшеліктері мен өңірдің табиғи жағдайларын көрсетеді.

Жетісу облысында 2025 жылы мониторинг жүргізілген жоқ.

4.8. Тозудың электрондық карталарын жасау (тұздылықты қоса алғанда)

Жер тозуының, оның ішінде тұздылықты қоса алғанда үдерістерінің электрондық карталарын жасау жер ресурстары мониторингі жүйесін цифрландырудың маңызды элементі болып табылады. Бұл карталар тозудың үдерістердің кеңістіктік таралуын анықтауға, олардың ауқымы мен динамикасын бағалауға, сондай-ақ топырақ жағдайының одан әрі нашарлауының алдын алу шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

2025 жылы жер тозудың электрондық карталарын цифрландыру және жасау жұмыстары жалпы алаңы 53 537,73 мың гектар аумақта орындалды.

Облыстар бойынша жұмыстардың ең үлкен көлемі төмендегідей бөлінді:

Ақмола облысы – 7 000 мың га;

Қостанай облысы – 4 000 мың га;

Түркістан облысы – 3 837,73 мың га;

Солтүстік Қазақстан облысы – 3 700 мың га;

Ақтөбе облысы – 3 500 мың га;

Алматы облысы – 3 500 мың га;

Абай облысы – 3 500 мың га;

Шығыс Қазақстан облысы – 3 500 мың га;

Жамбыл облысы – 3 500 мың га;

Жетісу облысы – 3 500 мың га;

Батыс Қазақстан облысы – 3 500 мың га;

Қарағанды облысы – 3 500 мың га;

Қызылорда облысы – 3 500 мың га;

Павлодар облысы – 3 500 мың га.

Жасалған электрондық карталар жер тозудың негізгі түрлерін қамтиды, оның ішінде су және жел эрозиясы, тұздану, сортаңдану үдерістері бар. Екінші реттік тұздану үдерістері айқын байқалатын суармалы аумақтарға ерекше назар аударылды.

Жалпы алғанда, жер тозудың электрондық карталарын жасау жер мониторингінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру шараларын жоспарлау және антропогендік теріс әсерлерді азайту үшін ақпараттық негіз қалыптастырады.

4.9. Агрохимиялық зерттеу

Агрохимиялық зерттеу – топырақтың жыртылатын қабатын кешенді талдау, оның мақсаты топырақ құнарлылығы деңгейін және өсімдіктерге қажетті негізгі қоректік элементтердің құрамын бағалау болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – егістік жерлер топырағының құнарлылық жағдайын мониторингтеу, минералдық тыңайтқыштарды қолдану бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ жерлерді ауыл шаруашылығында пайдалану барысында туындайтын топырақ деградациясы үдерістерін анықтау және алдын алу.

2025 жылы Қазақстан Республикасының топырақтарына агрохимиялық зерттеу бекітілген Жоспарға сәйкес 3893,24 мың гектар аумақта жүргізілді. Нәтижелер гумус мөлшері төмен және өте төмен топырақтардың басым екенін көрсетті: тәлімді жерлерде – 52,4%, суармалы жерлерде – 98,7%. Мұндай топырақтардың ең жоғары үлесі тәлімді жерлерде Жамбыл, Түркістан, Ұлытау және Жетісу облыстарында (100%), сондай-ақ Абай (99,2%), Павлодар (97,3%), Алматы (96,7%) және Қарағанды (88,7%) облыстарында байқалды. Гумус мөлшері жоғары топырақтар тәлімді егістіктің 4,2%-ын (148,12 мың га) алып жатыр. Гумустың орташа салмақталған мөлшері тәлімді жерлерде – 3,9%, суармалы жерлерде – 2,1%.

Жеңіл гидролизденетін азот мөлшері бойынша тәлімді жерлерде топырақтардың 49,0%-ында төмен деңгей, 36,7%-ында орташа және 14,3%-ында жоғары деңгей анықталды. Азотпен толық (100%) төмен қамтамасыз етілу Жетісу, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында тіркелді. Суармалы жерлерде топырақтардың 96,3%-ында азот мөлшері төмен. Орташа салмақталған мөлшері тәлімді жерлерде 39,6 мг/кг, суармалы жерлерде 19,6 мг/кг құрайды.

Қозғалмалы фосфор бойынша тәлімді жерлерде топырақтардың 35,8%- ында төмен, 55,0%-ында орташа және 9,3%-ында жоғары мөлшер анықталды. Төмен мөлшердегі ең үлкен аумақтар Ұлытау облысында (77,4%), Түркістан облысында (70,8%) және Қарағанды облысында (51,4%) байқалды. Суармалы жерлерде орташа (46,5%) және төмен (33,9%) деңгейлер басым. Фосфордың орташа салмақталған мөлшері тәлімді жерлерде 19,0 мг/кг, суармалы жерлерде 21,7 мг/кг құрайды.

Қозғалмалы калиймен қамтамасыз етілу жалпы алғанда жоғары: тәлімді жерлерде топырақтардың 94,7%-ында жоғары деңгей, суармалы жерлерде – 61,5%. Орташа салмақталған мөлшері тиісінше 553,2 мг/кг және 382,9 мг/кг құрайды.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының егістік топырақтары гумус пен азоттың төмен және орташа мөлшерінің басымдығымен, фосформен орташа

қамтамасыз етілуімен және калиймен жоғары қамтамасыз етілуімен сипатталады. Ең қолайлы көрсеткіштер Солтүстік Қазақстан облысында байқалады, ал оңтүстік өңірлерде азот тыңайтқыштарын қолдануды күшейту қажет.

Қоректік элементтердің орташа салмақталған көрсеткіштері 81-кестеде келтірілген.

81-кесте

2025 жылғы Қазақстан Республикасы топырақтарының агрохимиялық зерттеу нәтижелері бойынша өсімдіктердің қоректік элементтерінің орташа салмақталған мөлшері

Облыстардың атауы	Зерттел-ген алаңы, мың га	Орташа салмақтанған мөлшері				
		қара-шірік ,%	азот, мг/кг	қозғалмалы фосфор, мг/кг	қозғалмалы калий, мг/кг	pH- тұзды ерітінді сығындысы ,бірлік.
		егістік				
Абай	117,60	2,3	26,8	18,6	401,4	7,81
Ақмола	1 120,49	3,9	44,1	18,6	525,4	7,34
Ақтөбе	65,04	3,4	43,7	21,1	570,4	7,19
Алматы	37,92	2,3	20,5	24,5	658,8	7,80
Шығыс Қазақстан	94,10	3,7	33,3	19,9	411,1	7,34
Жамбыл	154,78	1,6	16,3	21,4	575,4	7,75
Жетісу	14,60	1,7	14,7	20,9	387,9	7,66
Батыс Қазақстан	28,48	3,4	40,8	22,3	607,3	7,00
Қарағанды	210,95	2,8	39,0	17,4	575,0	7,01
Қостанай	844,89	4,6	42,9	21,3	642,5	6,91
Павлодар	178,08	2,5	28,1	15,5	398,3	6,56
Солтүстік Қазақстан	533,24	5,4	44,8	17,3	561,5	7,03
Түркістан	86,18	2,4	16,6	15,0	527,9	7,71
Ұлытау	38,72	2,5	40,2	12,0	548,4	7,33
Барлығы тәлім бойынша	**3 525,07**	**3,9**	**39,6**	**19,0**	**553,2**	**7,17**
		суармалы егістік				
Абай	9,93	2,3	25,6	20,5	413,9	7,41
Алматы	37,32	2,0	17,9	23,0	302,3	7,84
Шығыс Қазақстан	4,24	2,2	25,7	18,4	340,3	7,4
Жамбыл	46,12	1,9	18,7	29,5	460,9	7,79
Жетісу	69,26	1,6	17,6	19,7	306,3	7,64
Батыс Қазақстан	4,00	3,3	39,9	24,6	622,3	7,11
Қарағанды	16,91	2,9	45,6	24,5	582,6	7,07
Қызылорда	45,99	2,8	15,2	18,2	398,0	7,98
Павлодар	41,26	1,8	26,2	17,7	324,7	6,38
Түркістан	93,14	2,2	14,8	22,0	404,0	8,12
Барлығы суармалы бойынша	**368,17**	**2,1**	**19,6**	**21,7**	**382,9**	**7,66**
Барлығы	**3 893,24**	**3,7**	**37,7**	**19,2**	**537,1**	**7,22**

5. ГЕОДЕЗИЯ ЖӘНЕ КАРТОГРАФИЯ

Геодезиялық және картографиялық өндіріс негізгі міндетті орындауға - еліміздің мемлекеттік геодезиялық және картографиялық қамтамасыз ету жүйесінің деңгейін арттыруға бағытталған. Сала алдында тұрған неғұрлым басым міндеттер Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары. Мәселен, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының аумағын жергілікті жердің қазіргі жағдайына сәйкес келетін, масштабы 1:25 000 цифрлық топографиялық карталармен және масштабы 1:2 000 қала жоспарларымен қамту деңгейі 99,37%-ды құрады.

Бұл қызметтің елеулі үлесіне республика экономикасының, қорғанысының түрлі салаларын геодезиялық және картографиялық ақпаратпен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын демаркациялау бойынша жұмыстарды жалғастыру, масштабтық қатардың мемлекеттік топографиялық карталарын жаңарту және қалалардың, елді-мекендердің ірі масштабты топографиялық жоспарларын жасау үшін цифрлық аэроғарыштүсірілімді қолдану, картографиялық-геодезиялық және кеңістіктік деректер материалдарын тіркеу және сақтау жатады.

5.1. Геодезиялық және картографиялық жұмыстар

2025 жылы келесі геодезиялық және картографиялық жұмыстар орындалды:

1) Аумағы 121 722,81 ш.км Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Павлодар облыстарының ғарыштық түсірілім материалдарын өңдеу;

2) Алаңы 423,74 ш.км парақ масштабы 1:2 000 қалалар мен елді мекендердің топографиялық жоспарларын құру және жаңарту:

Қарағанды облысы: *Приозерск қ.;*

Абай облысы: *Абай ауданы:* Медеу а.; *Аягөз ауданы:* Сарыарқа а., Емелтау а.; *Жарма ауданы:* Қаратөбе а.; *Ақсуат ауданы:* Сәтбаев а.; *Жаңасемей ауданы:* Айнабұлақ а., Алғабас а., Талица а., Жарқын а.;

Шығыс Қазақстан облысы: *Глубокое ауданы:* Алтай а., Калинино а.;

Маңғыстау облысы: *Бейнеу ауданы:* Қоркөл а., Боранқұл а., Сам а., Тұрыш а., Сыңғырлау а., Төлеп а., Сарға а., Ақжігіт а., Тәжен а.; *Қарақия ауданы:* Бостан а.,

Қызылсай а., Сенек а., Мұнайшы а., Жетібай а., Болашақ а., Аққұдық а., Құланды а.; *Маңғыстау ауданы:* Ақшымырау а., Жыңғылды а., Шебер а., Қызан а., Үштаған а., Жармыш а., Тұщыбек а., Оңды а., Сайөтес а., Тұщықұдық а., Шайыр а., Бекі а.; *Түпқараған ауданы:* Қызылөзен а., Таушық а.;

<u>*Павлодар облысы:*</u> *Павлодар қ.ә.:* Мойылды а.; *Аққұлы ауданы:* Шарбақты а., Тақыр а., Айтей Батыр а., Жаңатаң а., Қазантай а., Қазы а., Шөқтал а., Жабағылы а., Тосағаш а., Тілектес а., Қызылқоға а.; *Железин ауданы:* Церковное а., Аққайың а., Захаровка а., Моисеевка а., Жолтаптық а., Береговое а., Кузьмино а., Есқара а., Крупское а., Красновка а., Мыңкөл а., Петропавловка а., Урлютюб а.; *Ертіс ауданы:* Голубовка а., Ағашорын а., Ленино а., Иса Байзақов а., Қарақұдық а., Қоскөл а., Қызылжар а., Майқоңыр а., Панфилов а., Северное а., Селеті а., Ұзынсу а., Аманкелді а., Үлгілі а., Луговое а., Қызылқақ а., Тоқты а., Қосағаш а., Қараағаш а.; *Май ауданы:* Үлкен Ақжар а., Жаңа Ақшиман а., Баскөл а., Жұмыскер а., Қаратерек а., Майское а., Майтүбек а., Малайсары Батыр а., Қызылеңбек а., Абай а.; *Ақсу қ.ә.:* Қаракөл а., Береке а., Спутник а., Ақжол а.; *Екібастұз қ.ә.:* Зеленая роща а., Қарасор а., Тай а.; *Ақтоғай ауданы:* Қарабұзау а., Шұға а., Өтес а., Абжан а., Жаңабет а., Барлыбай а.; *Баянауыл ауданы:* Октябрь а., Бүркітті а., Шоптыкөл а., Ақмектеп, Егіндібұлақ а., Жарылғап а., Лекер а., Сұлужон а., Көкдомбақ а., Қызылшілық а., Ақши а., Шоманкөл а.; *Павлодар ауданы:* Әйтім а., Аққұдық а., Богдановка а., Үміт Апа а., Достық а., Пресное а., Сычевка а., Черноярка а., Маралды а., Шақат а.; *Тереңкөл ауданы:* Ыналы а., Қызылтаң а., Зеленая Роща а., Осьмерыжск а., Луговое а., Фрументьевка а., Березовка а., Тегістик а., Покровка а., Новоспасовка а., Қызылдау а., Первомайск а., Воронцовка а.; *Успен ауданы:* Травянка а., Ольховка а., Тимирязев а., Дмитриевка а., Надаровка а., Чистополь а., Новопокровка а., Равнополь а.; *Шарбақты ауданы:* Татьяновка а., Назаровка а., Арбиген а., Жылыбұлақ а., Сахновка а., Заборовка а., Садықашы а.;

<u>*Түркістан облысы:*</u> *Арыс қ.ә.:* Дермене а., Байтоғай а., Саналы а., Шөгірлі а. аумақтарында камералдық жұмыстар;

3) Масштабы 1:25 000 мемлекеттік цифрлық топографиялық карталарды жасау және жаңарту бойынша 5 056 номенклатуралық парақта далалық жұмыстарды және 4 372 номенклатуралық парақта камералдық жұмыстарды орындау, сондай-ақ 1 939 номенклатуралық парақта масштабы 1:50 000 және 1:100 000 цифрлық топографиялық карталарды жасау;

4) Қазақстан Республикасы аумағының 100%-на жер бедерінің цифрлық моделін құру;

5) Ұзындығы 9 678,8 қума км II сыныптарды нивелирлеу, II сынып нивелирлеу желілерін қалпына келтіру үшін 141 пунктті салу;

6) Әрқайсысы 1 000 данадан тұратын 1 880 номенклатуралық цифрлық топографиялық карта парағын шығару (басып шығару);

7) Масштабы 1:1 000 000 Қазақстан Республикасының картасын және масштабы 1:3 000 000 «Түркі елінің жалпы картасы» үшін Қазақстан Республикасы картасының 28 парағын құру.

5.2. Ауылшаруашылығы жерлерін картографиялау

Жер ресурстарын басқару саласындағы басым бағыттар: Жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру, жер алқаптарының зерттелу дәрежесі, жай-күйі және пайдаланылуы туралы ақпаратпен, сондай-ақ топырақтың құнарлығын арттыру, салықтарды, жалдау ақысын есептеу, жалдау құқығын сату және жердің кадастрлық құны үшін Жердің сапалық жай-күйі жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ету.

Бұл басымдыққа қол жеткізу, оның ішінде республика аумағын жергілікті жердің қазіргі жағдайына сәйкес келетін арнайы цифрлық ауыл шаруашылығы карталарымен 100% қамту кезінде мүмкін болады.

Цифрлық ауыл шаруашылығы картасы – мәліметтерді қалыптастыруға және мемлекеттік жер кадастрын жүргізуге арналған салалық карта, ауыл шаруашылығы алқаптарының кеңістіктік орналасуы, ауданы, сапалық жай-күйі және нақты пайдаланылуы туралы ақпаратты қамтиды, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер туралы өзекті және нақты мәліметтерді көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы карталарының ерекшелігі оның негізгі мазмұны ауыл шаруашылығы алқаптары және оларды шаруашылықта пайдалану болып табылатындығында. Мұндай карталарда егістік, жайылым, шабындық, тыңайған жерлер және көпжылдық екпелер сияқты алқаптардың контурлары егжей-тегжейлі көрсетіледі, сондай-ақ олардың сапалық сипаттамалары: сортаңдануы, батпақтануы, қиыршық тастармен, құммен, тастармен ластануы, бұталар, қамыс және т.б. өсуі. Бұдан басқа, инфрақұрылым көрсетілген: өндірістік, көлік (жол), энергетикалық, су (гидротехникалық), сондай-ақ мелиоративтік жағдай (суару жүйелерінің, су

көздерінің және т. б. болуы және жағдайы) және жер бедерінің элементтері (жарлар, жыралар, жылғалар, құрғақ арналар және т. б.) және т. б.

Ауыл шаруашылығы карталары қазіргі заманғы аграрлық сектордың цифрлық инфрақұрылымының маңызды бөлігі бола отырып, бүгінгі жағдайда ауыл шаруашылығының өзекті міндеттерін тиімді шешу құралы. Олардың базалық негізі:

- мәліметтерді қалыптастыру және мемлекеттік жер кадастрын жүргізу;

- мониторинг жүргізу, талдау, түгендеу және жерлерді аймақтарға бөлу;

- ауыл шаруашылығы жерлерін электронды түрде беру;

- жер үшін төлемдерді белгілеу (жалға алу төлемі, жалға алу құқығын сату және жердің кадастрлық құны), салықтарды есептеу;

- жердің нақты пайдаланылуына сәйкес жер балансын жасау;

- жерге орналастыруды жүргізу және жерді пайдалану мен қорғауды бақылау;

- топырақ, геоботаникалық және басқа да тақырыптық карталарды жасау.

Қазіргі заманғы цифрлық ауылшаруашылық карталарын пайдалану мыналарды қамтамасыз етеді:

жер ресурстарын басқару және оларды пайдалану тиімділігінің өсуі;

ауыл шаруашылығы жерлерінің инвестициялық тартымдылығын арттыру;

жер беру рәсімдерін жеделдету және әкімшілік кедергілерді азайту;

жер қорының ашықтығын арттыру;

ауыл шаруашылығы жерлерінің экономикалық айналымға тартылуын арттыру;

бәсекелестіктің өсуі және соның салдарынан бюджет кірістерінің ұлғаюы;

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету.

2025 жылы «Жер ресурстары туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру» 259 бюджеттік бағдарламасының «Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін қалыптастыру» 100 кіші бағдарламасы аясында ауыл шаруашылық картографиялау бойынша аэрофотогеодезиялық жұмыстардың көлемі мынаны құрады:

1) ауылшаруашылығын картографиялау үшін ғарыштан түсіру көлемі 10 145,9 мың га, оның ішінде облыстар бөлінісінде:

- Ақмола облысы – 7 792,8 мың га;

- Қарағанды облысы – 485,0 мың га;

- Ұлытау облысы – 718,6 мың га;

- Түркістан облысы - 4 043,2 мың га;

2) жоспарлы-биіктікке байланыстырылған – 1 018 тану белгісі, оның ішінде облыстар бөлінісінде

- Ақмола облысы – 597 тану белгісі;
- Жамбыл облысы – 38 тану белгісі;
- Қарағанды облысы – 47 тану белгісі;
- Ұлытау облысы – 99 тану белгісі;
- Түркістан облысы – 121 тану белгісі;
- Қызылорда облысы – 116 тану белгісі;

3) цифрлық ортофотожоспарларды жасау көлемі (оның ішінде электронды формуляр) 63 807,1 мың га, оның ішінде облыстар бөлінісінде:

- Ақмола облысы – 7 792,8 мың га;
- Атырау облысы – 1 896,5 мың га;
- Жамбыл облысы – 4 134,7 мың га;
- Қарағанды облысы – 9 303,9 мың га;
- Ұлытау облысы – 6 604,3 мың га;
- Қостанай облысы – 3 864,5 мың га;
- Қызылорда облысы –13 535,2 мың га;
- Маңғыстау облысы – 10 380,3 мың га;
- Түркістан облысы – 6 294,9 мың га;

4) ортофотожоспарлардың шифрларын ашу көлемі 61 711,2 мың га, оның ішінде облыстар бөлінісінде:

- Алматы облысы – 1 469,8 мың га;
- Атырау облысы – 2 903,4 мың га;
- Жамбыл облысы – 4 134,7 мың га;
- Қарағанды облысы – 8 818,9 мың га;
- Қостанай облысы – 3 864,5 мың га;
- Қызылорда облысы –13 535,2 мың га;
- Ұлытау облысы – 5 885,7 мың га;
- Түркістан облысы – 5 145,4 мың га;
- Маңғыстау облысы – 15 953,6 мың га;

5) цифрлық ауыл шаруашылығы карталарын жасау көлемі 61 711,2 мың га, оның ішінде облыстар бөлінісінде:

- Алматы облысы – 1 469,8 мың га;

- Атырау облысы – 2 903,4 мың га;

- Жамбыл облысы – 4 134,7 мың га;

- Қарағанды облысы – 8 818,9 мың га;

- Қостанай облысы – 3 864,5 мың га;

- Қызылорда облысы –13 535,2 мың га;

- Ұлытау облысы – 5 885,7 мың га;

- Түркістан облысы – 5 145,4 мың га;

- Маңғыстау облысы – 15 953,6 мың га;

6) ашық цифрлық ауыл шаруашылығы карталарын жасау көлемі 245 454,6 мың га, оның ішінде облыстар бөлінісінде:

- Ақмола облысы – 14 398,3 мың га;

- Алматы облысы, оның ішінде Жетісу облысы – 20 909,7 мың га;

- Ақтөбе облысы – 29 996,5 мың га;

- Атырау облысы – 11 984,8 мың га;

- Шығыс Қазақстан облысы, оның ішінде Абай облысы – 27 577,5 мың га;

- Жамбыл облысы – 14 179,8 мың га;

- Батыс Қазақстан облысы – 15 033,9 мың га;

- Ұлытау облысы – 42 420,4 мың га;

- Қостанай облысы – 19 631,8 мың га;

- Қызылорда облысы – 21 658,1 мың га;

- Маңғыстау облысы – 15 953,6 мың га;

- Түркістан облысы – 11 710,2 мың га.

Осылайша, Қазақстан Республикасының аумағы цифрлық ауыл шаруашылығы карталарымен, оның ішінде Qazaqstan Terrestrial Reference Frame 2023 (QazTRF-23) мемлекеттік есептік жүйесінде де толық, 100% қамтылды.

Ауыл шаруашылығы жерлерін цифрландыру жұмыстары Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы № 542 «Экономиканы либерализациялау шаралары туралы» Жарлығын орындау мақсатында жүргізілді, оған сәйкес ауыл шаруашылығы жерлерін цифрландыру 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқталуы тиіс.

ҚР аумағының цифрлық ауылшаруашылық карталармен, оның ішінде ашық пайдаланудағы материалдармен қамтамасыз етілуінің картограммалары 29- 30- суреттерде келтірілген.

Қазақстан Республикасы аумағын цифрлық ауыл шаруашылығы карталармен қамтамасыз ету 29 сурет

КАРТОГРАММАСЫ



Қазақстан Республикасы аумағын ашық цифрлық ауыл шаруашылығы карталармен қамтамасыз ету 30-сурет

КАРТОГРАММАСЫ



5.3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫН ДЕЛИМИТАЦИЯЛАУ, ДЕМАРКАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ РЕДЕМАРКАЦИЯЛАУ

2025 жылы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен мемлекеттік шекарасын шегендеу жөніндегі жұмыстар, сонымен бірге Қытай Халық Республикасымен қайта шегендеу жөніндегі жұмыстар жалғастырылды.

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасында мемлекеттік шекараны шегендеу бойынша далалық жұмыстар орындалды және 35 шекаралық белгі қайта орнатылды. (*Ақтөбе, Қостанай, Шығыс Қазақстан және Абай облыстары шекарасының жекелеген учаскелерінде).* Сондай-ақ, ITRF-2000 ашық координаттар жүйесінде шекаралық белгілердің өзара орналасу схемаларын жасау және ITRF-2000 ашық координаттар жүйесінде бұрын белгіленген шекаралық белгілердің координаттарын қайта есептеу бойынша жұмыстар орындалды.

Қазақстан-Қытай шекарасында мемлекеттік шекараны қайта шегендеу шеңберінде *(Шығыс Қазақстан, Алматы және Абай, Жетісу облыстары шекарасының жекелеген учаскелерінде)* 32 шекаралық белгі қалпына келтірілді және қайта орнатылды, сондай-ақ 56 шекаралық белгі қосымша орнатылды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КЕҢІСТІКТІК ДЕРЕКТЕР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

2024 жылдың қорытындысы бойынша «Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымы» бюджеттік инвестициялық жобасы (бұдан әрі - ҰКДИ) іске асырылды.

ҰКДИ аясында геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық желілер жаңғыртылды, 86 тұрақты жұмыс істейтін референцтік станция орнатылды, СК-42 (1942 жылғы координаттар жүйесі) орнына QazTRF-23 заманауи мемлекеттік координаттар жүйесі *(Qazaqstan Terrestrial Reference Frame 2023, 2023 жылғы Қазақстандық жер координаттық есептеу негізі)* енгізілді, сондай-ақ QazTRF-23 жүйесіндегі Бірыңғай цифрлық картографиялық негіз (БЦКН), Бірыңғай ортофотомозаика және кеңістіктік деректерге қол жеткізуге арналған ақпараттық жүйелер («Мемлекеттік геодезиялық қамтамасыз ету» АЖ және «ҰКДИ мемлекеттік геопорталы» АЖ) құрылды.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 наурыздағы № 208 «Мемлекеттік есептеу жүйелерін және картографиялық проекцияларды белгілеу туралы» қаулысына сәйкес QazTRF- 23 мемлекеттік координаттар жүйесі қолданысқа енгізілді.

«Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 4-тармағына сәйкес, БЦКН мемлекеттік органдардың барлық ақпараттық жүйелерінің, оған қоса олардың кадастрларының, географиялық ақпараттық жүйелері мен ресурстарының, геопорталдарының, геосервистерінің міндетті картографиялық негізі болып табылады.

Қазіргі уақытта map.gov.kz ҰКДИ Мемлекеттік геопорталында жер, табиғат және минералдық ресурстардың кадастрлық жүйелерін кешенді дамыту үшін экономика салаларының кеңістіктік деректер инфрақұрылымы қалыптастырылды.

Мүдделі орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың үйлестіру мақсатында 2025 жылдың 11 сәуірінде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Ж.Х. Мадиевпен Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді, кадастрларды, геопорталдарды және басқа да кеңістіктік деректерді QazTRF-23 жаңа координаттар жүйесіне көшіру жөніндегі жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілді.

Жол картасын іске асыру барысында ЖИЦДМ және «Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы» РМК мүдделі МО, ЖАО және олардың ведомстволық бағыныстысты ұйымдарына, сондай-ақ әзірлеушілерге тұрақты негізде әдістемелік сүйемелдеу мен консультациялық қолдау көрсетіп келеді.

Жалпы алғанда, ОМО, ЖАО және олардың ведомстволық бағыныстысты ұйымдары Жол картасын іске асыру және кеңістіктік деректерді цифрландыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда.

Сондай-ақ, барлық мүдделі ОМО мен ЖАО үшін ҰКДИ геопорталының базасында АЖО *(су қорғау аймақтары, су қорғау белдеулері, зираттар, мал қорымдары, мәдениет ескерткіштері, әкімшілік-аумақтық бірліктердің (елді мекендердің) шекаралары, топографиялық материалдар, сондай-ақ «жеке тұлғалардан кеңістіктік деректерді тіркеуші»)* әзірленді, кеңістіктік деректерді үздіксіз өзектендіру мақсатында есептік жазбалар құрылып ашылды.

6. ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық департаменттерінің (бұдан әрі - Департаменттер) деректері негізінде жасалған 1–ЖЕР есебіне сәйкес **2025 жылы** республика бойынша жер заңнамасын сақтау мәніне жалпы алаңы **2 621,3** мың га жер қатынастары субъектілеріне қатысты **5 978** тексеру жүргізілді.

Жүргізілген тексерулер барысында **2 096,4** мың га алаңда **4 866** бұзушылық анықталды, олар үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – ӘҚБтК) сәйкес жауапкершілік көзделген.

Бұзушыларға қатысты **3 074** әкімшілік іс қозғалды, **4 854** жағдайда жер заңнамасын бұзушыларға жалпы сомасы **560,7** млн теңгеге айыппұл түріндегі әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылды, **1 781** жағдайда ескерту түрінде, **27** жағдайда жасалған құқық бұзушылықтардың шамалы болуына байланысты іс жүргізу тоқтатылды.

Бұзушылықтардың түрлері бойынша көрсеткіштер былайша бөлінген:

жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзу (ӘҚБтК 136-бабы) - **1 872;**

арнайы белгілерді жою (ӘҚБтК 138-бабы) - **5**;

жердің бүлінуі (ӘҚБтК 337-бабы) - **35;**

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбау (ӘҚБтК 338-бабы) - **1 642**;

жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану жөніндегі міндеттерін орындамауы (ӘҚБтК 339-бабы) - **526**;

уақытша иеленетін жерлерді мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді орындамау (ӘҚБтК 340 – бабы) - **1**.

Анықталған бұзушылықтарды талдау көрсеткендей, бұзушылықтардың 38%-ы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымсыз пайдалануға немесе пайдаланбауға тиесілі, олардың басым бөлігі Маңғыстау облысында анықталған - **440** бұзушылық немесе жалпы санының 13% анықталған бұзушылықтар.

Салынған айыппұлдардың жалпы сомасынан (**560,7** млн теңге) **480,3** млн теңге ерікті түрде өндірілді. Республика бойынша айыппұлдарды өндіріп алу көрсеткіші 82% - құрады.

28,8 млн теңге сомасына айыппұлдар бойынша материалдар мәжбүрлеп өндіріп алу үшін атқарушылық іс жүргізу органдарына берілді.

Сот органдары **15,5** млн теңге сомасына айыппұлдарды алып тастады.

Тексерулердің ең көп санын Алматы облысының департаменті - **569**, ең азын Ұлытау облысының департаменті - **34** жүргізді.

Салынған айыппұлдар сомасы бойынша ең жоғары көрсеткіш Маңғыстау облысы департаментінде - **93,6** млн теңге, ең төмен көрсеткіш Павлодар облысында - небәрі **5,1** млн теңге.

Сонымен қатар, бұрын берілген нұсқамаларды орындамағаны үшін бөлімшелер ӘҚБтК 462- бабына сәйкес 273 хаттама толтырды, нәтижесінде сот органдары жалпы сомасы 50 млн теңге болатын айыппұлдар салды**.**

7. ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕРІН БАҚЫЛАУ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі - Департаменттер) **2025 жылдың** қорытындысы бойынша Жер кодексінің және Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің талаптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың қабылданған шешімдерінің заңдылығына **1 071** тексеру жүргізді.

Тексеру жүргізу кезінде Департаменттер ЖАО-ның 13 316 шешімін қарады және заңсыз қабылданған 1 731 (*жер алаңы 276,1 мың га*) шешімін анықтады.

Тексеру қорытындысы бойынша департаменттермен ҚР Жер заңнамасының нормаларын бұзушылықтарды жою туралы 847 ұйғарым енгізілді, оның 290-сі орындалды. Мәжбүрлеп орындатуды талап ететін талап-арыздар 229 іс бойынша берілді, ал соттар 13 қаулының күшін жойды.

Жол берілген бұзушылықтар үшін жергілікті атқарушы органдардың 23 лауазымды тұлғасы ӘҚБтК 137 бабына сәйкес жалпы сомасы 3,5 млн теңгеге айыппұл салумен әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар, бұрын берілген нұсқамаларды орындамағаны үшін бөлімшелер ӘҚБтК 462- бабына сәйкес 23 хаттама толтырды, нәтижесінде сот органдары жалпы сомасы 1,4 млн теңге болатын айыппұлдар салды**.**

Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша құқық бұзушылықтардың негізгі үлесін жер учаскелеріне құқықтар беру кезінде заңда белгіленген мерзімдерді

бұзу, жер учаскелерін беру не беруден бас тарту туралы шешім қабылдау, сауда-саттықтан тыс жер учаскелерін (конкурстар, аукциондар) беру, сондай-ақ жер учаскелерін беру тәртібін бұзу және олардың нысаналы мақсатын өзгерту құрайды.

ЖАО-ның жер учаскелерін беру туралы өтініштерді қараудың, жерге орналастыру жобаларын бекітудің және жер учаскелеріне құқықтар беру туралы шешімдер қабылдаудың заңда белгіленген мерзімдерін сақтамауы бюрократияның, өтініштерді қарау кезінде әкімдіктер мен олардың уәкілетті органдарының сөзбұйдасының салдары болып табылады және бұл халық тарапынан негізделген шағымдарды тудырады және әкімдіктердің лауазымды адамдарының әрекеттеріне көптеген шағымдардың түсуіне әкеледі.

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің дұрыстығын тексеруге қатысты

Департаменттер **2025 жылдың** қорытындысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалдарының (бұдан әрі – филиалдар) қызметінде мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің дұрыстығына **142** тексеру жүргізді.

Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша мемлекеттік жер кадастрын жүргізуде барлығы **3 456** бұзушылық анықталды, филиалдарға анықталған жер заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы **123** ұйғарым енгізілді.

Бүгінгі таңда 51 нұсқама орындалды, 23-тен мәжбүрлеп орындау туралы талап арыздар енгізілді (4 қанағаттандырылды, 1 бас тартылды, 18 қарауда), 3 нұсқаманың күші жойылды, 20 нұсқама бойынша орындау мерзімі басталған жоқ.

Жол берілген бұзушылықтар үшін Филиалдардың 11 лауазымды тұлғасы ӘҚБтК 342-1 бабына сәйкес жалпы сомасы 1 002,66 мың теңгеге айыппұл салумен әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

илиалдарға қатысты жүргізілген тексерулердің нәтижелері жер-кадастрлық істерді қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты сақтамаудан, жер учаскелерінің орналасқан жері, олардың конфигурациясы мен шекаралары туралы деректерді бұрмалаудан, бұрын берілген жер учаскелерінің орналасқан жерін заңсыз өзгертуден, ЖАО-ның тиісті шешімдерсіз және бекітілген жерге орналастыру жобаларынсыз жер учаскелеріне сәйкестендіру құжаттарын дайындаудан, жер учаскелерінің нысаналы нысанасын заңсыз өзгертуден тұратын өрескел бұзушылықтардың бар екендігін көрсетті сәйкестендіру құжаттарын дайындау

кезінде жер учаскелерін тағайындау, қолданыстағы жер учаскелерін алып тастау, жерге орналастыру жобаларын төсеммен келісу және т. б. арқылы мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесін заңсыз түзету

Оның ішінде жүйелі бұзушылықтар:

- жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру;
- мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесін жүргізу;
- жер учаскесінің жер-кадастрлық ісін қалыптастыру;
- мемлекеттік жер кадастрының нақты мәліметтерін ұсыну.

8. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2025 жылы Жер ресурстарын басқару комитеті жер ресурстарын тұрақты басқару, жердің деградациясына қарсы күрес, шөлейттену және ауыл шаруашылығын климаттың өзгеруіне бейімдеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастырды.

Комитет өкілдері ФАО-мен, БҰҰ-ның шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі Конвенция Хатшылығымен және басқа да халықаралық ұйымдармен бірлесіп Ұлан-Батыр қаласында және Сухэ-Батор аймағында (Моңғолия), Иньчуань қаласында (Қытай Халық Республикасы), Анкара және Стамбул қалаларында (Түркия Республикасы), сондай-ақ Бішкек қаласында (Қырғыз Республикасы) өткізілген халықаралық және өңірлік іс-шараларға қатысты.

Іс-шаралар шеңберінде тозған жерлерді қалпына келтіру, жерді пайдаланудың тұрақты тәжірибелерін енгізу, шөлейттенудің алдын алу, құрғақ аумақтарды басқару, климаттық қаржыландыруды тарту, сондай-ақ парниктік газдар мониторингі мен климаттық есептілік жүйелерін жетілдіру мәселелері қаралды.

Іс-шаралар қорытындысы бойынша халықаралық ұйымдармен және әріптес елдермен ынтымақтастық нығайтылды, озық тәжірибемен алмасу қамтамасыз етілді және жерді қорғау және тұрақты жер пайдалану саласында заманауи тәсілдерді енгізу бойынша мүмкіндіктер кеңейтілді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы 2025 жылы геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласында халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытты. Халықаралық және аймақтық ұйымдардың іс-шараларында қатысу шетелдік серіктестермен кәсіби диалогты кеңейтуге және ұлттық

геодезиялық жүйені халықаралық бастамаларға интеграциялауға мүмкіндік берді.

2025 жылы Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) геодезия, картография және геокеңістіктік ақпарат саласындағы маңызды іс-шараларына, оның ішінде:

Еуропа елдері үшін заманауи референттік жүйеге өтуге арналған геодезия саласындағы әлеуетті дамыту бойынша БҰҰ семинарына (2025 жылғы 16-22 ақпан, Бонн қаласы, Германия Федеративтік Республикасы);

БҰҰ-ның жаһандық геокеңістіктік ақпаратты басқару жөніндегі сарапшылар комитетінің он бесінші сессиясына (UN-GGIM) (2025 жылғы 4-8 тамыз, Нью-Йорк, АҚШ);

Азия-Тынық мұхит аймағы үшін БҰҰ-ның жаһандық геокеңістіктік басқару жөніндегі 14-ші пленарлық отырысына (2025 жылғы 24-26 қыркүйек, Гоян қаласы, Оңтүстік Корея Республикасы);

2025 жылғы БҰҰ Геокеңістіктік білімдер мен инновациялар жаһандық апталығына (2025 жылғы 20-24 қазан, Дэцин қаласы, Қытай Халық Республикасы) белсенді қатысты.

Сонымен қатар, 2025 жылғы 15-19 қыркүйек аралығында Астана қаласында геокеңістіктік ақпаратты басқаруды жетілдіру және орнықты даму мақсаттарын іске асыруды жеделдету мәселелері бойынша консультациялар мен сарапшылар кеңесі, сондай-ақ Орталық және Оңтүстік Азия елдері мен іргелес мемлекеттер үшін БҰҰ-ның интеграцияланған геокеңістіктік ақпарат жүйесі (БҰҰ IGIF) бойынша субөңірлік семинар өткізілді. Аталған іс-шаралар БҰҰ IGIF-ті ілгерілетуге және енгізуге, сондай-ақ геокеңістіктік ақпаратты басқарудың ұлттық әлеуетін, оның ішінде теңізге шыға алмайтын елдерде нығайтуға бағытталған.

Қазақстан өкілдері 2025 жылғы 11-12 қазан аралығында Чолпон-Ата қаласында (Қырғыз Республикасы) өткен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің (бұдан әрі – Мемлекетаралық кеңес) XLVII сессиясына қатысты.

Мемлекетаралық кеңестің сессиясы барысында ТМД кеңістіктік деректер инфрақұрылымының геопорталын (ТМД КДИ Геопорталы) дамыту және толықтыру, кеңістіктік деректер жиынтығын бекіту және өзектендіру, геодезия

және картография саласындағы нормативтік-техникалық базаны жетілдіру, ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасында тәжірибе және ақпарат алмасу, сондай-ақ геокеңістіктік деректер саласындағы мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері қаралды.

Түркітілдес мемлекеттер ұйымымен (ТМҰ) ынтымақтастық шеңберінде 2025 жылғы 2-3 желтоқсан аралығында Баку қаласында (Әзербайжан Республикасы) ТМҰ-ға мүше мемлекеттердің азаматтық және әскери картографиялық қызметтерінің басшылары мен өкілдерінің және байқаушылардың қатысуымен Түркітілдес мемлекеттер ұйымының картографиялық қызметтері басшыларының екінші кездесуі өтті.

Кездесу барысында ТМҰ картасы жобасын әрі қарай дамыту, ортақ қызығушылық салаларында ынтымақтастықты тереңдету мақсатында техникалық/сараптамалық деңгейде жұмысты жалғастыру мәселелері қаралды. Сонымен қатар, ТМҰ картографиялық мекемелер басшыларының үшінші кездесуі 2026 жылы Қазақстан Республикасында өтетіні бекітілді.

9. ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУДІ ЖӘНЕ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ

Құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру үшін 2025 жылы жер қатынастары мен жер ресурстарын басқаруды реттейтін Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Міне олардың негізгілері:

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Түркістан қаласының ерекше мәртебесі және шет елдегі мәдениет орталықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 3 наурыздағы № 166-VIII ҚРЗ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2023 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 14-1-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

«21) осы Кодекске және «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтеусіз берілген жер учаскелерінде мемлекеттік әлеуметтік объектілер (мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар, ауруханалар мен емханалар) салу кезеңіне уақытша өтеусіз жер пайдалану шарттарын жасасу жатады.»;

2) 18-бап мынадай мазмұндағы 8-7) тармақшамен толықтырылсын:

«8-7) мемлекет мұқтажы үшін алып қойылған жер учаскелерін мемлекеттік әлеуметтік объектілер (мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар, ауруханалар мен емханалар) салу үшін оларды, оның ішінде жер учаскелерін сәйкестендіру сипаттамаларын өзгертпей, «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органның коммуналдық меншігіне одан әрі өтеусіз бере отырып, мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға уақытша өтеусіз жер пайдалануға беру;»;

3) 32-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі «Қазақстан Республикасының Заңына», «негізгі шарт» деген сөздер тиісінше «және «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына», «негізгі талап» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 36-баптың 1-тармағының алтыншы абзацындағы «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына» деген сөздер «18-бабының 8-7) тармақшасына, «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» және «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 84-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы » Кодекс пен «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына» деген сөздер «Кодексе, «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» және «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 172-VIII ҚРЗ Заңы.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 33-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Осы баптың 2-тармағында көзделген шектеулер жер пайдаланушылардың орман және су қорлары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер құрамындағы, иеліктен шығарылатын ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) орналасқан және оларды пайдалануға арналған жер учаскесіне жер пайдалану құқығына қатысты жасасатын мәмілелеріне, оның ішінде кепілге салуға, сондай-ақ жер учаскелерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша қорғаныс объектілерін салу, реконструкциялау және пайдалану үшін уақытша өтеусіз пайдалануға беруге қолданылмайды.»;

2) 36-бапта:

1-тармақтың сегізінші абзацындағы «, оның ішінде концессия шартының» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі «, оның ішінде концессиялық жобаларды» деген сөздер алып тасталсын;

3) 39-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жер учаскесі қызметтік жер телімі тәртібімен және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша қорғаныс объектілерін салу, реконструкциялау және пайдалану үшін берілетін жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік жер пайдаланушының өзіне тиесілі жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалануға беруіне жол берілмейді.»;

4) 48-баптың 1-тармағының 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру үшін жекеше әріптестерге;»;

5) 114-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдар мен теміржол көлігі объектілеріне бөліп берілген жер жатады.».

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2025 ж. 9 сәуірдегі № 179-VIII ҚРЗ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 16-баптың 1-тармағының 5-1) тармақшасындағы «су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жасанды құрылыстар» деген сөздер «су қорын қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жасанды құрылысжайлар» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 42-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі «тұйық су айдындарына,» деген сөздер алып тасталсын;

3) 43-баптың 2-тармағының тоғызыншы бөлігіндегі «, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің» деген сөздер «саласындағы уәкілетті органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекцияларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 44-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерін, мемлекеттік орман қоры

жерлерін, балық шаруашылығы мен аквашаруашылықты орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жерлерді қоспағанда, орташа көпжылдық сабалық деңгейде су кемерінен бес жүз метр шегінде орналасқан жер учаскелерін беру су қорғау аймақтары мен белдеулері, сондай-ақ оларды шаруашылық мақсатта пайдалану режимі белгіленгеннен кейін не Қазақстан Республикасы Су кодексінің 87- бабында көзделген су объектілерін қорғау ерекшеліктері ескеріліп жүзеге асырылады.»;

5) 97-баптың 2-тармағындағы «тұйық су айдындары,» деген сөздер алып тасталсын;

6) 98-бапта:

8-тармақтың үшінші абзацындағы «су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі тиісті бассейндік инспекциямен» деген сөздер «су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі тиісті бассейндік су инспекциясымен» деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтағы «су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру» деген сөздер «су қорын қорғау және пайдалану» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 107-баптың 3-тармағының бесінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жерүсті су объектілері, су қорғау аймақтары мен белдеулері алып жатқан жерлер, сондай-ақ су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар алып жатқан жерлер;»;

6) тармақшадағы «су айдындары,» деген сөздер алып тасталсын;

8) 109-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Су объектілері алып жатқан жерлерді, су қорғау аймақтары мен белдеулерін, сондай-ақ елді мекендердің өзге де функционалдық аймағына кіретін су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар алып жатқан жерлерді пайдалану режимі Қазақстан Республикасының су заңнамасымен реттеледі.»;

9) 122-баптың 2-тармағы бесінші бөлігінің 2) тармақшасындағы «ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылысжайларын» деген сөздер «стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 132-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«132-бап. Су қорының жері ұғымы және оның құрамы

«Жерүсті су объектілері алып жатқан жер, сондай-ақ жерүсті су объектілерінің су қорғау белдеулеріне және ауызсумен жабдықтаудың су тарту құрылысжайларының санитариялық қорғау аймақтарына бөлінген жер су қорының жері деп танылады.»;

11) 133-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«133-бап. Су қорының жеріне және су шаруашылығы құрылысжайлары алып жатқан жер учаскелеріне меншік құқығы»;

2-тармақтағы «су қоры жерінің құрамындағы» деген сөздер алып тасталсын;

12) 134-бапта:

тақырыптағы «Су айдындары жағалауынан» деген сөздер «Жерүсті су объектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші бөліктегі «өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар, ішкі сулар, мұздықтар, батпақтар» деген сөздер «жерүсті су объектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «су қорғау аймақтары мен су объектілерінің жағалаулары бойынша белдеулер үшін» деген сөздер «жерүсті су объектілерінің жағалауынан су қорғау аймақтары мен белдеулеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 135-бапта:

тақырыптағы «жерінің» деген сөз «және су қорғау аймақтары жерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім» деген сөздер «су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекцияларымен келісу» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жер учаскелерін» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ су қорғау аймақтары алып жатқан жер учаскелерін» деген сөздермен толықтырылсын;

14) 145-баптың 2-тармағында:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган;»;

бесінші абзацтағы «орган болып табылады.» деген сөздер «орган;» деген сөзбен

ауыстырылып, мынадай мазмұндағы алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтармен толықтырылсын:

«орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган;

су қорын қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті орган болып табылады.».

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аквашаруашылық, агроөнеркәсіптік кешен, электр энергетикасы және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 12 маусымдағы № 194-VIII ҚРЗ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 10-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлік «мемлекеттік корпорациясы» деген сөздерден кейін «және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қызметіне елді мекендердің жерлерін қоспағанда, жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау жатады.»;

2) 12-баптың 38) тармақшасы «балық шаруашылықтары» деген сөздерден кейін «, аквашаруашылық» деген сөзбен толықтырылсын;

«3) 43-1-баптың 10-тармағында:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Жер учаскесін аквашаруашылық жүргізу үшін беруді қоспағанда,

конкурстық ұсыныста:»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Аквашаруашылық жүргізуге арналған конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, аквашаруашылық объектілерін өсіру көлемі, аквашаруашылық жүргізуге арналған тиісті инфрақұрылым мен жабдықтың, аквашаруашылық саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының және Қазақстан Республикасының аквашаруашылық саласындағы заңнамасының талаптарын орындау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.»;

4) 44-бап мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

«11. Бағалы ауыл шаруашылығы алқаптарын беруге тыйым салынады, оларға аквашаруашылық жүргізуге арналған суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының барлық түрлері, егістік, тыңайған жерлер және көпжылдық екпелер алып жатқан жерлер жатады.»;

5) 48-баптың 1-тармағының 5-3) тармақшасындағы «балық шаруашылығын» деген сөздер «балық шаруашылығы мен аквашаруашылықты» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 49-2-баптың 1-тармағы «балық шаруашылығын» деген сөздерден кейін «, аквашаруашылықты» деген сөзбен толықтырылсын;

7) 81-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыру мақсатында жер учаскесі берілген жер қойнауын пайдалану құқығының тоқтатылуы.»;

8) 92-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Балық өсіру бассейндерін қоспағанда, балық өсіру тоғанын, балық өсіру объектісін, аквашаруашылықты жүргізуге байланысты ғимараттарды, құрылыстарды және өзге де құрылысжайлар мен конструкцияларды салуға арналған жер учаскесі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жыл (егер жобалау-сметалық құжаттамада немесе эскиздік жобада анағұрлым ұзақ мерзім көзделмесе) ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Аквашаруашылық саласындағы балық өсіру-биологиялық негіздемеге сәйкес балық өсіру бассейнін орналастыруға арналған жер учаскесі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жыл ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.»;

9) 102-баптың 2-тармағында:

екінші бөлік «құрылыстар тұрғызу» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының аквашаруашылық саласындағы заңнамасына сәйкес балық өсіру бассейнін орналастыру» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік «және» деген сөзден кейін «балық өсіру бассейндерін пайдаланатын аквашаруашылық өнімін қоса алғанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

10) 105-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) балық өсіру бассейндерін орналастыру, балық өсіру тоғандарын, балық өсіру объектілерін, аквашаруашылықты жүргізуге байланысты ғимараттарды, құрылыстарды және өзге де құрылысжайлар мен конструкцияларды салу;»;

11) 135-баптағы «балық, аңшылық шаруашылықтарының қажеттері» деген сөздер «аңшылық, балық шаруашылықтарының, аквашаруашылықтың мұқтажы» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 152-баптың 3-тармағының үшінші бөлігіндегі «іздестіру жұмыстары» деген сөздер «жұмыстар» деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 153-баптың 1-тармағында:

2) тармақша «, ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісінің ысырабын айқындауды, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын дайындауды, бүлінген және тозған жерлердің сапалық жай-күйін қалпына келтіру жөніндегі жобалау-зерттеу жұмыстарын жүргізуді, елді мекендердің жерлерін қоспағанда, жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындауды қамтитын, жерлерді мемлекеттік кадастрлық бағалауды» деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшада:

«мыналарды:» деген сөзден кейін «елді мекендердің» деген сөздермен толықтырылсын;

«; ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ысырапты анықтауды» деген сөздер алып тасталсын;

10) тармақшадағы «нөмірлер беруді;» деген сөздер «нөмірлер беруді қамтиды.» деген сөздермен ауыстырылып,

11) тармақша алып тасталсын.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау, электр энергетикасы және мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 24 маусымдағы № 196-VIII ҚРЗ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

44-1-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі «аумақтық бөлімшелерімен» деген сөздер «аумақтық органдарымен» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 26 маусымдағы № 198-VIII ҚРЗ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 13-бап мынадай мазмұндағы 4-3) тармақшамен толықтырылсын:

«4-3) астананың жергілікті атқарушы органының ұсынысы бойынша астананың орманды саябақ аймағының шекарасын белгілеу және өзгерту;»;

2) 26-бапта:

1-тармақ «елді мекендер» деген сөздерден кейін «, астананың орманды саябақ аймағы» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«астананың орманды саябақ аймағы;»;

3) 84-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы «электр тарату желілері,» деген

сөздерден кейін «гидроэлектр станциялары,» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 90-баптағы «жолдарды, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін,» деген сөздер «стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды, сел ағындарынан, қар көшкіндерінен, көшкіндерден қорғайтын өзге де қорғаныш құрылысжайларын салумен және олардың жұмыс істеуімен және сейсмологиялық станциялар желілерін кеңейтумен, жолдарды, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін (орман қорының жерлерін қоспағанда),» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 122-бапта:

2-тармақта:

бесінші бөлікте:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ықтимал орналастырудың басқа жолдары болмаған кезде стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды, сел ағындарынан, қар көшкіндерінен, көшкіндерден қорғайтын өзге де қорғаныш құрылысжайларын салу және олардың жұмыс істеуі, сейсмологиялық станциялар желілерін кеңейту үшін және шаруашылық қызметтің шектеулі режимі белгіленген жер учаскелерін ғана;»;

3) тармақшадағы «осы» деген сөз «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында және 3-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтар орналасқан жер учаскелерін қоспағанда, осы» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шекарасында орналасқан және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылғанға және кеңейтілгенге дейін жұмыс істеген денсаулық сақтау және білім беру ұйымдары, қолданыстағы зираттар, кәріздік тазарту құрылысжайлары, электр беру желілері объектілерінің нысаналы мақсатын өзгертпей, оларды пайдалану үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша босалқы жерге ауыстыру жағдайларын қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін ауыстыруға жол берілмейді.»;

алтыншы және жетінші бөліктердегі «төртінші» деген сөз «бесінші» деген

сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Шаруашылық қызметі шектеулі аймақтағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың учаскелері жеке және заңды тұлғаларға ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері босалқы жерлерге ауыстырылмай, жануарлардың өріс аудару жолдары ескеріле отырып, туризм объектілеріне инженерлік инфрақұрылымды (жолдарды, көпірлерді, электр беру желілерін және басқа да коммуникацияларды) жобалау, салу және оларға қызмет көрсету үшін табиғат қорғау ұйымымен жасалған, туризм объектілеріне инженерлік инфрақұрылымды жобалау, салу және оларға қызмет көрсету үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру туралы шарттың негізінде беріледі.

Туризм объектілеріне инженерлік инфрақұрылымды (жолдарды, көпірлерді, электр беру желілерін және басқа да коммуникацияларды) жобалау, салу және оларға қызмет көрсету үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру туралы шарт Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгілік шарттың негізінде жасалады.

Туризм объектілеріне инженерлік инфрақұрылымды (жолдарды, көпірлерді, электр беру желілерін және басқа да коммуникацияларды) жобалау, салу және оларға қызмет көрсету үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру туралы шартта жүргізілетін жұмыстардың атауы, олардың орындалу мерзімдері мен талаптары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптар, бүлінген жерлерді рекультивациялау жөніндегі іс-шаралар және оларды жүргізу мерзімдері көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерінде азаматтық қорғау іс- шараларын қоспағанда, олардың нысаналы мақсатына сәйкес келмейтін кез келген қызметке тыйым салынады.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерінде құрылысжайлар салуды, қауіпті геологиялық процестерден инженерлік қорғауды көздейтін іс-шараларды жүргізу табиғат қорғау ұйымы және (немесе) мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар арасында жасалған, сейсмологиялық станциялар желілерін кеңейту, гидротехникалық

құрылысжайларды және сел ағындарынан, қар көшкіндерінен, көшкіндерден қорғайтын өзге де қорғаныш құрылысжайларын салу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Сейсмологиялық станциялар желілерін кеңейту, гидротехникалық құрылысжайларды және сел ағындарынан, қар көшкіндерінен, көшкіндерден қорғайтын өзге де қорғаныш құрылысжайларын салу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру туралы шарт Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгілік шарттың негізінде жасалады.

Сейсмологиялық станциялар желілерін кеңейту, гидротехникалық құрылысжайларды және сел ағындарынан, қар көшкіндерінен, көшкіндерден қорғайтын өзге де қорғаныш құрылысжайларын салу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру туралы шартта жүргізілетін жұмыстардың атауы, олардың орындалу мерзімдері мен талаптары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптар, бүлінген жерлерді рекультивациялау жөніндегі іс-шаралар және оларды жүргізу мерзімдері көрсетіледі.»;

6) 123-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзет аймағы белгіленгенге дейін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шекарасы бойынша екі километр болатын аумақта қала құрылысы жобаларын түзетуге, жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және соларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің экологиялық жүйелерінің жай-күйіне және қалпына келтірілуіне теріс әсерін тигізетін құрылыс салуға арналған бастапқы және рұқсат беру құжаттарын келісуге тыйым салынады.»;

7) 126-баптың 2-тармағындағы «санитариялық-қорғау жасыл аймағының» деген сөздер «орманды саябақ аймағының» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 138-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінің құрамына бұрын кірген, денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарының, қолданыстағы зираттардың,

кәріздік тазарту құрылысжайларының, электр беру желілерінің объектілері жұмыс істеп тұрған босалқы жерлерді басқа санаттағы жерлерге кейіннен ауыстыру кезінде жер учаскесінің нысаналы және іс жүзінде пайдаланылуына сәйкес келмейтін нысаналы мақсатын өзгертуге жол берілмейді.»;

9) 171-бапта:

төртінші бөліктегі «төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші» деген сөздер «бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Кодекстің 122-бабы 2-тармағының бесінші бөлігі 5) тармақшасының ережелері ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылғанға және кеңейтілгенге дейін жұмыс істеген денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарының, қолданыстағы зираттардың, кәріздік тазарту құрылысжайларының, электр беру желілерінің объектілері орналасқан ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін ауыстыру үшін қолданылады. Босалқы жерлерді кейіннен басқа санаттағы жерлерге ауыстыру кезінде жер учаскесінің нысаналы және іс жүзінде пайдаланылуына сәйкес келмейтін нысаналы мақсатын өзгертуге жол берілмейді.».

7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 шілдедегі № 207-VIII ҚРЗ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 9-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы «пәтерлердің» деген сөзден кейін «, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 62-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіндегі меншік иесіне тиесілі әрбір пәтерге, тұрғын емес үй-жайға, орынтұрақ орнына, қоймаға тиісті үлес оған тиесілі пәтерге, тұрғын емес үй-жайға, орынтұрақ орнына, қоймаға меншік құқығынан

ажыратылмайды. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіндегі үлестің мөлшері дара (бөлек) меншіктегі пәтердің пайдалы алаңының немесе тұрғын емес үй-жай, орынтұрақ орны, қойма алаңының осы кондоминиум объектісіндегі барлық пәтерлердің пайдалы алаңдарының және барлық тұрғын емес үй-жайлар, орынтұрақ орындары, қоймалар алаңдарының жиынтығына арақатынасымен айқындалады. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, мұндай үлесті нақтылы түрде (мінсіз үлес) бөліп шығаруға болмайды.»;

екінші және үшінші бөліктер «үй-жайлары», «үй-жайларының» деген сөздерден кейін тиісінше «, орынтұрақ орындары, қоймалары», «, орынтұрақ орындарының, қоймаларының» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ «тұрғын емес үй-жайға» деген сөздерден кейін «орынтұрақ орнына, қоймаға» деген сөздермен толықтырылсын.

8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астананы және республикалық маңызы бар қалаларды, ұлттық жобаларды дамыту, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 шілдедегі № 213-VIII ҚРЗ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 14-1-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы «, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді» және «өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің өнеркәсіптік-инновациялық жобалары, инвестициялық басым жобаларды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес іске асыру,» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтың 10-1) тармақшасындағы «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына» деген сөздер «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 16-баптың 2-тармағының 4-1) тармақшасындағы «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына» деген сөздер «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасы

астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 32-баптың 3-тармағының екінші бөлігі «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» деген сөздерден кейін «, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 36-баптың 1-тармағының алтыншы абзацы «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» деген сөздерден кейін «, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 66-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Осы баптың талаптарына сәйкес жер учаскесіне құқықты қайта ресімдеу орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.»;

6) 84-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» деген сөздерден кейін «, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 94-баптың 5-тармағында:

бірінші бөліктегі «жер учаскесінің бұрынғы меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға төленеді» деген сөздер «, сондай-ақ жер учаскесінің бұрынғы меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға осы жер учаскесін сатып алуға жұмсаған шығыстарының төлемі бюджет кірісіне есепке жатқызылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бір жыл ішінде кемінде үш сауда-саттық (аукцион) өткізілгеннен кейін мұндай жер учаскесін өткізу немесе оған жер пайдалану құқығын іске асыру мүмкін болмаған кезде:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамындағы жер учаскесі соттың шешімі бойынша арнаулы жер қорына алынады;

елді мекендер жерлерінің құрамындағы жер учаскесі соттың шешімі бойынша елді мекенді аумақтық дамытуға және жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған қала құрылысы қызметіне тартылмаған жерлердің құрамына алынады.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бұрын арнаулы жер қорына алынған, елді мекендер жерлерінің құрамындағы жер учаскелері елді мекенді аумақтық дамытуға және жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған қала құрылысы қызметіне тартылмаған

жерлердің құрамына алынуға жатады.»;

8) 96-1-баптың 4-тармағы «заңды тұлғаларға» деген сөздерден кейін «Қазақстан Республикасының аумағында» деген сөздермен толықтырылсын;

9) 126-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Рекреациялық мақсаттағы жерлер құрамына демалыс үйлері, пансионаттар, кемпингтер, дене шынықтыру және спорт объектілері, туристік базалар, стационарлық және шатырлы туристік-сауықтыру лагерьлері, балықшы және аңшы үйлері, орман парктері, туристік соқпақтар, трассалар, балалар және спорт лагерьлері, осы сияқты басқа да объектілер орналасқан жер учаскелері кіруі мүмкін. Рекреациялық мақсаттағы жерлерге астананың қала маңындағы жасыл аймағының және санитариялық-қорғау жасыл аймағының жерлері де жатады.».

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 4 желтоқсандағы № 236-VIII ҚРЗ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

26-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі «мектептер,» деген сөзден кейін «мектепке дейінгі ұйымдар,» деген сөздермен толықтырылсын.

10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және білім беру-сауықтыру қызметтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 242-VIII ҚРЗ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 43-баптың 2-тармағы жетінші бөлігінің 2) тармақшасы «ауыл шаруашылығы» деген сөздерден кейін «, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 127-баптың 1-тармағында:

екінші бөлік:

«Қазақстан Республикасының» деген сөздерден кейін «тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

«бойынша» деген сөзден кейін «жоспардан тыс (алдын алу)» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік «сақталып тұруына» деген сөздерден кейін «және бүтіндігіне» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар археологиялық жұмыстардың жүргізілуіне кедергі келтірмейді.».

11. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 886 Жарлығы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының әкімшілік орталығы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Ақсуат ауылынан Ақжар ауылына көшірілсін.

2. Шығыс Қазақстан облысының құрамында:

1) Тарбағатай ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Ақсуат ауылында орналасатын Ақсуат ауданы;

2) Көкпекті ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Самар ауылында орналасатын Самар ауданы құрылсын.

3. Орталық мемлекеттік органдар, Шығыс Қазақстан облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық 2022 жылғы 7 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

12. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 887 Жарлығы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорған қаласынан Қонаев қаласына көшірілсін.

2. Мыналар:

1) Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Курчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы;

2) Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы;

3) Қарағанды облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылсын.

3. Алматы облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелері Қонаев қаласына көшірілгенге дейін Талдықорған қаласында орналасады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесімен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) бекітсін және осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

5. Орталық мемлекеттік органдар, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдасын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

13. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 424 Жарлығы.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының әкімшілік орталығы Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Үлкен Нарын ауылынан Қатонқарағай ауылына көшірілсін.

2. Шығыс Қазақстан облысының құрамында:

1) Қатонқарағай ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Үлкен Нарын ауылында орналасатын Үлкен Нарын ауданы;

2) Күршім ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Марқакөл ауылында орналасатын Марқакөл ауданы құрылсын.

3. Абай облысының құрамында:

1) Үржар ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Мақаншы ауылында орналасатын Мақаншы ауданы;

2) Семей қаласының құрамынан Абыралы, Айнабұлақ, Ақбұлақ, Алғабас, Ертіс, Новобаженово, Озерка, Приречный, Жиенәлі, Достық, Қараөлең, Көкентау ауылдық округтері мен Шүлбі, Шаған кенттерін бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласының аумағында орналасатын Жаңасемей ауданы құрылсын.

4. Орталық мемлекеттік органдар, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және

ресми жариялануға тиіс.

14. «Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 9 қаңтардағы № 432 Жарлығы.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Алматы облысының Іле ауданы одан Жетіген ауылын бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Алматы облысы Іле ауданының Жетіген ауылы облыстық маңызы бар қала санатына жатқызылсын және оның атауы Алатау қаласы болып өзгертілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтың 1 және 2-тармақтарын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

15. «Алматы облысы Алатау қаласының шекарасын (шегін) белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 4 қазандағы № 818 қаулысы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес шегіне жалпы алаңы 88000 гектар Алматы облысының Қонаев қаласы, Іле және Талғар аудандары жерінің бір бөлігін енгізе отырып, Алматы облысы Алатау қаласының шекарасын (шегін) белгілеу туралы «Алматы облысы Алатау қаласының шекарасын (шегін) белгілеу туралы» Алматы облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 26-135 бірлескен шешіміне және Алматы облысы әкімдігінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 299 қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Үкіметінің 2024 жылғы 4 қазандағы
№ 818 қаулысына қосымша

Алматы облысы Алатау қаласының шекарасына енгізілетін жердің экспликациясы

Р/с №	Аудандар мен қалаларды ң атауы	оның ішінде, гектар							
		Жалпы жер алаңы (гектар)	елді мекендер жерлері	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	өнеркәсіп жерлері	ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	орман қорының жері	су қорының жері	босалқы жерлер
1	Қонаев қаласы	10962	810,7899	2865,1064	2924,2898	50,0251	445,185	2303,145	1563,454
2	Іле ауданы	64985	2990,8968	45152,9732	8852,1196	-	37,9	3994,031	3957,08
3	Талғар ауданы	12053	145,9942	8305,8326	223,2452	-	-	315,141	3062,79
	Барлығы	88000	3947,6809	56323,9122	11999,6546	50,0251	483,085	6612,317	8583,324

16. «Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 тамыздағы № 684 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Үйгентас орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) орман қоры жерлері санатынан жалпы алаңы 3,7934 гектар жер учаскелері өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Жетісу облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерінің «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен» республикалық маңызы бар автомобиль жолының 480-515 км учаскесін реконструкциялау (салу) үшін «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Комитет) берілуін қамтамасыз етсін.

3. Комитет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алудан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің

шығасылары мен шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚР Үкіметінің
2023 жылғы 16 тамыздағы
№ 684 қаулысына қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтарына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, гектар	Орманмен көмкерілген	Орманмен көмкерілмеген, оның ішінде:	
			алаңқайлар	басқа жерлер
«Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Үйгентас орман шаруашылығы» КММ	3,7934	1,2	0,2934	2,3
Барлығы	3,7934	1,2	0,2934	2,3

17. «Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 140 қаулысы

ҚР Жер кодексінің 130-бабына және ҚР Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі Солтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Қызылжар орман шаруашылығы» және «Соколов орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің (бұдан әрі – мекемелер) орман қоры жерлері санатынан жалпы алаңы 230,1 гектар жер учаскелері елді мекендер жерлері санатына ауыстырылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі елді мекен шекараларының (шегінің) өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерінің Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігіне берілуін қамтамасыз етсін.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алудан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығыстары мен шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін және алынған сүрені көрсетілген мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚР Үкіметінің
2024 жылғы 29 ақпандағы
№ 140 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан елді мекендер жерлері санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, гектар	оның ішінде:					
		орман көмкерген	орман көмкер-меген	егістік	жайы-лымдар	өзге жерлер (құрылыс салынған)	өзге жерлер (батпақ және өзгелері)
СҚО-ның әкімдігі СҚО-ның табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Қызылжар орман шаруашылығы» КММ	229,4	69,6	82,3	7,8	3,8	60,8	5,1
СҚО-ның әкімдігі Солтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Соколовка орман шаруашылығы» КММ	0,7	0,7	-	-	-	-	-
Барлығы	230,1	70,3	82,3	7,8	3,8	60,8	5,1

18. «Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 417 қаулысы

ҚР Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес ҚР Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің

табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Қызылжар орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) орман қоры жерлері санатынан жалпы алаңы 77 гектар жер учаскесі елді мекендер жерлері санатына ауыстырылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерін елді мекен шекарасының (шегінің) өзгеруіне байланысты Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімдігіне берілуін қамтамасыз етсін.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алудан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығасылары мен шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін, екпе ағаштар кесілген жағдайда алынған сүректі көрсетілген мекеменің теңгеріміне беріп, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚР Үкіметінің
2024 жылғы 28 мамырдағы
№ 417 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан елді мекендер жерлері санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, гектар	оның ішінде	
		орман көмкерген	орман көмкермеген
СҚО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Қызылжар орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	77	60,5	16,5
Барлығы	**77**	**60,5**	**16,5**

19. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің «Каспий итбалығы» мемлекеттік табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 қазандағы № 884 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 13-бабының 3) тармақшасына және

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7- бабының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Каспий теңізіндегі аумақтық сулары шегінде әкімшілік ғимараты Ақтау қаласында орналасатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің «Каспий итбалығы» мемлекеттік табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «Каспий итбалығы» МТР) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен «Каспий итбалығы» МТР жерлерінің шекараларын карталарда және жергілікті жерде белгілесін.

3. Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен ерекше қорғалатын табиғи аумақты – «Каспий итбалығы» МТР-ды құру үшін Маңғыстау облысының Түпқараған және Бейнеу аудандарының шегіндегі Каспий теңізінің жалпы алаңы 108632,31 гектар су қорының жерлері «Каспий итбалығы» МТР-ға тұрақты жер пайдалануға берілсін.

4. «Каспий итбалығы» МТР-ды қаржыландыру ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстауға республикалық бюджетте көзделетін қаражат есебінен және соның шегінде республикалық бюджеттен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

20. «Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қарашадағы № 963 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи

ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Ақжайық орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерлері санатынан жалпы алаңы 30,7 гектар жер учаскелері елді мекендер жерлері санатына ауыстырылсын.

2. Батыс Қазақстан облысының әкімі елді мекен шекараларының (шегінің) өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерінің Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының әкімдігіне берілуін қамтамасыз етсін.

3. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының әкімдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындары мен залалдарын республикалық бюджет кірісіне өтесін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚР Үкіметінің
2024 жылғы 18 қарашадағы
№ 963 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан елді мекендер жерлері санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, гектар	оның ішінде	
		орман көмкерген	орман көмкермеген
Акжаикское КГУ по охране лесов и животного мира Управления природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Западно-Казахстанской области	30,7	-	30,7
Всего:	30,7	-	30,7

21. «Жамбыл облысы Тараз қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 қарашадағы № 1014 қаулысы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Байзақ және Жамбыл аудандарының жалпы алаңы 12 906,7 гектар болатын жерінің бір бөлігін қосу арқылы Жамбыл облысы Тараз қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы «Жамбыл облысы Тараз

қаласының, Жамбыл және Байзақ аудандарының шекараларын өзгерту туралы» Жамбыл облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 17-5 бірлескен шешіміне және Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 243 қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Үкіметінің
2024 жылғы 29 қарашадағы
№ 1014 қаулысына қосымша

Жамбыл облысы Тараз қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын Жамбыл және Байзақ аудандары жерінің бір бөлігінің экспликациясы

Р/с №	Жердің атауы	Жалпы алаңы (гектар)	оның ішінде:				
			ауыл шаруашы-лығы мақсатындағы жер (гектар)	елді мекендердің жері (гектар)	өнеркәсіп, көлік, байланыс жері және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер (гектар)	су қоры-ның жері (гектар)	Босалқы жер (гектар)
1	Тараз қаласының бекітілген шекарасы (шегі)	18 787,0	1 912,0453	13 680,9547	3194,00	-	-
2	Тараз қаласының шекарасына (шегіне) Жамбыл ауданы Жамбыл, Қаратөбе, Гродеково, Қарой, Бесағаш, Полатқосшы, Ақбұлым ауылдық округтерінің жерінен қосылатын жер көлемі	11 145,5	5 734,2	3 180,8235	128,6956	163,9925	1937,7574
3	Тараз қаласының шекарасына (шегіне) Байзақ ауданы Қостөбе, Ботамойнақ, Қызылжұлдыз, Бурыл ауылдық округтерінің жерінен қосылатын жер көлемі	1 761,2014	796,203	806,5227	46,6243	21,7288	90,1226
4	Тараз қаласының шекарасы (шегі)	31 693,7	8442,4483	17 668,3009	3 369,3199	185,72	2027,88

22. «Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 20 наурыздағы № 166 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан

Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Жасыл аймақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – кәсіпорын) орман қоры жерлері санатынан жалпы алаңы 15,2 гектар жер учаскелері су қоры жерлері санатына ауыстырылсын.

2. Ақмола облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерінің су шаруашылығы құрылысжайларын салу үшін «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Комитет) берілуін қамтамасыз етсін.

3. Комитет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындары мен залалдарын республикалық бюджет кірісіне өтесін, екпелер кесілген жағдайда алынған сүректі кәсіпорынның теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2025 жылғы 20 наурыздағы
№ 166 қаулысына қосымша

**Орман қоры жерлері санатынан
су қоры жерлері санатына ауыстырылатын жер учаскелерінің
экспликациясы**

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, гектар	оның ішінде:		
		орман көмкерген	орман көмкермеген	өзге жерлер
ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Жасыл аймақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК	15,2	12,6	-	2,6
Барлығы	15,2	12,6	-	2,6

23. «Абай облысының бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағындағы жер учаскелерін ауыстыру және беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 27 наурыздағы № 175 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 105, 138 және 143-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Абай облысының бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағындағы босалқы жерлер санатынан алаңы 71,37 гектар жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтаждықтарына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес «Altyn Group Qazaqstan» (Алтын Групп Казахстан) жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – серіктестік) «Үлкен Қарашоқы» кен орнын игеру үшін осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесіне 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы берілсін.

3. Серіктестік (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы алқаптарын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚР Үкіметінің
2025 жылғы 27 наурыздағы
№ 175 қаулысына қосымша

«Altyn Group Qazaqstan» (Алтын Групп Казахстан) жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығында берілетін жер учаскесінің экспликациясы

Р/с №	Жер учаскесінің алаңы, гектар	оның ішінде:		Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқық беру мерзімі
		жайылым	өзге алқап		
1	71,37	71,37	-	для разработки месторождения «Улкен Карашокы»	до 31 декабря 2028 года
Барлығы	71,37	71,37	-		

24. «Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 269 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жамбыл ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) жалпы алаңы 5300 гектар жер учаскелері орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Жамбыл облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерінің қорғаныс мұқтажына арналған объектілерді жайластыру үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне берілуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығасылары мен шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2025 жылғы 25 сәуірдегі
№ 269 қаулысына қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жер учаскелерінің экспликациясы

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, гектар	оның ішінде:					
		орман көмкерген	орман көмкермеген	жайылым-дар	жолдар	жайсыз (батпақтар және өзгелер)	өзге жерлер
Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жамбыл ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ	5300	313,7	261	2091,7	5,5	2,1	2626
Барлығы:	5300	313,7	261	2091,7	5,5	2,1	2626

25. «Уақытша жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін, шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін болуы мүмкін республиканың және бір әкімшілік ауданның (қаланың), облыстың шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 42 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 15 қазандағы № 863 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Уақытша жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін, шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін болуы мүмкін республиканың және бір әкімшілік ауданның (қаланың), облыстың шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 42 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген уақытша жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін болуы мүмкін республиканың және бір әкімшілік ауданның (қаланың), облыстың шегінде

ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген уақытша жер пайдалану құқығымен шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін болуы мүмкін республиканың және бір әкімшілік ауданның (қаланың), облыстың шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Үкіметінің
2025 жылғы 15 қазандағы
№ 863 қаулысына 1-қосымша

ҚР Үкіметінің
2023 жылғы 25 қаңтардағы
№ 42 қаулысымен бекітілген

Уақытша жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін болуы мүмкін республиканың және бір әкімшілік ауданның (қаланың), облыстың шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері

Р/с №	Қалалар мен аудандардың атауы	Ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңы, гектар	Оның ішінде			
			егістік	оның ішінде суармалы жерлер	шабындықтар	жайылымдар
1	2	3	4	5	6	7
Абай облысы						
1	Абай	34500	-	-	1200	33300
2	Ақсуат	35000	500	450	2500	32000
3	Аягөз	35000	300	270	1700	33000
4	Бесқарағай	12100	2000	1800	600	9500
5	Бородулиха	6700	5000	4500	200	1500
6	Жаңасемей	35000	600	540	800	33600
7	Жарма	23500	1500	1350	3000	19000

1	2	3	4	5	6	7
8	Көкпекті	29500	6500	5850	4000	19000
9	Мақаншы	16650	1700	1530	450	13500
10	Үржар	16650	1700	1530	450	13500
Абай облысы бойынша		35000	6500	5850	4000	33600
Ақмола облысы						
1	Аққөл	5850	2550	-	300	3000
2	Аршалы	3450	2250	-	60	1140
3	Астрахан	8000	4000	-	1000	3000
4	Атбасар	4800	3300	-	30	1470
5	Бұланды	5200	3700	-	500	1000
6	Бурабай	2912	1700	-	12	1200
7	Біржан сал	10000	5000	500	-	5000
8	Егіндікөл	5000	3500	-	100	1400
9	Ерейментау	5250	1500	-	60	3 690
10	Есіл	7000	4000	-	1000	2 000
11	Жақсы	8000	5000	100	1000	2 000
12	Жарқайың	5350	4000	-	75	1 275
13	Зеренді	4000	3250	150	150	450
14	Қорғалжын	8000	5000	100	1000	2 000
15	Сандықтау	3900	2850	-	15	1 035
16	Целиноград	3150	2400	-	300	450
17	Шортанды	3750	2850	-	15	885
18	Көкшетау қаласы	900	500	-	150	250
19	Қосшы қаласы	900	500	-	150	250
20	Степногорск қаласы	7100	2000	-	100	5 000
Ақмола облысы бойынша		10000	5000	500	1000	5000
Ақтөбе облысы						
1	Алға	15000	3000	-	100	11900
2	Әйтеке би	35000	10000	-	500	24500
3	Байғанин	35000	-	-	150	34850
4	Қарғалы	14000	4400	-	100	9500
5	Мәртөк	14000	4000	-	100	9900
6	Мұғалжар	35000	500	-	500	34000
7	Темір	25000	500	-	700	23800
8	Ойыл	25000	-	-	2000	23000
9	Қобда	30000	2000	-	4000	24000
10	Хромтау	35000	10000	-	200	24800

1	2	3	4	5	6	7
11	Шалқар	35000	-	-	200	34800
12	Ырғыз	35000	-	-	2000	33000
13	Ақтөбе қаласы	7000	3500	-	50	3450
Ақтөбе облысы бойынша		35000	10000	-	4000	34850
Алматы облысы						
1	Балқаш	1725	315	-	20	1390
2	Еңбекшіқазақ	931	315	-	21	595
3	Жамбыл	6819	450	-	24	6345
4	Іле	790	40	-	20	730
5	Қарасай	1335	150	-	5	1180
6	Қонаев қаласы	110	10	-	-	100
7	Райымбек	2050	150	-	25	1875
8	Кеген	2050	150	-	25	1875
9	Талғар	1265	235	-	30	1000
10	Үйғыр	3970	225	-	45	3700
Алматы облысы бойынша		6819	450	-	45	3700
Атырау облысы						
1	Атырау қаласы	1000	120	120	101,66	778,34
2	Жылыой	20000	111	111	54,51	19834,49
3	Индер	7500	150	150	1,02	7348,98
4	Исатай	6000	45	45	81,92	5873,08
5	Қызылқоға	10000	20	20	263,3	9716,7
6	Құрманғазы	7500	100	100	165,26	7234,74
7	Мақат	7500	3	3	-	7497
8	Махамбет	7000	250	250	53	6697
Атырау облысы бойынша		20000	250	250	263,3	19834,49
Шығыс Қазақстан облысы						
1	Алтай	6450	1450	30	800	4200
2	Глубокое	2950	1500	200	300	1150
3	Зайсан	22950	850	650	1600	20500
4	Қатонқарағай	10000	500	200	2000	7500
5	Күршім	23200	1200	500	1000	21000
6	Марқакөл	30900	900	250	2000	28000
7	Самар	9700	2600	300	600	6500
8	Тарбағатай	23650	450	450	1200	22000
9	Ұлан	10100	2100	500	900	7100
10	Үлкен Нарын	9700	2400	150	1200	6100

1	2	3	4	5	6	7
11	Шемонаиха	5750	3500	100	400	1850
12	Риддер қаласы	3300	300	20	500	2500
13	Өскемен қаласы	4750	600	100	650	3500
Шығыс Қазақстан облысы бойынша		33500	3500	650	2000	28000
Жамбыл облысы						
1	Байзақ	600	50	20	50	500
2	Жамбыл	620	100	50	20	500
3	Жуалы	620	100	20	20	500
4	Қордай	650	100	30	50	500
5	Мерке	450	100	50	50	300
6	Мойынқұм	2120	20	20	100	2000
7	Сарысу	2155	55	20	100	2000
8	Талас	950	50	30	100	800
9	Тұрар Рысқұлов	1000	100	20	100	800
10	Шу	920	100	30	20	800
Жамбыл облысы бойынша		10085	775	290	610	8700
Жетісу облысы						
1	Ақсу	4050	300	-	60	3690
2	Алакөл	4050	225	-	105	3718
3	Ескелді	1275	240	-	45	982
4	Қаратал	4050	225	-	45	3780
5	Көксу	3980	225	-	38	3715
6	Кербұлақ	4050	300	-	38	3712
7	Панфилов	1660	150	-	15	1485
8	Сарқан	3980	225	-	38	3715
9	Талдықорған қаласы	220	20	-	-	200
10	Текелі қаласы	55	5	-	-	50
Жетісу облысы бойынша		4050	300	-	105	3780
Батыс Қазақстан облысы						
1	Ақжайық	12576	500	-	4666	7410
2	Бәйтерек	9230	4791	-	500	3939
3	Бөкей ордасы	12215	500	-	500	11215
4	Бөрлі	7947	4354	-	500	3093
5	Жаңақала	18800	500	-	3354	14946
6	Жәнібек	6960	500	-	500	5960
7	Казталов	18473	500	-	6694	11279
8	Қаратөбе	15828	500	-	5795	9533

1	2	3	4	5	6	7
9	Сырым	9391	2095	-	700	6596
10	Тасқала	13503	3588	-	7013	2902
11	Теректі	7669	4624	-	500	2545
12	Шыңғырлау	7702	4301	-	1012	2389
13	Орал қаласы	1200	500	-	200	500
Батыс Қазақстан облысы бойынша		18800	4791	-	7013	14946
Қарағанды облысы						
1	Абай	31000	5000	-	1000	25000
2	Ақтоғай	31000	500	-	600	29900
3	Бұхар жырау	31000	3000	-	1000	27000
4	Қарқаралы	31000	3500	-	1000	26500
5	Нұра	31000	10000	-	1000	20000
6	Осакаров	31000	10000	-	1000	20000
7	Шет	31000	1500	-	600	28900
Қарағанды облысы бойынша		31000	10000	-	1000	29900
Қостанай облысы						
1	Алтынсарин	3000	2250	-	-	750
2	Амангелді	7470	500	-	120	6850
3	Арқалық қаласы	4050	1800	-	50	2200
4	Әулиекөл	4500	3300	-	50	1150
5	Бейімбет Майлин	3650	2550	-	50	1050
6	Денисов	4500	3300	-	-	1200
7	Жангелдин	7050	300	-	120	6630
8	Жітіқара	3500	2500	-	-	1000
9	Қамысты	4500	3300	-	50	1150
10	Қарабалық	4550	3300	-	50	1200
11	Қарасу	4650	3300	-	50	1300
12	Қостанай	2400	1800	-	-	600
13	Меңдіқара	3900	2850	-	-	1050
14	Науырзым	3870	2700	-	120	1050
15	Сарыкөл	4500	3300	-	-	1200
16	Ұзынкөл	3750	2700	-	-	1050
17	Федоров	3750	2700	-	-	1050
Қостанай облысы бойынша		7470	3300	-	120	6850
Қызылорда облысы						
1	Арал	9000	-	-	100	8900
2	Жалағаш	7800	375	375	75	7350

1	2	3	4	5	6	7
3	Жаңақорған	7000	200	200	-	6800
4	Қазалы	7800	225	225	100	7475
5	Қармақшы	7800	300	300	150	7350
6	Қызылорда қаласы	800	100	100	-	700
7	Сырдария	7800	400	400	100	7300
8	Шиелі	7800	255	255	15	7530
Қызылорда облысы бойынша		9000	400	400	150	8900
Маңғыстау облысы						
1	Бейнеу	7500	-	-	-	7500
2	Қарақия	5000	-	-	-	5000
3	Маңғыстау	5000	-	-	-	5000
4	Мұнайлы	1000	-	-	-	1000
5	Түпқараған	1000	-	-	-	1000
6	Ақтау қаласы	-	-	-	-	-
7	Жаңаөзен қаласы	-	-	-	-	-
Маңғыстау облысы бойынша		7500	-	-	-	7500
Павлодар облысы						
1	Аққулы	9841	5903	4132	647	3291
2	Ақсу қаласы	10721	5903	4722	749	4069
3	Ақтоғай	18038	8580	6864	1199	8259
4	Баянауыл	17923	5903	4722	4	12016
5	Екібастұз қаласы	26936	5903	4722	1033	20000
6	Ертіс	22505	20287	16229	255	1963
7	Железин	8175	7107	4975	7	1061
8	Май	19802	5903	4722	1370	12529
9	Павлодар	7328	5903	4132	425	1000
10	Тереңкөл	9655	8931	6252	224	500
11	Успен	15519	14968	10477	12	539
12	Шарбақты	6741	5976	4183	-	765
Павлодар облысы бойынша		26936	20287	16229	1370	20000
Солтүстік Қазақстан облысы						
1	Айыртау	7293	5793	-	-	1500
2	Ақжар	13823	12547	-	8	1268
3	Аққайың	4700	2700	-	-	2000
4	Ғабит Мүсірепов атындағы	28405	23016	-	-	5389
5	Есіл	6462	4762	-	200	1500

1	2	3	4	5	6	7
6	Жамбыл	9257	7257	-	-	2000
7	Қызылжар	3400	2100	-	400	900
8	Мағжан Жұмабаев	8543	5543	-	-	3000
9	Мамлют	7308	5608	-	-	1700
10	Тайынша	17890	15890	-	-	2000
11	Тимирязев	8347	6847	-	-	1500
12	Уәлиханов	20309	14506	-	-	5803
13	Шал ақын	11926	11687	-	1	238
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша		28405	23016	-	400	5803
Түркістан облысы						
1	Арыс қаласы	2000	400	75	-	1600
2	Бәйдібек	1265	500	15	85	680
3	Жетісай	80	80	80	-	-
4	Келес	305	70	15	-	235
5	Кентау қаласы	230	20	10	10	200
6	Қазығұрт	280	125	15	80	75
7	Мақтаарал	75	75	75	-	-
8	Ордабасы	175	130	20	-	45
9	Отырар	1502	300	300	2	1200
10	Сайрам	130	80	10	-	50
11	Сарыағаш	280	70	15	-	210
12	Созақ	9621	20	10	15	9586
13	Сауран	760	60	10	200	500
14	Түркістан қаласы	-	-	-	-	-
15	Төлеби	150	85	15	-	65
16	Түлкібас	141	80	10	1	60
17	Шардара	400	100	100	-	300
Түркістан облысы бойынша		9621	500	300	200	9586
Ұлытау облысы						
1	Жезқазған қаласы	10000	5000	-	200	4800
2	Қаражал қаласы	5000	500	-	200	4300
3	Жаңаарқа	27000	5000	-	2000	20000
4	Ұлытау	27000	5000	-	2000	20000
Ұлытау облысы бойынша		27000	5000	-	2000	20000
Қазақстан Республикасы бойынша		35000	23016	16229	7013	34850

Уақытша жер пайдалану құқығымен шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін болуы мүмкін республиканың және бір әкімшілік ауданның (қаланың), облыстың шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері

Р/с №	Қалалар мен аудандардың атауы	Ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңы, гектар	Оның ішінде			
			егістік	оның ішінде суармалы жерлер	шабындықтар	жайылымдар
1	2	3	4	5	6	7
Абай облысы						
1	Абай	49500	-	-	2200	47300
2	Ақсуат	50000	1500	1350	3500	45000
3	Аягөз	50000	1000	900	3500	45500
4	Бесқарағай	24500	4000	3600	1500	19000
5	Бородулиха	13800	10000	9000	300	3500
6	Жаңасемей	51500	1500	1350	2000	48000
7	Жарма	48500	2500	2250	4500	41500
8	Көкпекті	39100	13000	11700	4500	21600
9	Мақаншы	31600	3600	3204	1000	27000
10	Үржар	31600	3600	3240	1000	27000
Абай облысы бойынша		51500	13000	11700	4500	48000
Ақмола облысы						
1	Аққөл	27300	17000		300	10000
2	Аршалы	56000	30000		1000	25000
3	Астрахан	93000	70000		3000	20000
4	Атбасар	109000	50000		4500	55000
5	Бұланды	150000	130000		2000	18000
6	Бурабай	70050	55000		50	15000
7	Біржан сал	55000	35000	1500	-	20000
8	Егіндікөл	40000	30000		200	9800
9	Ерейментау	35000	10000		400	24600
10	Есіл	54000	45000		2000	7000
11	Жақсы	150000	100000	2000	5000	45000
12	Жарқайың	39000	30000		500	8500
13	Зеренді	55000	37000	2000	1500	14500
14	Көкшетау қаласы	2900	1500		300	1100
15	Қосшы қаласы	2900	1500		300	1100

1	2	3	4	5	6	7
16	Қорғалжын	39700	14000		700	25000
17	Сандықтау	34600	27600		100	6900
18	Степногорск қаласы	15100	5000		100	10000
19	Целиноград	62400	50000		2000	10400
20	Шортанды	40000	32000		200	7800
Ақмола облысы бойынша		150000	130000	2000	5000	55000
Ақтөбе облысы						
1	Алға	20000	5000	-	200	12800
2	Әйтеке би	50000	13000	-	1200	35800
3	Байғанин	50000	-	-	800	49200
4	Қарғалы	50000	20000	-	500	29500
5	Мәртөк	40000	20000	-	500	19500
6	Мұғалжар	48000	200	-	1300	46500
7	Темір	40000	200	-	3200	36600
8	Ойыл	40000	200	-	7315	32485
9	Қобда	50000	4200	-	18000	27800
10	Хромтау	50000	8000	-	200	41800
11	Шалқар	50000	-	-	1000	49000
12	Ырғыз	50000	-	-	9800	40200
13	Ақтөбе қаласы	10000	2500	-	200	7300
Ақтөбе облысы бойынша		50000	20000		18000	49200
Алматы облысы						
1	Балқаш	12000	2600	-	400	9000
2	Еңбекшіқазақ	5407	2500	-	107	2800
3	Жамбыл	15551	1496	-	15	14040
4	Іле	1090	40	-	50	1000
5	Қарасай	8818	805	-	13	8000
6	Кеген	6150	1000	-	150	5000
7	Қонаев қаласы	215	15	-	-	200
8	Райымбек	6150	1000	-	150	5000
9	Талғар	8456	1546	-	10	6900
10	Үйғыр	26500	1500	-	376	24624
Алматы облысы бойынша		26500	2600		400	24624
Атырау облысы						
1	Атырау қаласы	3000	180	180	307	2513
2	Жылыой	30000	250	250	197,9	29552,1
3	Индер	25000	252	252	3,34	24744,66
4	Исатай	20000	90	90	273,8	19636,2

1	2	3	4	5	6	7
5	Қызылқоға	25000	50	50	652	24298
6	Құрманғазы	35000	150	150	765,8	34084,2
7	Мақат	22500	10	10	-	22490
8	Махамбет	20000	500	500	150,56	19484,44
Атырау облысы бойынша		35000	500	500	765,8	34084,2
Шығыс Қазақстан облысы						
1	Алтай	18900	6000	200	4500	8400
2	Глубокое	12000	7000	500	1500	3500
3	Зайсан	46700	2500	1300	3200	41000
4	Қатонқарағай	40000	7000	200	10000	23000
5	Күршім	54000	3500	1500	8500	42000
6	Марқакөл	61800	1800	500	4000	56000
7	Самар	24500	6500	500	4000	14000
8	Тарбағатай	51500	1000	1000	5000	45500
9	Ұлан	20100	4200	500	1900	14000
10	Үлкен Нарын	19200	4800	250	2400	12000
11	Шемонаиха	16700	10000	1500	1700	5000
12	Риддер қаласы	6600	600	50	1000	5000
13	Өскемен қаласы	8800	1200	650	1600	6000
Шығыс Қазақстан облысы бойынша		76000	10000	1500	10000	56000
Жамбыл облысы						
1	Байзақ	1300	200	150	100	1000
2	Жамбыл	1250	200	50	50	1000
3	Жуалы	1250	200	100	50	1000
4	Қордай	1760	200	60	60	1500
5	Мерке	1260	200	100	60	1000
6	Мойынқұм	5090	30	30	60	5000
7	Сарысу	5400	300	30	100	5000
8	Талас	3300	200	150	100	3000
9	Тұрар Рысқұлов	2300	200	50	100	2000
10	Шу	5550	500	100	50	5000
Жамбыл облысы бойынша		28460	2230	820	730	25500
Жетісу облысы						
1	Ақсу	27000	2000	-	400	24600
2	Алакөл	27000	1500	-	700	24790
3	Ескелді	8500	1600	-	300	6550
4	Қаратал	27000	1500	-	300	25200

1	2	3	4	5	6	7
5	Көксу	26500	1500	-	250	24740
6	Кербұлақ	27000	2000	-	250	24750
7	Панфилов	11050	1000	-	100	9900
8	Сарқан	26500	1500	-	250	24740
9	Талдықорған қаласы	330	30	-	-	300
10	Текелі қаласы	90	10	-	-	80
Жетісу облысы бойынша		27000	2000		700	25200
Батыс Қазақстан облысы						
1	Ақжайық	41003	1000	-	5759	34244
2	Бәйтерек	26825	21886	-	1000	3939
3	Бөкей ордасы	48000	1000	-	500	46500
4	Бөрлі	16963	9932	-	1000	6031
5	Жаңақала	48000	1000	-	4300	42700
6	Жәнібек	38616	1000	-	1624	35992
7	Казталов	48000	1000	-	5719	41281
8	Қаратөбе	46911	1000	-	5795	40116
9	Сырым	41175	7625	-	1820	31730
10	Тасқала	38405	9182	-	7013	22210
11	Теректі	29473	17000	-	1000	11473
12	Шыңғырлау	34739	11854	-	2364	20521
13	Орал қаласы	2400	1000		400	1000
Батыс Қазақстан облысы бойынша		48000	21886		7013	46500
Қарағанды облысы						
1	Абай	51000	12500	-	1500	37000
2	Ақтоғай	51000	2000	-	1000	48000
3	Бұхар жырау	51000	23000	-	1500	26500
4	Қарқаралы	51000	10000	-	1500	39500
5	Нұра	51000	32000	-	1000	18000
6	Осакаров	51000	32000	-	1000	18000
7	Шет	51000	3000	-	1000	47000
Қарағанды облысы бойынша		51000	32000		1500	48000
Қостанай облысы						
1	Алтынсарин	27862	22862	-	0	5000
2	Амангелді	57714	10714	-	1000	46000
3	Әулиекөл	29900	22000	-	200	7700
4	Б.Майлин	28157	20957	-	200	7000
5	Денисов	30591	22591		0	8000
6	Жангелдин	50027	4027	-	1000	45000

1	2	3	4	5	6	7
7	Жітіқара	33661	28661	-	0	5000
8	Қамысты	29889	22089	-	200	7600
9	Қарабалық	30200	22000	-	200	8000
10	Қарасу	43191	35191	-	0	8000
11	Қостанай	17037	13037	-	0	4000
12	Меңдіқара	27173	20173	-	0	7000
13	Науырзым	26457	18957	-	500	7000
14	Сарыкөл	49242	41242	-	0	8000
15	Ұзынкөл	31538	24538	-	0	7000
16	Федоров	27877	20877	-	0	7000
17	Арқалық қаласы	28547	14547	-	0	14000
Қостанай облысы бойынша		88242	41242		1000	46000
Қызылорда облысы						
1	Арал	30000	-	-	100	29900
2	Жалағаш	30000	2500	2500	500	27000
3	Жаңақорған	15000	1200	1200	-	13200
4	Қазалы	22000	1500	1500	700	19800
5	Қармақшы	30000	2000	2000	1000	27000
6	Қызылорда қаласы	1000	200	200	-	800
7	Сырдария	20000	2700	2700	700	16600
8	Шиелі	20000	1700	1700	100	18200
Қызылорда облысы бойынша		30000	2700	2700	1000	29900
Маңғыстау облысы						
1	Бейнеу	25000	-	-	-	25000
2	Қарақия	10000	-	-	-	10000
3	Маңғыстау	10000	-	-	-	10000
4	Мұнайлы	5000	-	-	-	5000
5	Түпқараған	5000	-	-	-	5000
6	Ақтау қаласы	-	-	-	-	-
7	Жаңаөзен қаласы	-	-	-	-	-
Маңғыстау облысы бойынша		25000				25000
Павлодар облысы						
1	Ақсу қаласы	34471	11204	8963	2921	20346
2	Екібастұз қаласы	53152	11204	8963	1948	40000
3	Аққулы	29121	11204	7843	1464	16453
4	Ақтоғай	43032	15622	15622	2410	25000
5	Баянауыл	46223	11204	8963	19	35000
6	Железин	16803	11464	11464	35	5 304

1	2	3	4	5	6	7
7	Ертіс	33413	22556	22556	1044	9813
8	Май	44434	11204	8963	1831	31399
9	Павлодарский	14081	11204	7843	1568	1309
10	Тереңкөл	16829	14722	14244	960	1147
11	Успен	23555	20797	20528	62	2696
12	Шарбақты	20150	16323	16144	0	3827
Павлодар облысы бойынша		53152	22556	22556	2921	40000
Солтүстік Қазақстан облысы						
1	Айыртау	111000	95100	-	-	15900
2	Ақжар	95638	80100	-	38	15500
3	Аққайың	76000	58500	-	-	17500
4	Ғабит Мүсірепов атындағы	120700	98700	-	-	22000
5	Есіл	95000	79500	-	400	15100
6	Жамбыл	110700	80700	-	-	30000
7	Қызылжар	73000	55200	-	800	17000
8	Мағжан Жұмабаев	112200	95600	-	-	16600
9	Мамлют	50250	40250	-	-	10000
10	Тайынша	114900	97400	-	-	17500
11	Тимирязев	85900	71400	-	-	14500
12	Уәлиханов	85229	55100	-	-	30129
13	Шал ақын	91804	77000	-	4	14800
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша		120 700	98700	-	800	30129
Түркістан облысы						
1	Арыс қаласы	6000	1000	300	-	5000
2	Бәйдібек	6305	2500	30	420	3385
3	Жетісай	435	435	435	-	-
4	Келес	1340	80	20	-	1260
5	Кентау қаласы	570	50	40	20	500
6	Қазығұрт	1430	680	30	390	360
7	Мақтаарал	400	400	400	-	-
8	Ордабасы	1055	845	105	-	210
9	Отырар	5310	450	450	10	4850
10	Сайрам	325	205	25	-	120
11	Сарыағаш	1381	350	30	1	1030
12	Сауран	900	100	50	300	500
13	Созақ	41366	30	15	85	41251

1	2	3	4	5	6	7
14	Түркістан қаласы	-	-	-	-	-
15	Төлеби	551	425	30	1	125
16	Түлкібас	370	235	30	5	130
17	Шардара	2501	500	500	1	2000
Түркістан облысы бойынша		41366	2500	500	420	41251
Ұлытау облысы						
1	Жезқазған қаласы	10000	5000	-	200	4800
2	Қаражал қаласы	5000	500	-	200	4300
3	Жаңаарқа	45000	10000	-	300	32000
4	Ұлытау	45000	10000	-	3000	32000
Ұлытау облысы бойынша		45000	10000		3000	32000
Қазақстан Республикасы бойынша		150000	130000	22556	18000	55000

26. «Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқықтар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 255 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 29 қаңтардағы № 28 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 3 ақпанда № 35690 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқықтар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 255 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10871 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқықтар беру қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Сумен және электрмен жабдықтау желілерімен қамтамасыз етілген алаңдарда жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беруге жол беріледі.

Орталықтандырылған сумен жабдықтау жоқ елді мекендерде мұндай жер учаскелерін беруге электрмен жабдықтау желілері болған кезде ғана жол беріледі.

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін сұраған кезде азаматтардың өтініштері (өтінішхаттары) арнайы есепке алынады және бөліп беруге арналған

алаңдарды дайын болуына қарай не жеке тұрғын үй құрылысы үшін пайдаланылатын бос аумақтар болған кезде қанағаттандырылады.

Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру олардың өтініштері арнаулы есепке қойылғаннан кейін жүзеге асырылады.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Бұрын уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілген жер учаскесін жеке меншікке алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары жер учаскесінің орналасқан жері бойынша ЖАО-ға өтініш береді.».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

27. «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 14 наурыздағы № 82 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 наурызда № 35824 болып тіркелді)

1. «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 10-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 14-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

28. «Жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлерін қалыптастыру мақсаттары үшін облыстарға, республикалық маңызы бар қалаларға, астанаға, аудандарға және облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға берілетін кодтардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 188 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 2 сәуірдегі № 92 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 3 сәуірде № 35926 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлерін қалыптастыру мақсаттары үшін облыстарға, республикалық маңызы бар қалаларға, астанаға, аудандарға және облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға берілетін кодтардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 188 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10672 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлерін қалыптастыру мақсаттары үшін облыстарға, республикалық маңызы бар қалаларға,

астанаға, аудандарға және облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға берілетін кодтардың тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 2 сәуірдегі
№ 92 бұйрығына қосымша

ҚР Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 6 наурыздағы
№ 188 бұйрығымен бекітілген

Жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлерін қалыптастыру мақсаттары үшін облыстарға, республикалық маңызы бар қалаларға, астанаға, аудандарға және облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға берілетін кодтардың тізбесі

Р/с №	Әкімшілік-аумақтық бірлік	Код
1-тарау. Ақмола облысы		
1	Ақмола облысы	01
2	Ақкөл ауданы	001
3	Астрахан ауданы	002
4	Атбасар ауданы	003
5	Сандықтау ауданы	004
6	Аршалы ауданы	005
7	Ерейментау ауданы	006
8	Егіндікөл ауданы	007
9	Қорғалжын ауданы	008
10	Бұланды ауданы	009
11	Целиноград ауданы	011
12	Шортанды ауданы	012
13	Ақкөл қаласы	014

14	Атбасар қаласы	015
15	Ерейментау қаласы	016
16	Макинск қаласы	017
17	Степногорск қаласы	018
18	Шаңтөбе кенті	019
19	Зеренді ауданы	160
20	Бурабай ауданы	171
21	Біржан сал ауданы	172
22	Заозерный кенті	173
23	Көкшетау қаласы	174
24	Степняк қаласы	176
25	Щучье қаласы	177
26	Жарқайың ауданы	275
27	Есіл ауданы	277
28	Жақсы ауданы	278
29	Державин қаласы	283
30	Есіл қаласы	284
31	Красногор кенті	285
32	Қосшы қаласы	332
2-тарау. Ақтөбе облысы		
33	Ақтөбе облысы	02
34	Алға ауданы	022
35	Байғанин ауданы	023
36	Әйтеке би ауданы	024
37	Ырғыз ауданы	025
38	Мұғалжар ауданы	027
39	Қарғалы ауданы	028
40	Мәртүк ауданы	029
41	Темір ауданы	031
42	Ойыл ауданы	032
43	Қобда ауданы	033
44	Хромтау ауданы	034
45	Шалқар ауданы	035
46	Ақтөбе қаласы	036
47	Алға қаласы	037
48	Қандыағаш қаласы	038
49	Темір қаласы	039
50	Хромтау қаласы	040
51	Шалқар қаласы	041

52	Ембі қаласы	042
3-тарау. Алматы облысы		
53	Алматы облысы	03
54	Балқаш ауданы	043
55	Еңбекшіқазақ ауданы	044
56	Жамбыл ауданы	045
57	Іле ауданы	046
58	Қарасай ауданы	047
59	Райымбек ауданы	050
60	Талғар ауданы	051
61	Ұйғыр ауданы	052
62	Есік қаласы	054
63	Қонаев қаласы	055
64	Қасқелең қаласы	056
65	Талғар қаласы	057
66	Кеген ауданы	323
67	Алатау қаласы	341
4-тарау. Атырау облысы		
68	Атырау облысы	04
69	Жылыой ауданы	059
70	Индер ауданы	060
71	Исатай ауданы	061
72	Қызылқоға ауданы	062
73	Құрманғазы ауданы	063
74	Мақат ауданы	064
75	Махамбет ауданы	065
76	Атырау қаласы	066
5-тарау. Шығыс Қазақстан облысы		
77	Шығыс Қазақстан облысы	05
78	Глубокий ауданы	068
79	Зайсан ауданы	069
80	Алтай ауданы	070
81	Қатон-Қарағай ауданы	071
82	Күршім ауданы	072
83	Тарбағатай ауданы	078
84	Ұлан ауданы	079
85	Шемонаиха ауданы	080
86	Зайсан қаласы	081

87	Алтай қаласы	082
88	Риддер қаласы	083
89	Серебрянск қаласы	084
90	Өскемен қаласы	085
91	Шемонаиха қаласы	086
92	Самар ауданы	334
93	Үлкен Нарын ауданы	337
94	Марқакөл ауданы	338
6-тарау. Жамбыл облысы		
95	Жамбыл облысы	06
96	Байзақ ауданы	087
97	Жамбыл ауданы	088
98	Жуалы ауданы	089
99	Қордай ауданы	090
100	Тұрар Рысқұлов атындағы ауданы	091
101	Мерке ауданы	092
102	Мойынқұм ауданы	093
103	Сарысу ауданы	094
104	Талас ауданы	095
105	Шу ауданы	096
106	Тараз қаласы	097
107	Жаңатас қаласы	098
108	Қаратау қаласы	099
109	Шу қаласы	100
7-тарау. Батыс Қазақстан облысы		
110	Батыс Қазақстан облысы	08
111	Бөрілі ауданы	114
112	Жаңақала ауданы	115
113	Жәнібек ауданы	116
114	Бәйтерек ауданы	118
115	Казталовка ауданы	119
116	Қаратөбе ауданы	120
117	Сырым ауданы	122
118	Тасқала ауданы	124
119	Теректі ауданы	125
120	Бөкейорда ауданы	126
121	Ақжайық ауданы	127
122	Шыңғырлау ауданы	128

123	Ақсай қаласы	129
124	Орал қаласы	130
125	Чапаев қаласы	131
8-тарау. Қарағанды облысы		
126	Қарағанды облысы	09
127	Ақтоғай ауданы	102
128	Шет ауданы	107
129	Балқаш қаласы	108
130	Приозерск қаласы	111
131	Қарқаралы ауданы	133
132	Абай ауданы	134
133	Нұра ауданы	136
134	Осакаровка ауданы	137
135	Бұхар-Жырау ауданы	140
136	Абай қаласы	141
137	Қарағанды қаласы	142
138	Қарқаралы қаласы	143
139	Саран қаласы	144
140	Теміртау қаласы	145
141	Шахтинск қаласы	146
9-тарау. Қызылорда облысы		
142	Қызылорда облысы	10
143	Арал ауданы	147
144	Жалағаш ауданы	148
145	Жаңақорған ауданы	149
146	Қазалы ауданы	150
147	Қармақшы ауданы	151
148	Сырдария ауданы	153
149	Шиелі ауданы	154
150	Қазалы қаласы	155
151	Қызылорда қаласы	156
10-тарау. Қостанай облысы		
152	Қостанай облысы	12
153	Алтынсарин ауданы	178
154	Жітіқара ауданы	179
155	Қамысты ауданы	180
156	Қарасу ауданы	181
157	Қарабалық ауданы	182

158	Қостанай ауданы	183
159	Ұзынкөл ауданы	184
160	Меңдіқара ауданы	185
161	Наурызым ауданы	186
162	Денисов ауданы	187
163	Әулиекөл ауданы	188
164	Бейімбет Майлин ауданы	189
165	Сарыкөл ауданы	190
166	Федоров ауданы	191
167	Жітіқара қаласы	192
168	Қостанай қаласы	193
169	Лисаковск қаласы	194
170	Рудный қаласы	195
171	Амангелді қаласы	272
172	Жангелді қаласы	276
173	Арқалық қаласы	282
11-тарау. Маңғыстау облысы		
174	Маңғыстау облысы	13
175	Бейнеу ауданы	196
176	Қарақия ауданы	197
177	Маңғыстау ауданы	198
178	Түпқараған ауданы	199
179	Ақтау қаласы	200
180	Жаңаөзен қаласы	201
181	Форт-Шевченко қаласы	202
182	Мұнайлы қаласы	203
12-тарау. Павлодар облысы		
183	Павлодар облысы	14
184	Ақтоғай ауданы	204
185	Баянауыл ауданы	205
186	Железинка ауданы	206
187	Ертіс ауданы	207
188	Тереңкөл ауданы	208
189	Аққулы ауданы	209
190	Май ауданы	210
191	Павлодар ауданы	211
192	Успен ауданы	212
193	Шарбақты ауданы	213

194	Ақсу қаласы	215
195	Ертіс ауылы	216
196	Павлодар қаласы	218
197	Екібастұз қаласы	219
13-тарау. Солтүстік Қазақстан облысы		
198	Солтүстік Қазақстан облысы	15
199	Айыртау ауданы	157
200	Уәлиханов ауданы	162
201	Тайынша ауданы	164
202	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан	165
203	Ақжар ауданы	167
204	Тайынша қаласы	175
205	Қызылжар ауданы	220
206	Мағжан Жұмабаев ауданы	221
207	Жамбыл ауданы	223
208	Есіл ауданы	224
209	Мамлют ауданы	225
210	Шалақын ауданы	228
211	Аққайың ауданы	229
212	Тимирязев ауданы	231
213	Булаево қаласы	232
214	Мамлютка қаласы	233
215	Петропавл қаласы	234
216	Сергеев қаласы	235
14-тарау. Түркістан облысы		
217	Түркістан облысы	19
218	Бәйдібек ауданы	286
219	Арыс ауданы	287
220	Мақтаарал ауданы	288
221	Қазығұрт ауданы	289
222	Ордабасы ауданы	293
223	Отырар ауданы	294
224	Сайрам ауданы	295
225	Сарыағаш ауданы	296
226	Созақ ауданы	297
227	Төлеби ауданы	298
228	Түлкібас ауданы	300
229	Шардара ауданы	301

230	Арыс қаласы	302
231	Жетісай қаласы	303
232	Кентау қаласы	304
233	Леңгір қаласы	305
234	Сарыағаш қаласы	306
235	Түркістан қаласы	307
236	Шардара қаласы	308
237	Жетісай ауданы	325
238	Келес ауданы	326
239	Сауран ауданы	331
15-тарау. Алматы қаласы		
240	Алматы қаласы	20
241	Алмалы ауданы	311
242	Әуезов ауданы	312
243	Бостандық ауданы	313
244	Жетісу ауданы	314
245	Медеу ауданы	315
246	Түрксіб ауданы	317
247	Алатау ауданы	321
248	Наурызбай ауданы	322
16-тарау. Астана қаласы		
249	Астана қаласы	21
250	Алматы ауданы	318
251	Сарыарқа ауданы	319
252	Есіл ауданы	320
253	Байқоңыр ауданы	324
254	Нұра ауданы	335
255	Сарайшық ауданы	342
17-тарау. Шымкент қаласы		
256	Шымкент қаласы	22
257	Абай ауданы	327
258	Әл-Фараби ауданы	328
259	Еңбекші ауданы	329
260	Қаратау ауданы	330
261	Тұран ауданы	336
18-тарау. Абай облысы		
262	Абай облысы	23
263	Абай ауданы	236

264	Аягөз ауданы	239
265	Бесқарағай ауданы	240
266	Бородулиха ауданы	241
267	Жарма ауданы	243
268	Көкпекті ауданы	244
269	Үржар ауданы	248
270	Ақсуат ауданы	333
271	Семей қаласы	252
272	Аягөз қаласы	251
273	Шар қаласы	253
274	Курчатов қаласы	217
275	Мақаншы ауданы	339
276	Жаңасемей ауданы	340
19-тарау. Ұлытау облысы		
277	Ұлытау облысы	25
278	Жаңаарқа ауданы	104
279	Ұлытау ауданы	106
280	Жезқазған қаласы	109
281	Қаражал қаласы	110
282	Сәтпаев қаласы	112
20-тарау. Жетісу облысы		
283	Жетісу облысы	24
284	Ақсу ауданы	254
285	Алакөл ауданы	255
286	Қаратал ауданы	259
287	Кербұлақ ауданы	260
288	Көксу ауданы	261
289	Панфилов ауданы	262
290	Сарқан ауданы	263
291	Ескелді ауданы	264
292	Талдықорған қаласы	268
293	Текелі қаласы	269
294	Жаркент қаласы	266
295	Сарқан қаласы	267
296	Үштөбе қаласы	270
297	Үшарал қаласы	271

29. «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 110 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 16 сәуірде № 35986 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 17-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

30. «Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсетудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 131 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабы 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет

көрсетудің заттай нормалары бекітілсін.

2. «Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсетудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 4-6/295 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11116 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады.

31. «Жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау саласындағы мемлекеттік мекемелердің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 134 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау саласындағы мемлекеттік мекемелердің заттай нормалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

32. «Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, оның көрсетілетін қызметтерді өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 136 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36061 болып тіркелді). Бұйрық 2025 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады. Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 102-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, оның көрсетілетін қызметтерді өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 4-6/181 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10618 болып тіркелген);

2) «Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы

мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 4-6/181 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 455 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19835 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады.

ҚР Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 30 сәуірдегі
№ 136 бұйрығымен бекітілген

Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, оның көрсетілетін қызметтерді өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидалары

1. Осы Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, оның көрсетілетін қызметтерді өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 102-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, оның көрсетілетін қызметтерді өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану

тәртібін айқындайды.

2. Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеме (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) ақылы негізде мынадай көрсетілетін қызметтерді жүзеге асырады:

1) топыраққа агрохимиялық зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу;

2) өсімдік шаруашылығы өнімінің және оны қайта өңделген өнімдерінің сапасын бағалау;

3) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өтініші бойынша топырақтың құрамында макро-, микроэлементтердің, ауыр металдардың, су сорындысының болуына қосымша зерттеп-қараулар жүргізу;

4) агрохимия саласындағы аспаптар мен зертханалық жабдықтарды, химиялық талдау әдістемелерін байқаудан өткізу, сынақ нәтижелері бойынша қорытындылар беру;

5) топыраққа, өсімдік шаруашылығы өніміне және оның қайта өңделген өнімдеріне химиялық талдау жүргізу, тыңайтқыштар жүйесін құру, жер учаскелерін пайдалану әдістері мен қағидалары бойынша консультациялық қызметтер көрсету.

3. Көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерінің тізбесі және ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің баға прейскуранты мемлекеттік мекеменің аумағында (үй-жайларында) арнайы бөлінген жерде орналастырылады, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында жарияланады.

4. Мемлекеттік мекеме жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – өтініш беруші) еркін түрде жасалған жазбаша өтініші негізінде көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін жүзеге асырады.

5. Өтінішті қабылдауды және тіркеуді мемлекеттік мекеменің жауапты қызметкері жүзеге асырады, мыналарды көрсете отырып, өтініш берушіге өтініштің қабылданғаны туралы қолхат береді:

1) өтініштің тіркеу нөмірі мен оның қабылданған күні;

2) көрсетілетін қызмет атауы;

3) өтінішті қабылдаған мемлекеттік мекеменің жауапты қызметкерінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі.

6. Көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлері мемлекеттік мекемеде белгіленген жұмыс режиміне сәйкес демалыс және мереке күндерін

қоспағанда, күн сайын көрсетіледі.

7. Жеке және заңды тұлғалардың қолма қол нысанда жүзеге асырылатын есеп айырысулары мемлекеттік мекеменің кассалары арқылы фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарды пайдалана отырып және бақылау түбіртегін бере отырып не «Ақылы қызметтердің қолма-қол ақшаны бақылау шоты» мемлекеттік мекемесінің ағымдағы шотына аудару жолымен қолма қол ақшасыз есеп айыру бойынша жүргізіледі.

8. Мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін жүзеге асырудан алған қаражаты көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны есепке алу үшін ашылған шотқа аударылады және Бюджет кодексінің 101-бабының 8-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдеріне сәйкес ресімделген және ұсынылған төлемшоты негізінде пайдаланылады.

9. Ақылы қызмет түрлерін жүзеге асырудан түскен қаражат мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен, өз иелігінде қалған ақшаның кіріс және шығыс жоспарларына (бұдан әрі – жоспар) сәйкес жоспарланады және пайдаланылады.

10. Мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін жүзеге асырудан алған қаражаты мынадай жоспарларға сәйкес пайдаланылады:

1) зертханалық зерттеулерді жүргізу;

2) техника, ауыл шаруашылығы және зертханалық жабдықтарды, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық базасын жарақтандыруға арналған механизмдерді сатып алу;

3) ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу;

4) ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласында ауыл шаруашылығы және зертханалық жұмыстар жүргізу үшін мемлекеттік мекеме тартатын штаттан тыс маусымдық қызметкерлер мен жұмысшылардың көрсететін қызметтері мен жұмысына еңбекақы төлеу;

5) тауарлық материалдық құндылықтарды: жанар-жағармайды, химиялық реактивтерді, қосалқы бөлшектерді, байланыс құралдарын, метеорологиялық деректерді, еңбекті қорғауды, өрт қауіпсіздігі мен гигиенаны қамтамасыз ету үшін арнайы қорғану құралдарын, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің ағымдағы

мақсаттары үшін қажетті заттар мен материалдарды сатып алу;

6) көлік, байланыс қызметіне, коммуналдық қызметке, әкімшілік және қойма үй-жайларын жалға алу, көлік құралдарын техникалық байқау және міндетті сақтандыру, мемлекеттік мекеменің мамандандырылған жабдықтарын тексеру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу;

7) жазылым баспаларын, ғылыми, әдістемелік және арнайы әдебиеттерді сатып алу;

8) ғылыми және әдістемелік материалдарды, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің ресми бюллетендерін шығару;

9) мемлекеттік мекеменің мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

10) ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы деректерді автоматты түрде өндейтін арнайы бағдарламалық қамтылымды сатып алу және енгізу;

11) мемлекеттік мекемеге арналған шетелдік хат-хабарлар мен ғылыми құжаттамаларды аудару үшін аудармашылардың көрсететін қызметтеріне ақы төлеу;

12) жарнамалау мен насихаттау жөніндегі бұқаралық іс-шараларды өткізу (танап күні, семинарлар, көрмелер, саяхаттар мен презентациялар);

13) мемлекеттік мекеменің жұмыс істеуіне байланысты ғимараттарды, құрылысжайларды және өзге де объектілерді жөндеу;

14) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің іссапарлары, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарлары шығыстары;

15) мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін еңбек көрсеткіштері үшін көтермелеу.

33. «Топырақты бонитирлеуді жүргізу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 26 қазандағы № 342 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 24 маусымдағы № 205 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 27 маусымда № 36336 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 26 қазандағы № 342 «Топырақты бонитирлеуді жүргізу әдістемесін бекіту туралы»

бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30350 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Топырақты бонитирлеуді жүргізу әдістемесінде:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Топырақты бонитирлеу мемлекеттік жер кадастрының құрамдас бөлігі болып табылады.

Топырақты бонитирлеуді «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын) жүзеге асырады.

4. Топырақты бонитирлеуге меншік нысанына және оларға шаруашылық жүргізу нысанына тиесілілегіне қарамастан, барлық ауыл шаруашылығы алқаптары (егістіктер, тыңайған жерлер, көпжылдық екпелер алып жатқан жерлер, шабындықтар мен жайылымдар), елді мекендерден тыс орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мен өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер жатады.»;

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

«8-1. Дала жұмыстары басталғанға дейінгі дайындық жұмыстары кезеңінде Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) бекітілген «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес іздестіру жұмыстары үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат алады.»;

19-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша далалық күнделік жүргізу;

4) осы Әдістемеге 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талдау жүргізу үшін зертханаға тапсырылатын топырақ үлгілерінің ведомосі толтыру.»;

20-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ауыл шаруашылығы алқаптары бойынша орташа бонитет балын есептеу;»;

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын; осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 24 маусымдағы
№ 205 бұйрығына 1-қосымша

Топырақты бонитирлеуді
жүргізу әдістемесіне 1-қосымша
Нысан

Далалық күнделік

_____
(ауылдық округ, есепке алу кварталының нөмірі)
_____ (аудан)
_____ (облыс)
Қазынды орындарының саны: _____ бастап _____дейін
Барлық қазындылар _____
Тексеру жүргізілді:
« __»_____ бастап
«___»_____ дейін
Орындаушы _____ _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) қолы
Басқарма басшысы _____ _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) қолы
Қазынды № _____ 20__ жылы «_____» _____
(координаттар) N……°..…..…′……..…′′Е……°……..′……..….′′
Топырақ шифры _____

Контурдың мазмұны _____
Алқап _____
Өсімдік жамылғысы _____
Топырақ профилінің сипаттамасы

Қат-қабаттардағы қасиеттер мен белгілер	Генетикалық қат-қабаттардың белгіленуі, орналасу тереңдігі және қалыңдығы, сантиметрмен				
Түсі					
Ылғалдылығы					
Механикалық құрамы					
Құрылымы					
Көпіршуі (сипаты, тереңдігі)					
Ауысу сипаты					
Үлгі алу тереңдігі, см					

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 24 маусымдағы
№ 205 бұйрығына 2-қосымша

Топырақты бонитирлеуді
жүргізу әдістемесіне 1-1-қосымша
Нысан

Топырақ үлгілерінің ведомосі

_____ (жер пайдалану)
_____ (аудан, облыс)

№	Топырақ кесіндісінің нөмірі	Қат-қабат, үлгінің тереңдігі (сантиметрмен)	Топырақ атауы	Талдаулар түрі							Ескерту				
Жиыны:															

34. «Жердің ірі масштабты топырақ іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 22 ақпандағы № 75 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 9 шілдедегі № 218 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 11 шілдеде № 36428 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жердің ірі масштабты топырақ іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023

жылғы 22 ақпандағы № 75 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31999 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жердің ірі масштабты топырақ іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемеде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жерлердің ірі масштабты топырақ іздестірулерінің нәтижелері (топырақ карталары мен картограммалары) мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесіне жұмыстар орындалған жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін енгізіледі.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Топырақ іздестірулер бойынша дала жұмыстары басталғанға дейінгі дайындық кезеңінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) бекітілген «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес іздестіру жұмыстары үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат алады.»;

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) картографиялық: қағаз және цифрлық тасығыштардағы фотожоспарлар, аэрофотосуреттер, ғарыштық суреттер және мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесінің цифрлық деректері;»;

28, 29 және 30-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Негізгі кескіндер барлық қат-қабаттар мен аналық жыныстың жоғарғы 10 (он) сантиметрін ашатын топырақтың толық профилін зерттеу үшін барынша типтік жерлерде орналастырылған. Кескіннің жалпы тереңдігі 80 (сексен) сантиметрден 200 (екі жүз) сантиметрге дейін, алдыңғы қабырғаның ені 60 (алпыс) сантиметрге дейін. Кесіндіде қиыршық тас, тығыз жыныстар немесе су болған жағдайда, негізгі топырақ кесіндісінің тереңдігі тығыз жынысты ашу тереңдігімен

немесе судың пайда болуымен шектеледі.

29. Жартылай шұңқырлар топырақтың түрлерін және аналық жыныс басталғанға дейінгі барлық топырақ горизонттарын аша отырып, олардың кеңістіктік өзгеруін анықтау үшін типтік жерлерде қазылады. Жартылай шұңқырлардың тереңдігі топырақ түзетін жыныс ашылғанға дейін 80 (сексен) сантиметрден 10 (он) сантиметрге дейін, ені – 60 (алпыс) сантиметрден кем болмайды.

30. Қазбашықтар негізгі кесінділермен және жартылай шұңқырлармен анықталған және сипатталған жекелеген топырақ контурларының шекараларын нақтылау үшін пайдаланылады, қазбашықтың жалпы тереңдігі кемінде 50 (елу) сантиметр. 2-3 (екі-үш) негізгі қат-қабатты қазу арқылы ашу топырақтың жекелеген жалпы және түрлік белгілерін (қарашірік қат-қабатының қалыңдығы, карбонаттылық, кебірлілік, сортаңдану) анықтау үшін жүргізіледі.»;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Негізгі кескіндерде, жартылай шұңқырларда және қазбашықтарда топырақтың морфологиялық белгілерін сипаттау осы Әдістемеге 8-қосымшаға сәйкес топырақтың морфологиялық белгілерінің қысқартылған индекстерін пайдалана отырып, жүзеге асырылады.»;

6 және 7-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

24-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

41-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

48-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

35. «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 26 тамыздағы № 261 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 тамызда № 36716 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18048 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларында:

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жер комиссиясы – облыстың, облыстық маңызы бар қаланың (оның әкімшілік бағынысына берілген аумақта) және ауданның жергілікті атқарушы органының жанындағы жер учаскелеріне құқық беру туралы (шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурс жеңімпазын айқындау туралы), жер учаскелерінің (елді мекендердің жерлерін қоспағанда) нысаналы мақсатын өзгерту туралы және су қорының жерін басқа санаттардағы жерге ауыстыру туралы өтініштерді (өтінімдерді) қарауға және қорытындыларды дайындауға арналған алқалы орган;»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Аквашаруашылықты жүргізу үшін жер учаскесін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы,

қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады.»;

мынадай мазмұндағы 12-1 және 12-2-тармақтармен толықтырылсын:

«12-1. Аквашаруашылықты жүргізу үшін конкурстық ұсыныста (бұдан әрі – конкурстық ұсыныс):

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, аквашаруашылық объектілерін өсіру көлемі, тиісті инфрақұрылымның және аквашаруашылықты жүргізуге арналған жабдықтардың, аквашаруашылық саласындағы білікті мамандардың біліктілігі, ашылатын жұмыс орындарының санының болуы);

2) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының және Қазақстан Республикасының аквашаруашылық саласындағы заңнамысының талаптарын орындау бойынша міндеттемелер қамтылады.

12-2. Өтінім беруші конкурстық ұсыныста ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген конкурстық ұсыныстар бойынша балдар міндеттемелердің мынадай өлшемшарттары бойынша беріледі:

1) жер учаскесі жалға алынған алғашқы бес жылда 1 гектарға салынатын инвестициялардың болжамды көлемі, мың теңге:

суарылмайтын егістікке:

50-ге дейін – 1 балл;

50-ден 70-ке дейін –2 балл;

70-тен 90-ға дейін – 3 балл;

90-нан 110-ға дейін – 4 балл;

110-нан жоғары – 5 балл;

суарылатын егістікке (суарылатын жерлер):

200-ге дейін – 1 балл;

200-ден 300-ге дейін – 2 балл;

300-ден 400-ге дейін – 3 балл;

400-ден 500-ге дейін – 4 балл;

500-ден жоғары – 5 балл;

жайылымдық және шабындық алқаптарға:

5-ке дейін – 1 балл;

5-тен 10-ға дейін – 2 балл;

10-нан 20-ға дейін – 3 балл;

20-дан 30-ға дейін – 4 балл;

30-дан жоғары – 5 балл;

2) жайылымдық жерлерге – ауыл шаруашылығы жануарлары басының болуы:

50-ден аз ірі қара мал, жылқы, түйе – 5 балл;

50 және одан да көп бас ірі қара мал, жылқы, түйе – 10 балл;

300-ден аз ұсақ мал басы – 5 балл;

300 және одан да көп ұсақ мал басы – 10 балл;

3) меншігінде ауыл шаруашылығы техникасының болуы:

5 бірліктен кем – 5 балл;

5 және одан да көп бірлік – 10 балл;

4) технологиялық жабдықтың болуы:

1 бірлік – 1 балл;

2 және одан да көп бірлік – 3 балл;

5) ауыл шаруашылығы саласында білікті мамандардың болуы:

5 білікті маманнан кем – 5 балл;

5 және одан да көп білікті маман – 10 балл.»;

мынадай мазмұндағы 23-1 және 23-2-тармақтармен толықтырылсын:

«23-1. Осы Қағидалардың 12-1-тармағында көрсетілген конкурстық ұсыныстар бойынша балдар міндеттемелердің мынадай өлшемшарттары бойынша беріледі:

1) 1 гектарға салынатын инвестициялардың болжамды көлемі, мың теңге:

20 000-ға дейін – 5 балл;

20 000-нан 50 000-ға дейін – 10 балл;

50 000-нан 100 000-ға дейін – 15 балл;

100 000-нан жоғары – 20 балл;

2) аквашаруашылық объектісін өсірудің болжамды көлемі, тонна:

50-ге дейін – 3 балл;

50-ден 100-ге дейін – 5 балл;

100-ден 200-ге дейін – 7 балл;

200-ден 500-ге дейін – 10 балл;

500-ден жоғары – 12 балл;

3) балық шаруашылығы немесе аквашаруашылық саласындағы білікті мамандардың болуы:

балық шаруашылығы немесе аквашаруашылық саласындағы мамандығы бойынша білімі туралы дипломы бар әрбір жұмыскер үшін – 3 балл, бірақ 9 балдан аспайды;

4) ашылатын жұмыс орындарының болуы:

әрбір ашылған жұмыс орны үшін – 1 балл, бірақ 10 балдан аспайды.

23-2. Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша 10 балл беру түрінде артықшылық беріледі.

Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша 5 балл беру түрінде артықшылық беріледі.».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

36. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 25 қыркүйектегі № 332 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 152-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз

етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

37. «Жер учаскесін сатып алу-сатудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 15 қазандағы № 375 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 16 қазанда № 37150 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жер учаскесін сатып алу-сатудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19436 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жер учаскесін сатып алу-сатудың үлгілік шартында:

7-тармақта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 570-бабына сәйкес жер салығын уақтылы және толық көлемде төлеуге;».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

38. «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 387 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 23 қазанда № 37202 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 21-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

39. «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалға алудың) үлгі шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 41 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 388 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 23 қазанда № 37204 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалға алудың) үлгі шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 41 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18267 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалға алудың) үлгі шартында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақы Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 622-бабында айтылған мерзімдерде төленбеген жағдайда, Жалға алушы өсімпұл төлейді. Өсімпұл Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 85-бабы және 5- бабының 2) тармақшасына сәйкес бюджетке төленетін төлем мерзімі күнінен кейінгі күннен бастап, бюджетке төлеген күнді қоса алғанда, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындаудың мерзімі өткен әрбір күні үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімі өткен әрбір күнге базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде есептелінеді.»;

12-тармақ алып тасталсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Шарт жасасқан сәттен бастап күшіне енеді, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында міндетті тіркеуге жатады және 20__жылғы «__» бастап 20_жылғы «___» дейін кемінде бір жыл қолданыста болады.».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

40. «Электрондық жер-кадастрлық карталарды жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 295 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 390 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 қазанда № 37220 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Электрондық жер-кадастрлық карталарды жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 295 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29862 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электрондық жер-кадастрлық карталарды жасау жөніндегі нұсқаулықта:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Электрондық жер кадастрлық карталарды жасауды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен жасалған шарт негізінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жүзеге асырады.

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің есептік кварталдарының электрондық жер-кадастрлық карталарын жасау кезінде жоспар-график жасалады, онда әкімшілік-аумақтық бірліктердің есептік кварталдарының қолданыстағы электрондық жер-

кадастрлық карталары және жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктер көрсетіледі.

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекаралары өзгерген кезде жаңадан құрылған есептік кварталға немесе шекаралары өзгертілген есептік кварталға жаңа электрондық жер-кадастрлық карта жасалады.

Электрондық жер-кадастрлық карталарды жаңарту кезеңділігі:

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заң) 3-бабының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген елді мекендерде – 4-6 жыл;

Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заңның 3-бабы 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген елді мекендерде – 7-10 жыл.».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

41. «Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 29 қазандағы № 397 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 қазанда № 37267 болып тіркелді)

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 581-бабының 4 және 5-тармақтарына, сондай-ақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16- бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын

немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 29 қазандағы
№ 397 бұйрығына 1-қосымша

Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 581-бабының 4 және 5-тармақтарына, сондай-ақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың

жергілікті атқарушы органдарының жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;

2) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) –орталық уәкілетті орган ведомствосының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшелері;

3) мемлекеттік кірістер органы (бұдан әрі – салық органы) – өз құзыреті шегінде салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасында кедендік реттеуді, Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның қарауына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік орган.

3. Осы Қағидалардың ережелері Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 581- бабы 4 және 5-тармақтарына сәйкес егер жер пайдалану құқығы үш жылдан аспаса, онда екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымға және оның еншілес компанияларына қолданылмайды.

2-тарау. Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау тәртібі

1-параграф. Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау

4. Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының жер заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау мыналар арқылы жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 14-1-бабы 2- тармағының 19) тармақшасына және 3-тармағының 12) тармақшасына сәйкес объектілер салуға арналған жер учаскелерінің иелерін (жер пайдаланушыларды) есепке алу;

2) объектілер салуға арналған жер учаскелерін игеру, оларды Қазақстан Республикасының жер заңнамасын сақтай отырып тиісті мақсаттарда пайдалану үшін Кодекстің 92-бабында белгіленген мерзімдердің орындалуын мониторингтеу (бұдан әрі – мониторинг).

5. Жер учаскелерін есепке алуды жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган объектілер салуға арналған жер учаскелері туралы ақпаратты жинау арқылы жүзеге асырады және жер учаскелерін пайдалануды талдау мен бақылау үшін дұрыс деректердің берілуін қамтамасыз ете отырып, мониторинг жүргізуге негіз болып табылады.

6. Жүйелі байқаулар, жерүсті түсірілімдері, зерттеп-қараулар, түгендеу нәтижелері, жерлерді пайдалану мен қорғауға қатысты материалдар, мұрағат деректері, жерлерді қашықтықтан зондтау деректері, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтер, жерлерді мониторингтеу үшін ақпарат көздері болып табылады.

7. Мониторингтеуді жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) бастамасы бойынша жүргізілетін жерлерді түгендеу;

2) құрылыс салуға бөлінген жер учаскелерінде салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер туралы мемлекеттік қала құрылысы кадастрынан алынған ақпаратты талдау;

3) «Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 86 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9981 болып тіркелген) сәйкес салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендерді мониторингтеу;

4) Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінен ақпарат алу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

8. Жер учаскелерін есепке алуды және мониторингті жүзеге асыру барысында жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган игеру мерзімі өтіп кеткен не күнтізбелік жылдың тиісті тоқсанының соңына дейін мерзімі аяқталатын объектілер салу үшін берілген жер учаскелері бойынша:

1) мемлекеттік қала құрылысы кадастрынан осындай жер учаскелерінде салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер туралы мәліметтер алу үшін тиісті жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне;

2) осындай жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының жүргізіле бастағаны (құрылыс басталған кезде) туралы хабарламалар, сондай-ақ салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің салыну мерзімін көрсете отырып, оларға мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша мәліметтер алу үшін тиісті жергілікті атқарушы органның мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне;

3) жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесінен жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамалары (кадастрлық нөмірі, нысаналы мақсаты, алаңы, сондай-ақ жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар туралы мәліметтер), сондай-ақ жылжымайтын мүлікке құқықтарды және ауыртпалықтарды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына тиісті сұранымдар жібереді.

9. Мониторинг қорытындылары бойынша:

1) республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күніне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері туралы ақпаратты (бұдан әрі – ақпарат) қалыптастырады және оны электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жоспардан тыс тексеріс жүргізу үшін аумақтық бөлімшеге жолдайды;

2) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы ақпаратты қалыптастырып, оны электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жоспардан тыс тексеріс жүргізу үшін аумақтық бөлімшеге жарты жылда бір рет, тиісті жылдың он бесінші маусымынан және он бесінші қарашасынан кешіктірмей жолдайды.

10. Ақпараттың негізінде аумақтық бөлімше объектілер салу үшін берілген және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының

заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау мақсатында меншік иелерінің (жер пайдаланушылардың) жерлерінің пайдаланылуы және қорғалуы үшін тиісті шаралар қабылдайды.

Объектілер салу үшін берілген жер учаскелерінің тиісті мақсаттарда пайдаланылмау немесе Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұза отырып пайдалану фактілері расталған жағдайда, мұндай жер учаскесінің меншік иесіне (жер пайдаланушыға) бұзушылықтарды жою туралы нұсқама тапсырылады.

11. Аумақтық бөлімше тиісті шаралар қабылдау нәтижелері бойынша жыл сайын, есепті жылдан кейінгі екінші айдың он бесінші күнінен кешіктірілмейтін мерзімде объектілер салуға арналған, тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша салық органына – нұсқама берілген жер учаскелері, меншік иелері (жер пайдаланушылар) бойынша ақпарат жолдайды.

2-параграф. Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін анықтау

12. Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін анықтау мыналар арқылы жүргізіледі:

1) Кодекстің 14-1-бабының 2-тармағының 19) тармақшасына және 3-тармағының 12) тармақшасына сәйкес шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерінің иелерін (жер пайдаланушыларды) есепке алу;

2) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін пайдалану мониторингі;

3) Жерді қашықтықтан зондтау деректерін пайдалану.

13. Жер учаскелерін есепке алуды жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері туралы ақпаратты жинау арқылы жүзеге асырады және жер учаскелерін пайдалануды талдау мен бақылау үшін дұрыс деректердің берілуін қамтамасыз ете отырып, мониторинг жүргізуге негіз болып табылады.

14. Жүйелі байқаулар, жерүсті түсірілімдері, зерттеп-қараулар, түгендеу

нәтижелері, жерлерді пайдалану мен қорғауға қатысты материалдар, мұрағат деректері, жерлерді қашықтықтан зондтау деректері, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтер, жерлерді мониторингтеу үшін ақпарат көздері болып табылады.

15. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін пайдалану мониторингін ұйымдастыру және жүргізу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 252 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18997 болып тіркелген) бекітілген Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру және жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын
немесе ҚР заңнамасы бұзыла отырып
пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау
қағидаларына қосымша

Нысан
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері туралы ақпарат

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: № 1- ОСАЖУА

Кезеңділігі: тоқсан сайын/ жарты жылды бір рет

Есептік кезең: 20___ жылғы ____ тоқсан/ 20___ жылғы 15 маусымнан кешіктірмей және 20___ жылғы 15 қарашасынан кешіктірмей

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

республикалық маңызы бар қала мен астананың жер қатынастары саласындағы уәкілетті орган үшін – тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін;

ауданның және облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары саласындағы уәкілетті орган үшін – жарты жылда бір рет, тиісті жылдың 15 маусымынан және 15 қарашасынан кешіктірмей.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Атауы _____

Мекенжайы_____

Телефоны_____

Электрондық почтасының мекенжайы_____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

_____ (электрондық цифрлық қолтаңбасы)

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Ескерту: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған «Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері туралы ақпарат» нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға
арналған Объектілер салуға арналған
және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын
немесе Қазақстан Республикасының
заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын
жер учаскелері туралы ақпарат» нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған «Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері туралы ақпарат» нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

(индексі: № 1- ОСАЖУА нысаны, кезеңділігі: тоқсан сайын/ жарты жылда бір рет)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған «Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе

Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері туралы ақпарат» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган толтырады.

3. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне:

республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы – тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін;

ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы – жарты жылда бір рет, тиісті жылдың 15 маусымынан және 15 қарашасынан кешіктірмей ұсынады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның (жер учаскесінің меншік иесі, жер пайдаланушысы) аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында жер учаскесі меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында жер учаскесінің кадастрлық нөмірі мен орналасқан жері көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында жер учаскесінің нысаналы мақсаты көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында жер учаскесінің жалпы ауданы гектармен көрсетіледі.

12. Нысанның 7-бағанында жер учаскесіне құқық белгілейтін құжатқа сәйкес игеру шарттары мен мерзімдері көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бағанында сәулет-жоспарлау тапсырмасының болуы/болмауы көрсетіледі.

14. Нысанның 9-бағанында объекті салуға техникалық шарттардың болуы/болмауы көрсетіледі.

15. Нысанның 10-бағанында объектіні салу жобасының болуы/болмауы

көрсетіледі.

16. Нысанның 11-бағанында құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның болуы/болмауы көрсетіледі.

17. Нысанның 12-бағанында салынуы белгіленген және салынып жатқан объектілер мен кешендерді мониторингтеу нәтижелері бойынша объект пен кешеннің жай-күйі туралы ақпарат көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 29 қазандағы
№ 397 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16949 болып тіркелген).

2. «Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 80 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20100 болып тіркелген).

3. «Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 143 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22658 болып тіркелген).

4. «Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 395 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26426 болып тіркелген).

5. «Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 19 мамырдағы № 188 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32539 болып тіркелген).

6. «Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 5 наурыздағы № 86 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34126 болып тіркелген).

42. «Жер учаскесіне құқықтар тиесілі болмайтын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне құқықтарды қайта ресімдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 14 қарашадағы № 427 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 қарашада № 37424 болып тіркелді)

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жер учаскесіне құқықтар тиесілі болмайтын жер

учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне құқықтарды қайта ресімдеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Ауыл шаруашылығы
министрінің м.а.
2025 жылғы 14 қарашадағы
№ 427 бұйрығымен бекітілген

Жер учаскесіне құқықтар тиесілі болмайтын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне құқықтарды қайта ресімдеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жер учаскесіне құқықтар тиесілі болмайтын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне құқықтарды қайта ресімдеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 66-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және жер учаскесіне құқықтар тиесілі болмайтын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне құқықтарды қайта ресімдеу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Жер учаскесіне құқықтар тиесілі болмайтын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеу тәртібі

2. Жер учаскесіне құқықтар тиесілі болмайтын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық

маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) жүзеге асырады.

3. Кодекске сәйкес жер учаскесіне құқықтар тиесілі болмайтын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар (бұдан әрі – меншік иелері мен жер пайдаланушылар) жер учаскесінің орналасқан жері бойынша ЖАО-ға Қағидаларға қосымшаға сәйкес жер учаскесіне құқықты қайта ресімдеу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

4. Өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары;

2) Кодекстің 23-бабының 4-тармағына сәйкес растайтын құжаттар.

5. ЖАО өтініш тіркелген сәттен бастап Қағидалардың 4-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын он жұмыс күні ішінде тексеруді жүзеге асырады.

6. Жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толық еместігінің және (немесе) дұрыс еместігінің анықталуы жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеуден бас тартуға негіз болып табылады.

7. Қағидалардың 6-тармағында көзделген жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер болған кезде, ЖАО жер учаскесінің меншік иесін және жер пайдаланушыны жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ жер учаскесінің меншік иесі мен жер пайдаланушыға алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіруге мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін тыңдау туралы хабарлама өтінішті қарау мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдауды ЖАО хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

8. Тыңдау нәтижелері бойынша ЖАО жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеу туралы шешім қабылдайды не жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеуден уәжді бас тартуды ұсынады.

9. Жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеуден бас тартуға негіздер болмаған

кезде, жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалға алудың) үлгі шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 41 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18267 болып тіркелген) немесе «Жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 353 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19437 болып тіркелген) (бұдан әрі – шарттар) сәйкес жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартын жасасу туралы хабарлама жіберіледі.

10. Шарт жасасу туралы хабарламаны ЖАО табысталғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде телефонограммамен хабарлау арқылы, өтініште көрсетілген ұялы байланыс немесе электрондық почта каналдары бойынша қысқаша мәтіндік хабарламалар арқылы жібереді.

11. ЖАО жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартын жасасу туралы хабарлама жіберілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 9- тармағына сәйкес тиісті шартты дайындайды.

12. Жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы шартқа қол қою туралы хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шартқа қол қою үшін ЖАО-ға жүгінеді.

Белгіленген мерзімде шартқа қол қойылмаған жағдайда, ЖАО Қағидалардың 10- тармағында көзделген тәртіппен жер учаскесінің меншік иесін немесе жер пайдаланушыны хабардар ете отырып, өтінішті қарауды тоқтатады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген жағдай жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жер учаскесіне құқықты қайта ресімдеу бойынша қайта жүгінуіне кедергі келтірмейді.

13. Жер учаскесіне құқық «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 27 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20610 тіркелген) бекітілген

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында белгіленген тәртіппен шарт тіркелген сәттен бастап туындайды.

14. ЖАО-ның шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану ҚР ӘРПК-ның 91-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

43. «Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 90/НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 26 наурыздағы № 124/НҚ бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 27 наурызда № 35862 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 90/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32073 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларда:

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Геодезиялық пункттерді қорғау тәртібі»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Геодезиялық пункттерді қайта салу (орнын ауыстыру) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 222/НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық желілерінің пункттері мен белгілерін салу, зерттеп-қарау және қалпына келтіру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.»;

7-8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Аумағында геодезиялық пункттер орналасқан жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылары (бұдан әрі – меншік иелері мен жер

пайдаланушылары) геодезиялық пункттердің бүліну немесе жойылу жағдайлары туралы уәкілетті органға және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдарына хабарлайды.

Геодезиялық пункттердің бүлінуі немесе жойылуы анықталған сәттен бастап меншік иелері мен жер пайдаланушылары он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдарына жазбаша хабарлама жібереді.

8. Меншік иелері мен жер пайдаланушылары геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу кезінде геодезиялық пункттерге көлікпен (жаяу) кіруге мүмкіндік береді.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Геодезиялық пункттерді бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) (бұдан әрі – рұқсат) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) рұқсатымен ғана жүргізіледі.

Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) рұқсат беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері өтініш тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде, көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қолы қойылған геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) болатындығы немесе болмайтындығы туралы сұрауды, зерттеу жүргізу үшін топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізуді жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты кәсіпорынға (бұдан әрі – ведомстволық бағынысты кәсіпорын) дайындайды және жолдайды.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері оң қорытынды алған жағдайда, бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті

беруші уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қолы қойылған электрондық құжат нысанында ағымдағы жылдың соңына дейінгі мерзіммен геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) рұқсатты береді.

Теріс қорытынды алған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту жөніндегі алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымды білдіру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші электрондық құжат нысаны бойынша рұқсат береді не осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес рұқсатты беруден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындап, көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған рұқсатты не дәлелді бас тартуды жібереді.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5- тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.»;

2-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын: «

2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)

»;

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

5	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған

»;

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын: «

9	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының келісімі мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге электрондық құжат нысанындағы геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) өтініш

»;

44. «Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 130/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан

Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 229/НҚ бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 19 мамырда № 36123 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 130/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32233 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

«Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 12) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 217) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН**:**»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Таратылуы шектелген қызметтік ақпарат қорының мәліметтерін геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның рұқсатымен беріледі.

Таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың мәліметтерін мемлекеттік органдарға, заңды және жеке тұлғаларға беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.»;

11, 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жоспарланып отырған жұмыс учаскелерінде жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық жағынан зерделенгендігі туралы тиісті мәліметтерді беру

мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған.

Қордың мәліметтерін ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтердің бағасы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес есептеледі.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар):

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) мыналарды:

1) таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алу үшін:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алуға арналған қағаз нысандағы өтініш;

көрсетілетін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжатын (түбіртек);

2) ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алу үшін www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы:

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алуға арналған электронды құжат нысанындағы өтініш;

мемлекеттік көрсетілетін қызметке ақы төленгені туралы төлем құжатын (түбіртек) жібереді.»;

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алу үшін жұмыстардың көлемін айқындайды және көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері бір жұмыс күні ішінде қарауында жоспарланған жұмыстар учаскелеріндегі жергілікті жердің геодезиялық және картографиялық зерделенуі туралы көрсетілген мәліметтер (бұдан әрі – мәліметтер) бар мемлекеттік органға таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың мәліметтерін беруге сауал дайындайды және жібереді.

Қарауында көрсетілген мәліметтер бар мемлекеттік орган сұрау салу келіп

түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың мәліметтерін беру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы оң не теріс жауап жібереді.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген мерзімдерге төлем құжатын ұсынғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері сегіз жұмыс күні ішінде мәліметтерді жинақтауға, жасауға кіріседі және қорытындысы бойынша:

таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алуға жүгінген кезде таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың мәліметтері;

ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алуға жүгінген кезде ашық пайдаланылатын мәліметтерді қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға сұратылған мәліметтердің дайындығы және алу орны туралы хабарлама жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде, мәліметтердің дайындығы және алу орны туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушыға дайын мәліметтерді беру жеке куәлігін не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты және (немесе) өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсыну бойынша көрсетілетін қызметті беруші Қор арқылы жүзеге асырады.»;

2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұлттық кеңістіктік деректер
қорының мәліметтерін
қалыптастыру, жинау, сақтау,
пайдалану және беру
қағидаларына 6-қосымша
Нысан
ҚР Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі «Ұлттық геодезия
және кеңістіктік ақпарат орталығы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының бас директоры
(аты, әкесінің аты (бар болса)
тегі) _____
жеке тұлғаның аты, әкесінің аты
(бар болса) немесе заңды тұлғаның
толық атауы _____»;

7-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

45. «Салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 7 наурыздағы № 82/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 18 шілдедегі № 372/НҚ бұйрығы.

46. «Бюджет қаражаты есебінен жасалатын картографиялық өнімдерді жаңартып отыру кезеңділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 67/НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2025 жылғы 20 қазандағы № 520/НҚ бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 21 қазанда № 37185 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Бюджет қаражаты есебінен жасалатын картографиялық өнімдерді жаңартып отыру кезеңділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 67/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32009 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен жасалатын картографиялық өнімдерді жаңартып отыру кезеңділігі жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Геодезия және картография департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму министрі
2025 жылғы 20 қазандағы
№ 520/НҚ Бұйрыққа
қосымша
ҚР Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің
2023 жылғы 28 ақпандағы
№ 67/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Бюджет қаражаты есебінен жасалатын картографиялық өнімді жаңартып отыру кезеңділігі

Аумақтар	Жаңарту кезеңдері, жыл			
	масштабтардың мемлекеттік топографиялық жоспарлары: 1:2 000 1:5 000	масштабтардың мемлекеттік топографиялық карталары: 1:10 000 1:25 000 1:50 000 1:100 000 1:200 000 1:500 000 1:1 000 000	*масштабтардың теңіз навигациялық карталары: 1:10 000 1:25 000 1:50 000 1:100 000 1:200 000 1:750 000	***масштабтардың ауыл шаруашылығы карталары: 1:10 000 1:25 000 1:50 000
Жерлері елеулі өзгерген аумақтар және елді мекендер (республикалық және облыстық маңызы бар қалалар) және олардың перспективалы дамуына және құрылыстар салуға арналған аумақтар, өнеркәсіптік объектілер, пайдалы қазбалар өндіру орындары	4–6 жыл	6–10 жыл		
Жерлері неғұрлым аз өзгерген аумақтар және елді мекендер (шағын қалалар, моноқалалар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар) және олардың перспективалы дамуына және құрылыстар салуға арналған аумақтар, өнеркәсіптік объектілер, пайдалы қазбалар өндіру орындары	7–10 жыл	10–15 жыл		
Каспий теңізіндегі қазақстандық сектордың су акваториясы және оған іргелес құрлық жері			15 жыл	
Қарқынды егіншілік аумақтары				5 жыл
Егіншілігі дамыған аумақтар				7 жыл
Шөлейт аумақтар				10 жыл
Шөл аумақтар				15 жыл
Өзге аумақтар		20 жылға дейін		

Ескертпе:

Қажет болған жағдайда картографиялық өнімдерді жаңартып отыру кезеңі Қазақстан Республикасының экономикалық қажеттілігіне, жекелеген аумақтарды кешенді дамыту, ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс қабілетін нығайту және жергілікті жердің өзгеру дәрежесіне қарай қысқарады не ұлғаяды.

* Теңіз навигациялық карталарын қазіргі уақыт деңгейінде ұстау және оларды жарамды жағдай күйіне келтіру мақсатында оларды жаңартып отыру мерзімі мынадай жағдайларда қысқартылады:

1) теңізде жүзу қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер ететін және картографиялау ауданындағы навигациялық жағдайды өзгертетін қазіргі замандағы және шынайы жаңартулар (гидрографиялық жұмыстардың нұсқаулығына сәйкес өткізілген қорытынды бойынша өзгерістер мен түзетулер) бар кезінде;

2) тұрақты және шынайы сипаты бар координаттарымен 75 және одан жоғары жаңартулар (корректуралық өзгерістер) бар кезінде;

3) **Картаның геодезиялық негізін өзгертуге байланысты түзетулер енгізу қажеттілігі;

4) көлемі үш жапсырманы арттыратын картаның көлемінде түзетулер енгізу қажеттілігі кезінде (әрқайсысы 15×25 сантиметр көлемімен);

5) өткен тираждарды шығындау және оларды толықтыру қажеттілігі кезінде.

**Картаның геодезиялық негізі – картаны жасау үшін қажетті геодезиялық мәліметтер жиынтығы. Оларға белгілі бір координаттар жүйесі және осы жүйеде анықталған тірек нүктелерінің координаттары жатады. Геодезиялық негіз Жердің физикалық бетінен шартты математикалық бетке (эллипсоид беті) өтуді анықтайды және картада бейнеленген географиялық объектілердің сәйкесінше олардың ендігі, бойлығы мен биіктігі бойынша дұрыс орналасуын қамтамасыз етеді. Геодезиялық негізге жер бетінде немесе шартты математикалық бетінде (эллипсоид бетінде) координаттардың көмегімен анықталған нүктелер жер бетінде бекітілген тірек пункттері жатады.

***Ауыл шаруашылығы карталарын жаңарту кезеңдері келесі жағдайларда:

1) мемлекеттік шекараның өтуі, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың шекаралары (шектері), облыс шекаралары, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шекаралары (шектері), аудандар шекаралары, ауылдық округтер шекаралары, қалалар, кенттер, ауылдық елді мекендер шекаралары (шектері), ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шекаралары өзгергенде;

2) ауыл шаруашылығы картасында бейнеленген нысандар мен контурлардың 75 пайызы және одан да көбі жаңартылып өзгергенде қысқартылады.

47. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 31 шілдедегі № 190-НҚ бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 тамызда № 36558 болып тіркелді)

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2- тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Жерасты сулары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Су ресурстары және ирригация
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 31 шілдедегі
№ 190-НҚ бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізуге арналған заттай нормаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 мамырдағы № 19-5/477 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11525 болып тіркелген).

2. «Қазақстан Республикасында суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингін және оны бағалауды және ауыл шаруашылығы мақсатындағы

жерлердің мелиорациялық жай-күйі туралы ақпараттық деректер банкін мемлекеттік жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14227 болып тіркелген).

3. «Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау кезіндегі пайдалану шығындарына арналған материалдар шығыстарының заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 14 қарашадағы № 476 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14535 болып тіркелген).

4. «Суармалы жерлердің мониторингі мен мелиоративтік жай-күйіне бағалауды жүргізу барысындағы химиялық реактивтер, зертханалық ыдыс және далалық жабдық тиістілігінің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 513 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16243 болып тіркелген).

5. «Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік мекеме көрсететін ақылы қызмет түрлеріне арналған тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 39 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19997 болып тіркелген).

6. «Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 19 ақпандағы № 60 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20057 болып тіркелген).

7. «ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 18 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22102 болып тіркелген).

8. «Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін

көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 19 ақпандағы № 60 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 5 қыркүйектегі № 280 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29448 болып тіркелген).

48. «Орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 18-02/45 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2025 жылғы 11 тамыздағы № 218 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 12 тамызда № 36605 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 18-02/45 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10481 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережесінің 15-тармағының 205) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Экология

және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері» 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 205) тармақшасына сәйкес әзірленді және орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру тәртібін айқындайды.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды орналастырудың ықтимал басқа нұсқалары болмаған кезде осындай құрылысжайларды салуға және олардың жұмыс істеуіне байланысты ғана жол беріледі.».

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

10. Жер ресурстарын басқаруды жетілдірудің мәселелері мен негізгі бағыттары

Жер ресурстарын басқару саласында 2025 жылғы жағдай бойынша Мемлекеттік басқару тетіктерін одан әрі жетілдіруді және цифрлық инфрақұрылымды дамытуды талап ететін ұйымдастырушылық, ақпараттық және нормативтік-құқықтық сипаттағы бірқатар жүйелік проблемалар сақталуда.

Жергілікті атқарушы органдардың ЖМБМК АЖ мәліметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету

Негізгі мәселелердің бірі жергілікті атқарушы органдардың жер учаскелерін беру, аумақтарды жоспарлау және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жөніндегі өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін жер кадастры бөлігінде қамтылған жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының (ЖМБМК АЖ) ақпараттық жүйесінің мәліметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл ретте іс жүзінде ЖМБМК АЖ-не қолжетімділік біртекті емес және бірыңғай емес болып қалады, бұл өзекті кадастрлық деректерді алудың жеделдігін және оларды жергілікті деңгейде басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде тиімді пайдалануды шектейді.

Сонымен бірге, ЖМБМК АЖ мәліметтеріне қол жеткізу мемлекеттік кеңістіктік деректерді пайдалану мен олардың тұтастығын, сенімділігі мен қорғалуын сақтау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуі керек екенін ескеру қажет. Осыған байланысты біз деректерді өзгерту немесе енгізу бойынша өкілеттіктер беру туралы емес, мемлекеттік функцияларды орындау үшін қажетті ақпаратқа шектеулі қол жетімділік туралы айтып отырмыз.

Баяндалғанды ескере отырып, жер ресурстарын мемлекеттік басқару жүйесінде кадастрлық деректерді пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың ЖМБМК АЖ мәліметтеріне бірыңғай қолжетімділігін қамтамасыз етуге жүйелі тәсілді әзірлеу қажеттілігі сақталады.

Ауыл шаруашылығы карталарын цифрландыруды аяқтау және жер берудің электрондық тетіктеріне көшу

2025 жылы QazTRF-23 координаттар жүйесін пайдалана отырып Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді цифрлық карталармен толық 100% қамтамасыз етілді.

Осы бағытты іске асыру ауыл шаруашылығы жерлерін цифрландыруды аяқтауды көздейтін «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы № 542 Жарлығын орындау үшін жүзеге асырылды.

Цифрлық ауыл шаруашылығы карталары ауыл шаруашылығы алқаптарының орналасқан жері, ауданы, сапалық жағдайы және нақты пайдаланылуы туралы мәліметтерді қамтитын кеңістіктік негізді қалыптастырады. Олар жер кадастрын жүргізу, жер мониторингі, жер балансын қалыптастыру және жер ресурстарын басқарудың өзге де рәсімдерінде пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 қазандағы № 1042 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 29-тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы жерлерін электронды конкурстар негізінде берудің цифрлық форматына көшу міндеті қойылды..

Осыған байланысты, цифрлық ауыл шаруашылығы карталарын қалыптастыруды аяқтау келесі реформалаудың кезеңіне – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді берудің автоматтандырылған және ашық рәсімдерін енгізуге және тиісті нормативтік базаны дамытуға негіз жасайды.

Елді мекендердің шекараларын белгілеу мен өзгертудің нормативтік мәселелері

Елді мекендердің шекараларын белгілеу және өзгерту мәселелерін құқықтық реттеуі аумақтық жоспарлау құжаттарына сәйкес келмеуі сақталуда.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңында елді мекендер шекараларының бекітілген бас жоспарларына және дамытудың және құрылыс салу схемаларына сәйкестігі туралы тікелей талап қамтылмаған, ал жер және қала құрылысы заңнамасының нормалары шекараларды айқындау кезінде қала құрылысы құжаттамасын есепке алу қажеттілігін көздейді.

Аталған келіспеушілік ЖМБМК АЖ, қала құрылысы кадастры және әкімшілік-аумақтық бірліктердің кезекші карталарының деректері арасындағы алшақтыққа алып келеді, бұл жекелеген жағдайларда мемлекеттік қызметтер

көрсетуді және қала құрылысы шешімдерін іске асыруды қиындатады.

2025 жылы Ұлттық кеңістіктік деректердің инфрақұрылымы дамытуды және QazTRF-23 бірыңғай координаттар жүйесіне көшуді қоса алғанда, мемлекеттік кеңістіктік деректерді цифрландыру саласындағы тапсырмаларды іске асыру шеңберінде осы алшақтықтарды жою жөніндегі жұмыс басталды. Бұл жұмыс уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен ведомствоаралық форматта жүзеге асырылады.

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекаралары бойынша эталондық дерекқор Ұлттық кеңістіктік деректердің инфрақұрылымы болып табылады, онда геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы заңнамаға сәйкес тиісті мәліметтерді орталықтандырылған және өзектендірілетін сақтау қамтамасыз етіледі.

Осыған байланысты елді мекендердің шекараларын белгілеу және өзгерту жөніндегі шешімдердің аумақтық жоспарлау құжаттарымен келісілуін қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік реттеуді одан әрі жетілдіру талап етіледі.

Баяндалғанды ескере отырып жер ресурстарын басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттары:

- қол жеткізу құқықтары мен ақпараттық қауіпсіздік талаптарының аражігін ажыратуды ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың ЖМБМК АЖ мәліметтеріне бірыңғай қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- кадастрлық, қала құрылысы және салалық ақпараттық жүйелердің интеграциясын дамыту;

- ауыл шаруашылығы жерлерін беруді цифрлық тетіктеріне көшуіне қамтамасыз ету және тиісті нормативтік базаны жетілдіру;

- елді мекендердің шекараларын белгілеу және өзгерту мәселелеріндегі нормативтік қайшылықтарды жою;

- әкімшілік-аумақтық құрылым саласындағы шешімдердің аумақтық жоспарлау құжаттарымен келісілуін арттыру.

Аталған шараларды іске асыру жер ресурстарын мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге және саланы одан әрі цифрлық трансформациялау үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.